

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ НЕГІЗДЕРІ

8-СЫНЫП

Қайта өңделген және толықтырылған 5-басылуы

*Ұлттық идея және идеология
ғылыми-практикалық орталығы
баспаға ұсынған*

ТАШКЕНТ «МА’НАВИЯТ» 2015

УЎК 32.019.5(075) = 811.512.122
КБК 66.3(5У)я721+74.200.50я721
Ў 99

**Р. ҚОШҚАРОВ, С. НЫШАНОВА,
О. МҮСЫРМАНОВА, М. ҚАРШЫБАЕВ**

Жалпы орта білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған бұл оқулық Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch», «O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітаптары негізінде қайта өңделген. Онда ұлттық тәуелсіздік идеясы мен руханият негіздерін құрайтын негізгі білімдер мен ұғымдар заманалық әдістемелік тәсілдер мен талаптар негізінде баяндалған.

УЎК 32.019.5(075) = 811.512.122
КБК 66.3(5У)я721+74.200.50я721

П и к і р ж а з ғ а н д а р :

А. Холбеков, социология ғылымдарының докторы;
С. Олимов, филология ғылымдарының кандидаты.

Ў 99 Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері: 8-сынып / Р. Қошқаров [және басқ.] — Қайта өңделген және толықтырылған 5-басылуы. —Т.: «Ma'naviyat», 2015. — 128 б.
І. Р. Қошқаров [және басқ.]

ISBN 978-9943-04-152-3

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— есте сақта



— шығармашылық тұрғыдан ойла



— біліп ал



— сұрақтар мен тапсырмалар



— кілт сөз



— мұқият оқы

**Республикалық мақсатты кітап қорының
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-04-152-3

© Р. Қошқаров және басқ., 2015
© «Ma'naviyat», 2015



ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – ІЗГІ АРМАН-ҰМТЫЛЫСТАР БЕЙНЕСІ

ЖАСАМПАЗ ХАЛЫҚ

Қымбатты оқушы, Жер жүзіндегі әрбір халық өз тарихын, бүгінгі және келешек өмірін өзі жасайды. Сондықтан да оларды жасампаз күш деп атаймыз.



Бұл дүние жасампаздықпен абат әрі көрікті.

Егер жасампаздық және оның негізінде қалыптасқан құндылықтар мен дәстүрлер болмаса, бұл дүние қандай нашар күйге түскен болар еді: қалалар мен ауыл-қыстақтарды гүлдендіру, бау-бақшалар өсіру, жерден тамаша өнімдер өндіру орнына, оларды талан-таражға салу, бүліншілік, жермен-жексен етіп қирату секілді хайуандық сезімдер өріс алып кететін еді. Адамның бұл дүниеде еркін өмір сүруіне, жанұя құрып, бала өсіруіне, ізгі арман-тілектерін жүзеге асыруына мүмкіндік те қалмайтын. Ал бұндай өмірді әлемдегі бірде-бір халық қаламайды.



«Жасампаздық» сөзі жарату, орнату, жоқтан бар жасау деген мағыналарды білдіреді.

Сен еш ойлап көрдің бе, әлем алдымен кімді таниды? Бұл сұраққа Президент Ислам Каримовтың төмендегі сөздері жауап бола алады:



«Әлем жұртшылығы өзінің еңбегімен, ақыл-зейінімен және әлеуетімен өзін-өзі бағатын, өзін қорғауға, келешегін өз қолымен құруға қабілетті халықты таниды»¹.

Шынтуайтқа келгенде, әлем жұртшылығы біздің көне қалаларымызды үлкен қызығумен, толғаныспен тамашалайды, ұлы ата-бабаларымыздың ақыл-зейіні мен шеберлігіне таңғалып, бас иеді. Бүгінгі таңда елімізде түрлі салаларда жүзеге асырылып жатқан кең көлемді реформаларды, замандас-

¹ **Ислам Каримов.** Vatan va xalq mangu qoladi. –Т.: Ўзбекстан Ұлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 15-бет.



тарымыздың өндірістегі, мәдениеттегі, өнер мен спорттағы елеулі жетістіктерін де әлем жұртшылығы мойындап отыр. Бұлардың барлығы да — үлкен жасампаздық мақсаттармен өмір сүріп жатқан халықты әлемдік қауымдастықтың заңды түрде бағалап, құрметтейтіндігінің дәлелі.

Жасампаздық сезімі бар болса, Жер бетінде даму, алға басу да болады. Бүкіл адамзат мақ-

танышпен өмір сүретін Самарканд, Рим, Бұхара, Париж, Вена, Венеция, Дели, Берлин және Мадрид секілді ежелгі қалалар, Ұлы Қытай қорғаны, Регистан, Египет пирамидалары, Тадж-махал, Эйфель мұнарасы тақылеттес сәулеткерлік кереметтері нақ осы жасампаздықтың арқасында дүниеге келген.

Біз бұндай жасампаздықтың жемістеріне дерлік күн сайын, сағат сайын, минут сайын куә боламыз, таңертең жұмысқа немесе оқуға бара жатқанда құрылысшылардың қажырлы еңбегімен салынған, сыпырушылар мен қызметкерлердің мандай терімен сыпырылып, айнадай жалтыраған даңғыл көшелерден, саялы салқын бақтардан өтеміз. Адамдар риза болсын деп қолдарынан бал тамған шеберлер мен сәулеткерлер жасаған ғажайып субұрқақтар жанындағы бағбандар қолымен егіліп, күтім жасалған ағаштардың көлеңкесінде отырып, тынығамыз. Немесе ғалымдар жазған туындыларды оқып, білім аламыз, өнер шеберлерінің қолынан шыққан кинофильмдерді, сахна шығармаларын, мультфильмдерді көріп, мазмұнды әңгімелерді тыңдап, ой-пікіріміз, танымтүйсігіміз кеңейеді, сезімдеріміз тәрбиеленеді. Дастарқан үстіндегі нанымыз, жейтін тамағымыз да адал еңбектің өнімі — шынайы жасампаздықтың нәтижесі болып табылады.



Бір сөзбен айтқанда, адамның өмірі де, қоғамның дамып, алға басуы да жасампаздық әрекетке негізделген.

Сен сүйікті мектебіңе қайта оралып, жаңа оқу жылын бастаған қазіргі күндерде елімізде Тәуелсіздік мейрамы мерекеленіп жатыр. Жыл сайын Тәуелсіздік күні қарсаңында

халқымыздың жасампаздық қасиеттері бұрынғыдан да жарқын көрінеді, елімізде жаңа-жаңа құрылыстар іске қосылады, мектептер, лицейлер мен колледждер, жоғары оқу орындары, әкімшілік және мәдени орындар, жолдар қайта жөнделіп, ретке келтіріледі. Жасампаздықтың бұндай үлгілерін өзің оқитын мектебіңнен, жасайтын махаллаңнан, ауылыңнан немесе қалаңнан да көруіне болады.

Халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күндерден бастап-ақ әрбір адам шын мәнінде еркін, ауқатты өмір сүретін жаңа мемлекет, жаңа қоғам орнату міндетін алға қойды. Бұндай мемлекет пен қоғамның аты құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтық қоғам деп аталады.



Құқықтық демократиялық мемлекет — заңдарға сүйеніп отырып дамитын, халықтың ерік-қалауы басты орын иелейтін мемлекет дегені. Ал азаматтық қоғам — мемлекетті басқару ісіне азаматтар және олар құрған азаматтық ұйымдар белсене қатысып, шешуші орын иелейтін қоғам болып табылады.



«Демократия — ең алдымен, рухани өлшемдер негізінде басқарылатын, күшті құқықтық мемлекет, күшті азаматтық қоғам деген сөз. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды демократияның өзара тығыз байланысты қос сипаты, қос қанаты деуге болады»¹.

Елбасымыздың осы пікірлері жөнінде бір ойланып көрейікші. Демократия рухани өлшемдер, яғни адамның ақылақ-әдебі, ақыл-зейіні, салауатты көзқарасы, пікірлеу қабілеті сынды маңызды факторлар негізінде басқарылатын қоғамның негізгі белгісі десек, біз қаншалықты көбірек оқысақ, заманалық кәсіп пен өнерді, ұлттық және жалпыадамилық құндылықтарды қаншалықты терең игерсек, бұл қоғамды басқаруға соншалықты белсенді қатыса аламыз. Осындай адамдардың қатары көбейген сайын біз орнатып жатқан құқықтық демократиялық қоғам да күшейе түседі. Ал бұндай күшті мемлекет күшті азаматтық қоғамға өтуге негіз бола алады.

Сен мынаны ұғып ал, әлемдегі әрбір адамның бойында еңбек ету үшін күш-қайрат, бірер мамандыққа яки кәсіпке

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 108-бет.

бейімділік, қабілет пен дарын болады. Әрине, бұндай ерекшеліктерді жарыққа шығару үшін ең алдымен адамның өзі ұмтылуға, өзі әрекет жасауға тиіс. Сонымен қатар мемлекет пен қоғам да бұл мәселе бойынша қолайлы шарт-жағдайлар туғызып беруге міндетті. Мемлекет пен қоғам сол үшін қажет. Олай болмаса, адамның күш-қайраты да, қабілеті мен дарыны да өз уақытында пайдаланылмағандықтан нашарлап, сөніп кетеді. Сол себепті елімізде жана қоғам орнату ісінде, ең алдымен, адам негізгі жасампаз күш ретінде ұлықталып отыр. Халқымыздың, әсіресе жастардың күш-қайратын, қабілеті мен дарынын жасампаздық жолына жұмылдыруға, бұл үшін оларға заманалық талаптарға сай тәлім-тәрбие беруге, озық кәсіп пен өнер үйретуге, оларды денсаулығы мықты әрі рухани кемелденген адамдар етіп өсіруге айрықша маңыз берілуде.



Салауаттылық пен кемелдікті жасампаздық сезімсіз елестетуге болмайды.

Жасампаздық — ұлы қасиет, ол күн сайын, сағат сайын, минут сайын ізгі істер жасау, әлде нені жарату, әлде қандай жаңалықты ашу, қолды жұмысқа, миды ойлауға, жан дүниенді адамгершілік мұраттарға ұдайы үйретіп отыру қасиеті болып табылады. Бұндай қасиет иесінің жұмыстары ешқашан шала-шұрпы болмайды. Ол бастаған ісін міндетті түрде аяқтайды.

Халқымыз сонау атам замандардан-ақ осындай жасампаздық қасиетімен үй-жайын, ауылы мен елін абаттандырып келген. Сол жасампаздығы арқасында ешкімге кіріптар болмаған. Өзгелердің алдында еңсесі биік, мақтанышы жоғары болған.



Халқымыздың қажырлы еңбегімен ерте заманда немесе бүгінгі таңда салынған әсем сәулеткерлік ескерткіштер, абат қалалар мен ауыл-қыстақтар, зауыттар мен фабрикалар, даңғыл жолдар мен көпірлер, бау-бақшалар материалдық жасампаздық үлгілері болып саналады. Өмірде рухани жасампаздық үлгілері де бар. Кез келген халықтың қолымен ғасырлар барысында жаратылған, неше ықылым замандар сынағынан тоқтаусыз өтіп, уақыт өткен сайын әрленіп, нәрлене беретін сезімдер мен ұғымдар, құндылықтар мен дәстүрлер сол рухани жасампаздықтың үлгілері болып табылады.

Біз ірі қалалардағы көне және заманалық ғимараттарды көргенде, олардың сұлулығына тәнті болғанда, халқымыздың материалдық жасампаздық әлеуетінің қаншалықты жоғары екендігін мойындаймыз, жүрегімізді қуаныш пен мақтаныш сезімі кернейді. Сонымен қатар бұл құрылыстардың жобасы мен сызбасын дайындаған, қандай материалдардан құру керектігін алдын-ала белгілеп берген шеберлер мен сәулеткерлердің, құрылыс инженерлерінің рухани әлеуетіне таң қаламыз. Егер сондай адамдар болмағанда, бұндай көрікті де сәулетті ғимараттардың дүниеге келмейтінін сезінеміз.

Қорыта айтатын болсақ, жасампаз халық өзінің жаратушылық құдіретін еңбегімен, кәсіптік шеберлігімен, ақыл-зейінімен танытып, әлемдік тарихта өшпес ізін қалдырады. Ал бұл — ең үлкен бақыт.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қандай адамды жасампаз деп атауға болады?
2. Жалқау, еріншек адамдарды жасампаз деуге бола ма?
3. Сен бос кезінде немен шұғылданасың?
4. Ата-анана үй жұмыстарын орындауға жәрдем бересің бе?
5. Ата-анаң саған қандай кәсіп пен өнер үйреткен?
6. Сен өз достарыңның бойынан ізгі жасампаздық қасиеттерді байқадың ба?
7. Мына суреттерде бейнеленген жемістер мен байлықтар ненің нәтижесі?

А)



Б)



Ә)



В)



БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯМЫЗ

Қымбатты оқушы, сен ұлттық идея туралы, оның халық, ұлт және қоғам өміріндегі маңызы туралы 7-сыныпта жан-жақты біліп алғансың.



Ұлттық идея — асқаралы міндеттерді жүзеге асыру, жалпыға ортақ мақсаттарға қол жеткізу жолында адамдар жүрегінде сенім оятатын, оларды бірлестіретін, жұмылдыра алатын идея немесе идеялар жүйесі болып табылады. Кез келген мемлекеттегі ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер, материалдық және рухани байлықтар сияқты ұлттық идеяның да жаратушысы сол жерде жасайтын халық болып табылады.

Демек, ұлттық идея өзінен-өзі пайда болмайды. Ол халықтың, ұлттың ғасырлар бойы армандап, соған жетуге талпынып келген мақсат-мүдделерінің нәтижесі ретінде қалыптасады. Бірақ бұл өте-мөте күрделі және ауыр өтетін үдеріс болғандықтан, оны толық сезіну үшін сол халықтың немесе ұлттың ежелгі тарихын көз алдымыздан өткізу, түсініп, ұғынуымыз керек.

Бұл туралы пікір өрбіткенде, ең алдымен мына бір шындықты есте сақтауға міндеттіміз: бұл дүниеде жақсылықтың дұшпаны көп болғанындай, ізгі пікір мен идеяның да жолына тосқауыл болатын кедергілер көп. Өзіміз де күнделікті өмірде қиындықтарға тура келіп қаламыз. Кейде үмітсіздікке де берілеміз. Көкейімізде жүрген арманымызды жүзеге асыруға күшіміз, мүмкіндігіміз жететініне күмәнданып, сары уайымға салынатын кездеріміз де болады. Сонда бізге кім, не жәрдем береді?

Ең алдымен, айнала төңірегіміздегі жақсы адамдар: ата-анамыз, ұстаздарымыз, аға-іні, әпке-қарындастарымыз, жақын достарымыз көмекке келіп, көңілімізді көтереді, сенімімізді күшейтеді. Немесе оқыған мазмұнды кітабымыздағы,

көрген кино, театр шығармаларындағы ерік күші мықты, жігерлі кейіпкерлердің образдары көз алдымызға келіп, бізге көмектескендей, «ешқашан босансыма, өзінді билеп ал, еңсенді көтер» деп күш бергендей болады.

Әлемдегі барлық халықтар да өз тарихының бастапқы кезеңінде біресе табиғат қиыншылықтарына, біресе айналадағы жауыз күштердің басқыншылық әрекеттеріне душар болады. Мінеки, сондай қиын-қыстау кездерде олар өз үйін, отбасын, Отанымен қоса, ата-бабалары ғасырлар бойы көз қарашығындай абайлап келген ізгі сезімдерді, түсініктер мен ұғымдарды, мақсаттар мен мүдделерді сақтап қалуға әрекет жасайды.



Ата-бабалардан мұра болып қалған ұлы рухани байлықты кез келген ауыр жағдайда да сақтай алған халық пен ұлт қана ұлттық өздігін, тарихи сипатын сақтап қалады. Бұл істе оған ұлттық идея үлкен септігін тигізеді.

Ұлттық идея қоғамның күші оның бірлігі мен ұйымшылдығында екенін ұдайы ескертіп, ұлттың әрбір өкіліне күш-қайрат беріп тұрады.

Біздің ұлттық идеямыздың негізін ел тыныштығы, Отанның гүлденуі және халықтың әл-ауқаты сынды ұлы мақсаттар құрайды. Елбасымыз Ислам Каримовтың бұл туралы айтқан мына пікірлерін есінде сақта:



«Біздің ұлттық идеямыз осы елде өмір сүріп жатқан барлық адамдардың адамгершілік ниеттерін, өмірлік мүдделерін өз бойына жинақтаған ел тыныштығы, Отанның дамуы, халықтың әл-ауқаты деген жоғары ұғымдарды қамтиды»¹.

Біздің ұлттық идеямыз — өзіндік қалыптасу және даму тарихы бар, заман талаптарымен үндестікте ұдайы байып, жетіліп отыратын жүйе болып табылады. Бұл жүйенің құрамында кемел адам, әлеуметтік ынтымақтастық, ұлтаралық ықпалдастық, дінаралық бауырмалдық (толеранттық) секілді идеялар да маңызды орын иелейді.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 72-бет.

Әлемдегі кез келген ұлттық идея сияқты біздің ұлттық идеямыздың да тарихи және философиялық негіздері бар.



Ұлттық идеяның мағына-мазмұнын белгілейтін негіздердің бірі — халқымыздың ежелгі әрі бай тарихы.

Шынында да еліміздің сан ғасырлық тарихына назар аударатын болсақ, одан ұлттық идеямыздың негізгі бағыттарын белгілейтін, халқымызға ғасырлар бойы етене серік болып келе жатқан армандар мен ұмтылыстарды көреміз. Еліміздің әрқашан өз азаттығы мен тәуелсіздігін лайықты қорғап келгені де соның қатарына жатады. Тарихта бұл шындықты дәлелдейтін мысалдар жеткілікті. Тұмарис пен Ширақ, Спитамен, Жалолиддин Мангуберді, Өмір Темір рәуіштес батыл да ержүрек бабаларымыздың жат жерлік басқыншыларға қарсы күрестері мысалында бұған айқын көз жеткізуге болады. Яки соңғы отаршылық кезеңінде ағартушылық қозғалысты бастаған жәдит бабаларымыздың азаттық жолындағы ерліктері, өткен ғасырдың 80-жылдарының соңы мен 90-жылдарының бас кезінде халқымыздың Президент Ислам Каримовтың басшылығымен тәуелсіздік жолында асқан батылдықпен күрес жүргізіп, өте ауыр жағдайда тәуелсіздікке ие болғаны да бейбіт және еркін өмірдің қаншалықты ауыр қиыншылықтар мен күрестер нәтижесінде иеленгенін көрсетеді.

Сен Елбасымыздың «Өзбекстан тәуелсіздікке жету босағасында» кітабын оқып шықсаң, бұдан да көбірек мағлұматтарды біліп аласың.

Ұлттық идеяның тарихи негіздері жасампаздық пен еңбексүйгіштік сонау атам замандардан-ақ халқымыздың басты қасиеті, үстем мақсаттарының бірі болып келгенін айқындайды. Біздің көне қалаларымыз, әлемдік шеңберде танылған сәулеткерлік ескерткіштер, ата-бабаларымыздың қолынан шыққан «Авесто», «Шашмақом», «Алпамыс» тақылеттес руханият інжу-маржандары — халқымыздың жасампаздық ұмтылыстарының жемісі. Нақ сол ұмтылыстар ұлттық идеямызға да негізгі арқау болған.

Ел-жұртымыз ежелден-ақ перзент тәрбиесіне, отбасының беріктігіне ерекше көңіл бөлген. Адамның қалыпта-

суында және кемелдікке қол жеткізуінде жанұялық ортаның, ата-бабалардан мирас болып қалған салт-дәстүрлердің маңызы зор. Өмір тезінен өткен осы ұмтылыстар да ұлттық идеямыздың негізін белгілейтін қағидаттар мен ұғымдар қатарына жатады.



Ұлттық идеяның философиялық негізін ең алдымен дүниелік білімдер, еліміз бен әлемдік философияның інжу-маржандары белгілейді.



Дүниелік білімдер дегенде, бізді қоршаған орта, табиғат, олардың даму заңдылықтары мен ерекшеліктері, адам мен қоғам туралы білімдерді түсінеміз.

Сен бұл білімдерді түрлі пәндер арқылы оқып-үйрену-десің. Сол білімдер негізінде жаратылыс жөніндегі, адам мен қоғам жөніндегі таным-түйсігің кеңейе түседі.



Еліміздің және әлемдік философияның інжу-маржандары дегенде, адамзаттың ой-санасының дамуына үлкен үлес болып қосылған, ғасырлар барысында өзінің мәні мен мағынасын жоймай келе жатқан қасиетті кітаптарды, философиялық шығармаларды түсінеміз.

Құрани кәрім мен хадиси шәріптің хикметтерінде, халық мақал-мәтелдерінде, хикаяттары мен аңыздарында, халық әндерінде кездесетін мағыналы пікірлер, ұлы ғұламалар мен әйгілі философтардың классикалық туындылары солардың қатарына жатады. Олар ұлттық идеямызды азықтандырып, нәрлендіріп тұратын қайнар болып саналады.



Президент Ислам Каримовтың бастамасымен 2014 жылы 15–16 мамыр күндері Самарқант қаласында «Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманалық өркениеттің дамуындағы рөлі мен маңызы» тақырыбы бойынша халықаралық конференция өтті. Онда ұлы ғұламаларымыздың мұрасын зерттеу мен насихаттау бойынша маңызды міндеттер белгіленді.

Еліміздегі көрнекті ғалымдар, философтар, саясаткерлер, жазушылар мен ақындар Президент шығармалары негізінде ұлттық идеямыздың басты ұғымдары мен қағидаттарын


жасап шықты. Осылайша 2000 жылы «Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар мен қағидаттар» кітабы баспадан шығарылды, онда ұлттық идеямыздың мән-мағынасы көрініс тапты. Елбасымыздың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» еңбегінде ұлттық идея жөніндегі теориялық және практикалық пікірлер одан әрі байытылды.

! **Ұлттық идеямыз Өзбекстан топырағында өмір сүретін, оны өзінің Отаны деп санайтын барлық ұлттар мен ұлыстарға бірдей тиісті болып табылады.**



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұлттық идеяның жаратушысы кім?
2. Сенің ойыңша, ұлттық идея не үшін қажет?
3. Сен өз арманыңды жүзеге асыру үшін не істейсің?
4. Ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттары кімнің шығармалары негізінде қалыптасқан? Олар қай кітапта көрініс тапқанын айт.
5. Ежелден халқымызға тән қандай ұмтылыстардың ұлттық идеяға арқау болғанын төмендегі ескерткіштер мысалында түсіндіріп бер.



ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ

Қымбатты оқушы, егер назар аударған болсаң, ұлттық идеямыздың құрамында ел тыныштығы мәселесі бірінші орында тұр. Бұл бекер емес, әрине. Өйткені бейбітшілік әлемдегі ең ұлы байлық болып саналады. Егер бейбітшілік болса, барлық адам еркін тыныс алады, жанұя құру, перзент өсіру, той-тамашалар жасау, бір сөзбен айтқанда, қандай ізгі ниеттер болса, солардың барлығын жүзеге асыру мүмкіндігі туылады.

Біз өз алдымызға ұлы мақсатты — елімізде құқықтық демократиялық мемлекет және азаматтық қоғам орнату міндетін қойған болсақ, оны жүзеге асыру үшін, әрине, көп нәрсе керек. Мәселен, экономиканы жан-жақты дамыту, жерасты және жерүсті байлықтарын үнемдеп, ұқыпты пайдалану, әлемдегі дамыған мемлекеттермен ынтымақтастықты одан әрі нығайту, заманалық кадрларды жеткілікті даярлау — барлығы да аса маңызды. Бірақ бұлардың бәрінен де маңыздысы — ең алдымен, еліміздің тыныштығы мен халқымыздың амандығы.

Президент Ислам Каримов «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында бұл ақиқатты қадап айтады:



«Біз тұрақты даму мен тоқшылық өмірге қол жеткізу жолында өз алдымызға қандай жоспарлар мен бағдарламаларды қойғанымызбен, барлық игі арман-ұмтылыстарымызды жүзеге асырудың бірден-бір шарты әрі кепілі — бейбітшілік пен тыныштық болып табылады»¹.

Бейбітшілік пен тыныштық болмаған жерде пәйіз бен бекері де, даму да болмайды. «Бір күн жанжал болған жерден қырық күн береке кетеді» деген сөз текке айтылмаған. Бұл

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 72–73-беттер.



— халқымыздың сан ғасырлар бойы бейбітшіліктің бағасын жан-жақты біліп шығарған қорытындысы. Сондықтан да бейбітшілік — баға жетпес ең ұлы байлық ретінде ұлттық құндылықтарымыздың, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлеріміздің мән-мағынасына сіңіп кеткен. Еліміздегі әрбір отбасында, кез келген жиындар мен той-тамашаларда ізгі ниеттермен батаға қол жайғанда, жас пен көрі, еркек пен әйел — барлық жерлестеріміз Жаратқаннан бейбітшілік пен тыныштық сұрайды.

Бүгінде әлемдегі барша халықтар елдің тыныштығы, яғни бейбітшілік — дамудың негізгі әрі басты шарты, кепілі екенін өте жақсы біледі. Сол себепті Жер жүзінде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау тек бір халықтікі яки бір мемлекеттікі емес, бүкіл адамзаттың қасиетті ісіне айналып отыр.

Сен дүниенің шартарабында лаңкестік, содырлық, ұлтшылдық сықылды індеттердің себебінен күн сайын дерлік көліктерді, үй-жайларды, ғимараттарды жарып жіберу, бейкүнә адамдарды кепілге алу, олардың өмірлеріне қастандық жасау жағдайлары болып жатқанын теледидар арқылы көріп жүрсін.

Соңғы бес мың жыл барысында адамзат он бес мыңнан астам үлкенді-кішілі соғыстарды басынан өткізгенін ескеретін болсақ, бұндай апатты қырғындардан адамзаттың басына түскен азап пен қайғыны, бүліншілік пен ойранды көз алдымызға елестетудің өзі қиын. Егер осындай соғыстар мен қанды қырғындар болмағанда, адамзат дамудың жоғары сатысына шығып алар еді. Өйткені әрбір соғыс пен жанжалды қақтығыс адамзатқа қарсы бағытталған, оны дамудан жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар артта қалдыратын үлкен апат болып табылады.

Сен соғыстың қорқынышты көріністерін, оның адамдар мен халықтар өміріне келтірген алапатты әсерін суреттейтін тарихи және көркем әдеби кітаптарды оқып, кинофильмдер-

ді сан мәрте көрген шығарсын. Олардың барлығында да соғыстың адам үшін ең үлкен трагедия екені бейнеленеді.



Қанды оқиғалар адамның жүйкесін қажытып, оны мейірімсіз, тасжүрек етіп қояды. Тынымсыз шайқастарға ұзақ уақыт бойы қатысқан төрт мүшесі сау адамның өзі де жігері жасып, рухани зардап шегеді. Өйткені қанды қырғынның салдарынан оның сезім-түйсіктері өзгереді, жүйке жүйесі, ішкі жан дүниесі жараланады.



Бейбітшілікке ешқашан оңай қол жеткізуге болмайды. Бейбітшілікке жету, оны көз қарашығындай абайлап, сақтау үшін үздіксіз еңбек ету, күресу, әрдайым сергек те қырағы болып өмір сүру талап етіледі.

Аздап ғана самарқаулық пен енжарлыққа жол берілген жерде бейбітшілікке қатер төнеді. Ұлы ата-бабаларымыз бейбітшілік пен татулықты Отанның дамуының, халықтың ауқатты өмір сүруінің негізгі шарты деп санаған. Сондықтан да олар ел тыныштығын, азаматтардың алаңсыз ұйқысын қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударған. Мәселен, Сайыпқыран Әмір Темірдің немересі Мырза Ұлықбек Мауароуннахрда билік жүргізген қырық жыл бойы мемлекетте бейбітшіліктің тұрақты болуы себепті ғылым мен білім, мәдениет пен өнер жедел дамыған, жасампаздық істер жоғары қарқын алып, көне атамекеніміз гүлдене түскен.

Самарқанд қаласындағы Мырза Ұлықбек расытханасының секстанты — іргетас бөлігіндегі жұлдыздарды бақылау ғимараты бұзылмай сақталып қалған. Осыдан алты ғасыр бұрын салынған бұндай алып ғылыми орталық та — бейбітшіліктің жемісі. Өйткені өте үлкен еңбек пен қаржыны, көптеген шеберлер мен мамандарды талап еткен осынау құнды жәдігерлікті соғыс жағдайында салудың еш мүмкіндігі болмас еді.

Біздің мемлекетімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты баянды ету тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап-ақ ең маңызды, кезек күттірмейтін мәселе болып келеді. Себебі, жоғарыда айтылғанындай, біз өз алдымызға ұлы мақсаттар қойып өмір сүріп жатқан халықпыз. Осы мақсаттарға қол жеткізудің ең маңызды алғышарттарының бірі — бейбітшілік.

Елімізде шетелдік ірі компаниялармен бірігіп салынған Самарқант және Асака қалаларындағы автомобиль зауыттары, Шортан газ-химия кешені, Бұхара мұнайды қайта өңдеу зауыты тәрізді ірі кәсіпорындар жұмыс істейді. Олар өндірген өнімдер елімізде де, шетелде де тұтынушыларды қатты қызықтыруда. Өзің-ақ ойлап көр, бұндай көп еңбек пен қаржыны талап ететін кәсіпорындарды шетелдік серіктестеріміз неліктен біздің елімізде салуға, неліктен бұл іске үлес қосуға ризалық берген? Олар ең алдымен біздің елдегі бейбітшілікті, халқымыздың бұндай өмірді қадірлейтінін көріп, бұл мемлекетте шынымен-ақ жұмыс істеуге болады, етілген еңбек босқа кетпейді деген ұйғарымға келген.

Бүгінгі таңда еліміздің қалалары мен ауыл-қыстақтары күннен-күнге гүлденіп, көркейе түсуде. Халқымыз, әсіресе сен сияқты жастарымыз үшін жаңа-жаңа қолайлылықтар туғызылып жатыр. Бұның баршасы да, әрине, бейбіт өмірдің арқасы екені даусыз.

Елімізде өмір сүріп жатқан әрбір адамның бейбіт те алаңсыз жасауы үшін мемлекет те барлық іс-шараларды қарастырып, жоспарлы түрде жүзеге асырып келеді. Өйткені алаңсыз өмір сүріп, еңбек ету Конституцияда және қолданыстағы заңдарда адамның ең қасиетті құқықтарының бірі ретінде бекітілген.



«Адамның ең жоғары және қасиетті құқықтарының бірі — оның бейбіт өмір сүру құқығы. Мемлекет пен қоғамның борышы осы құқықты барлық заңды құралдармен кепілдендіру болып табылады. Бұл құқықты жүзеге асыру — мемлекет пен қоғамды демократияландырудың ең маңызды алғышарты. Демократияның адамилығы да алғашқы кезекте осы өлшеммен өлшенеді»¹.

Біздің атамекеніміздегі әрбір адам үлкен арман-үмітпен — үй салсам, бала өсірсем, той-тамаша өткізсем, немерешөбере сүйсем, ағаш егіп, артымда бақ қалдырсам деген ізгі ниеттермен өмір сүреді. Бұлардың бәріне қол жеткізу

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 73-бет.

үшін адам баласына ең алдымен денсаулық пен тыныштық керек. Сондықтан да ұлттық идеямыз жүйесінде елдің бейбітшілігі идеясы бастапқы орында тұрады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дүниедегі ең ұлы байлық не?
2. Неліктен тыныштық болмаған жерде пәйіз-береке, даму да болмайды?
3. Неліктен Жер жүзінде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау ісі бүкіл адамзаттың қасиетті борышына айналды?
4. Әлемде бейбітшілікті бұзуға ұмтылатын қандай жауыз күштер бар?
5. Соғыстың қорқынышты көріністері бейнеленген кітаптарды оқыдың ба, әлде кинофильмдерін көрген шығарсың?
6. Бейбітшілікке қол жеткізу және оны сақтау үшін не істеу керек?
7. Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықтың арқасында болып жатқан өзгерістер жөнінде әңгімеле.
8. Төмендегі суреттерге қарай отырып, бейбітшіліктің маңызын түсіндір.





ОТАННЫҢ ГҮЛДЕНУІ

Отан — адамның кіндік қаны тамған топырақ, оны көмелетке жеткізетін тәбәрік мекен екенін сен «Отан сезімі» пәнінен жақсы білесің. Ол — ұрпақтан ұрпаққа өтетін ұлы мұра, ең қастерлі естелік.

Отан — адам мақтанышының рәмізі. Әркім де Отан-ана бейнесінен әлемдегі ең көрікті де қайталанбас мекенді, өзінің, халқының бақытын көреді. Туған жердің табиғаты, көусар ауасы, адамдары сонау балалық шағымыздан бастап-ақ біз үшін өте ғазиз, өте сүйікті болып қалады. Отан азат болса — халық та азат, Отан гүлденсе — халық та тоқшылықта өмір сүреді. Сондықтан да ұлттық идеямыздың түпкі негізін белгілейтін ұғымдардың бірі де — Отанның гүлденуі болып табылады.



Отанның гүлденуі дегенде, өмірдің барлық салалары бойынша даму мен кемелденуді, мемлекетіміздің әлемдік аренадағы абырой-беделінің арта түсуін және ұлттық прогресті түсінеміз.

Президент Ислам Каримов Отанның гүлденуі жолында күйіп-жанып, жанқиярлықпен өмір сүру оның құшағында өсіп, ержеткен әрбір перзенттің қасиетті борышы екенін баса көрсетіп, нақ сондай көзқарас адам өмірінің мән-мазмұнын белгілейтін құндылыққа айналуы қажет екеніне назар аударады.



«Отанның гүлденуі, ең алдымен, оның перзенттеріне, олардың рухани және дене бітімі тұрғысынан кемелдігіне тікелей байланысты. Бұл өз кезегінде әрбір отандасымызды өзіне жүктелген жоғары азаматтық жауапкершілікті сезінуге, өз мүдделерін осы елдің, осы халықтың мүдделерімен үйлестіріп өмір сүруге шақырады. Сондай-ақ әрбір азамат өз мемлекетінің халықаралық қоғамдастық

сапынан лайықты орын алуынан, бүгінгі таңда дамыған, бейбіт те ауқатты өмір сүріп жатқан мемлекеттер қатарына қосылуынан мүдделі болатынына шүбә жоқ»¹.

Отанның гүлденуі оның перзенттеріне байланысты болғандықтан, мемлекетімізде сен сияқты жастардың денсаулығы мықты және кемел болып өсуіне айрықша көңіл бөлініп отыр. Тәуелсіздік жылдарында туғызылған мүмкіндіктердің арқасында мыңдаған дарынды жастар оқуда, ғылым мен білім, өнер мен спорт салалары бойынша тамаша жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Сен де солардай болуға ұмтылып жүрсің. Бұлардың барлығы да Отан-анамыз — Өзбекстанның өркендеуіне, оның әлемдік деңгейдегі абырой-беделінің арта түсуіне еселі үлес болып қосылады. Сондықтан да біздің әрқайсысымыз «бұл Отан, бұл ел — менікі, оның гүлденіп-өркендеуі маған байланысты, сол жолда бар күшім мен мүмкіндігімді сарп етуге дайынмын» деген көзқараспен өмір сүруге, айналамыздағы достарымызды да осыған үндеуге тиіспіз. Сонда еліміз де, халқымыз да, Елбасымыз армандағандай, ұлы мемлекеттер қатарына қосылады.

Сен «География» пәнінен әлемдегі мемлекеттердің барлығында бірдей қазба байлықтар бола бермейтінін жақсы білесің. Бірақ перзенттерінің заманға сай кәсіп пен өнер иелегені, туған жерінде жан-қиярлық танытуы арқасында дамуы бойынша өзге мемлекеттер шыққан асуларға олар да шығып отыр. Мәселен, Жапония, Оңтүстік Корея секілді мемлекеттерде жерасты байлықтары оншалықты көп емес. Дегенмен бұл мемлекеттер әлемдегі ең дамыған, алдыңғы қатарлы елдер сапынан лайықты орын иелеп келеді.



¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 73—74-беттер.

Біздің жастарымыз арасынан да осындай патриот жігіттер мен қыздар жетіліп шығып жатқаны қуанышты, әрине. Олар — халқымыздың көз қуанышы мен мақтанышы болып табылады.

Сен оқуда, білім мен шығармашылықта, еңбекте, спорт пен өнерде үлкен нәтижелерге қол жеткізгені үшін Зұлфия атындағы Мемлекеттік сыйлыққа, «Нихол» сыйлығына, «Өзбекстан мақтанышы» атағына ие болған аға-әпкелерің жөнінде көп естігенсің. Мүмкін, сен білім алып жатқан мектептен де сондай танымал адамдар жетіліп шыққан шығар. Бұл туралы өзің де бір ойланып көр. Өзің де солардай болуға әрекет жаса. Сонда Өзбекстан деп аталатын ұлы мемлекеттің дамуына, гүлденіп-өркендеуіне лайықты үлес қосқан боласың.



Отанның гүлденуі жолында қызмет ету — дүниедегі ең ұлы бақыт.

Ақын ағаларың мен әпкелеріңнің Отанды адам өмірінің мағына-мазмұнын белгілейтін ең ғазиз құндылықтардың бірі ретінде жырлауы тегін емес. Мәселен, ұлы ойшыл ақын атамыз Әлішер Науаи туған жерден жырақта ешқандай бақыт болмайтынын меңзеп, «Отанды тастап кетуді ешқашан ойлама, Отанды ренжітіп өз бағыңды байлама», — деп кеңес берген.



Отан тәуелсіз, ал оның аумағында жасайтын халық еркін әрі азат болмаса, ешқашан даму, алға басу болмайды. Азаттық пен тәуелсіздік — Отанның гүлденуіне қол жеткізудің ең маңызды алғышарты. Сондықтан да бұл ұғымдар барлық халықтардың өміріндегі ең қасиетті де қастерлі ұғымдар болып саналады.

Азаттық пен бостандыққа қол жеткізген халықтың қаншалықты жедел дамитынын әлемдегі көптеген мемлекеттердің мысалынан айқын көруге болады. Мысалға алатын болсақ, Германия мемлекеті фашизмнен құтылған соң, қысқа мерзім ішінде әлемдегі ең дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің сапына қосылды. Немесе Оңтүстік-шығыс Азиядағы Малайзия, Сингапур сықылды мемлекеттер тәуелсіздікке ие болған соң, алға ілгерілеу бойынша тендесі жоқ табыстарға қол жеткізді.

Біздің сүйікті Отанымыз да тәуелсіздік жылдарында үлкен мүмкіндіктерге ие болды. Осының арқасында қоғамның өмірін, бірінші кезекте экономиканы реформалауға айрықша назар аударылды. Өйткені кез келген дамудың негізі экономикалық ілгерілеумен белгіленеді.



Экономикалық ілгерілеу дегенде, өнеркәсіп, құрылыс, көлік (транспорт) салаларының және ауыл шаруашылығының өркендеуін, заманалық кәсіпорындар, қызмет түрлері, меншік формаларының көбеюін, тауарлар сапасының жақсарып, тұрғындар табысының молаюын, мемлекет аумағындағы барлық жер асты және жер үсті байлықтарының туған жеріміздің дамуына, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға қызмет етуін түсінеміз.

Өзбекстанның тәуелсіздік жылдарында астық, отын-энергетика, азық-түлік тәуелсіздігіне жетуі, автомобиль жасау өнеркәсібіне ие болуы, экономиканың басқа да үстем салаларында салмақты нәтижелерге қол жеткізуі тәуелсіздік — Отанның гүлденуінің ең маңызды алғышарты екенін тағы бір рет дәлелдеді.

Бүгінгі таңда елімізде салынып жатқан заманалық лицейлер мен колледждер, жалпы білім беретін мектептер, өнер және спорт ошақтары сияқтыларда жан-жақты терең білім мен тәрбие беріліп жатқаны, салауатты да кемел ұрпақ тәрбиесіне, халқымыздың рухани кемелдігіне үлкен назар аударылып отырғаны келешекте ел дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.



Отанды гүлдендірудің негізгі шарттары төмендегідей: мемлекет тәуелсіздігі мен тыныштығы; мемлекеттің жер асты және жер үсті байлықтарын тиімді пайдалану; қоғамның материалдық және интеллектуалдық әлеуеті; еңбеккер және жасампаз халық.

Біздің мемлекетімізде осы алғышарттардың барлығына толық жауап беретін мүмкіндіктер бар. Сондықтан Отанымыздың дамып, гүлденуі өз қолымызда. Біз жанқияр, Отанның әрбір үндеуіне әрқашан дайын тұратын лайықты перзенттер болсақ, оның гүлденіп-ілгерілеуі бұдан да қарқынды, абырой-данқы бұдан да жоғары болатыны сөзсіз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әрбір адам Отан мысалынан нелерді көріп, нелерді ұғынады?
2. Отанның гүлденуі дегенде нені түсінеміз?
3. Отанның гүлденуі не себептен оның перзенттеріне байланысты болады?
4. Жапония мен Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттер қалайша ең дамыған, алдыңғы қатарлы мемлекеттер сапынан берік орын алды?
5. Сен Зулфия атындағы Мемлекеттік сыйлыққа, «Нихол» сыйлығына, «Өзбекстан мақтанышы» атағына ие болған жастардан кімдерді білесің?
6. Отан туралы мақалдар мен өлеңдерді жатқа білесің бе?
7. Отанның гүлденуіне кол жеткізудің ең басты алғышарты деген не?
8. Төмендегі суреттерде Отанның гүлденуіне негіз болатын қандай байлықтар мен мүмкіндіктер бейнеленген?



ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Қымбатты оқушы, сен өткен сабақтардан түсініп, пайымдап алғанындай, ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары өзара тығыз байланысты, олардың бірін екіншісінен бөліп қарауға болмайды. Мәселен, ел тыныштығынсыз Отанның гүлденуі де болмайды. Ал халықтың әл-ауқатының жақсаруына тек ел тыныштығы мен Отанның гүлденуі қамтамасыз етілгенде ғана қол жеткізуге болады.

Халық — ұлтына, тілі мен дініне қарамастан, мемлекет аумағында жасайтын барлық адамдардан тұрады. Демек, халықтың әл-ауқатының жақсаруы идеясы осы мемлекет аумағында жүзеге асырылып жатқан барша жұмыстар, елдің тыныштығы мен Отанның гүлденуі жолындағы іс-әрекеттер түпкі нәтижеде адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталғанын білдіреді.



Халықтың әл-ауқаты деп, адамдардың лайықты тұрмыс жағдайын, экономикалық тұрғыдан жақсы өмір сүруін, ең зәру материалдық сұранымдардың толық қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін әлеуметтік өмір деңгейі айтылады.



Елбасымыз атап көрсеткендей, «бұл дүниеде әрбір адам қарны тоқ, көйлегі көк болып, ауқатты өмір сүруді, ел-жұрт үшін лайықты перзент тәрбиелеп, оларға білім беруді, үйлі-жайлы етуді, олардың бақыты мен қуанышын көруді армандайды. Қазіргі уақытта мемлекетімізде жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды реформалардың түпкі мақсаты — адамдарымыздың нақ сондай арман-үміттерін жарыққа шығарудан, халқымызға жан-жақты лайықты тұрмыс жағдайын жасап беруден тұрады»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 74-бет.

Расында да өмірдегі барлық нәрсе, соның ішінде реформалар да, адам үшін қызмет еткенде ғана мағына мен мазмұнға ие болып, күтілген нәтижені береді. Өз келешегін ойлаған кез келген мемлекет ең алдымен азаматтарының бейбіт те алаңсыз, ауқатты өмір сүруін қамтамасыз етуге ұмтылады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың нақ осы мақсатқа бағытталуында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Президент тарапынан алға қойылған «Реформа — реформа үшін емес, ең алдымен адам үшін» деген қағиданың, дамудың өзбек моделіне негіз болған әйгілі бес қағидаттың маңыздылығы ерекше.



«Дамудың өзбек моделі» дегенде, Өзбекстанның тәуелсіз даму жолын түсінеміз.

Әрине, халықтың әл-ауқатты болуына қол жеткізуде тек мемлекеттің ғана іс-қимылдары жеткіліксіз. Бұл үшін әрбір адам өзінің жасампаздық әлеуетін іске қосып, реформалардың түпкі мәнін түсінуі, сөйтіп оларды жүзеге асыруға белсене ат салысуы керек. Әсіресе адамдардың дүниетанымы, өмірге, еңбекке, жерге көзқарастарының түбірінен өзгеруі халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде өлшеусіз рөл атқарады. Өйткені молшылықты тұрмысқа ұмтылу адамның бойындағы кәсіпкерлік және бастамашылдық сезімді, әрбір отандасымыздың өз өмірін өз күшімен жақсартуға талпынған іс-әрекетін одан әрі күшейтеді. Сондықтан да адамдарда меншікке иелік, өз ісіне сүйіспеншілікпен және жауапкершілікпен қарау, өз күшіне сенімділік сезімдерін ояту,



жастардың бойында еңбек дағдысын қалыптастырып, оларды заманға сай білімдер мен кәсіп-мамандықтарды тыңғылықты меңгерген азаматтар етіп тәрбиелеу халық әл-ауқатының жақсаруына жету жолындағы маңызды міндеттер болып саналады. Ата-бабаларымыз мүмкіндігі барынша көбірек кәсіп пен өнер иелеуге әрекет жасаған, балаларын да соған баулыған. Халқымыздың «Бір

жігітке қырық өнер де аз», «Өнерлі өрге жүзеді», «Өнерді үйрен де, жирен», «Талаптыға нұр жауар» деген мақал-мәтелдері ата-бабаларымыздың қолында өнері бар, еңбек етуден жалықпайтын адамдарды қатты құрметтегенін көрсетеді. Бұндай мақалдар бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Қазір біз бұрын өткен ұрпақтардың ғасырлар бойы ұлықтап келген дәстүрлі кәсіптері мен өнерлерімен қатар, заманалық техника мен технологияларды да тыңғылықты меңгеріп алуға тиіспіз. Атап айтатын болсақ, бүгінгі таңда тоқшылыққа қол жеткізу компьютер техникасын, күрделі технологияларға негізделген өндіріс салаларын, кәсіпкерлік пен бизнес түрлерін игеруге де тікелей байланысты болып қалды. Ал бұл бізден тынымсыз ізденуді, біліміміз бен білігімізді ұдайы жетілдіріп отыруды, шет тілдерді мұқият үйренуді талап етеді.



Өзбекстанның жерасты, жерүсті байлықтары көп, мемлекетіміздің экономикалық әлеуеті жоғары, ал халқымыз — еңбексүйгіш әрі жасампаз. Бұлардың барлығы да — әл-ауқатты өмірдің негізі, әрбір отандасымыздың сұранымын қанағаттандырудың, өздігін таныта білуінің және жасампаздық қабілетін жарыққа шығаруының іргетасы болып табылады.

Бүгінде халқымыз осындай іргетас негізінде әл-ауқатты тұрмыс орнату жолындағы қарқынды еңбекке жұмыла кіріскен.



Халық әл-ауқатының жақсаруы — мемлекеттің құдіреттілігін, оның жоғары даму деңгейін танытады.

Тек дамыған, гүлденген мемлекет қана халқының әл-ауқатты тұрмысы үшін қажетті барлық шарт-жағдайларды туғызып бере алады.

Сондықтан да әлемдегі дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттер сапынан лайықты орын иелеу — халқымыздың негізгі мақсаттарының бірі.

Қымбатты оқушы, міне, сен ұлттық идеямыз құрамындағы үш ұлы арман-ұмтылыс жөнінде, олардың мағына-мазмұны мен маңызы жөнінде мағлұматқа ие болдың. Мынаны есте сақта, ел тыныштығы, Отанның гүлденуі мен халық

эл-ауқатының жоғары болуы, сондай-ақ біз бұдан кейінгі сабақтарда өтетін басқа да маңызды ұғымдар мен қағидаттар ел тәуелсіздігін нығайтуға, көзделген мақсаттарға тезірек жетуімізге қызмет етеді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халық эл-ауқатының жақсаруына қандай жағдайларда қол жеткізуге болады?
2. Халықтың эл-ауқаттылығы идеясы деп нені айтамыз?
3. «Реформа – реформа үшін емес, ең алдымен халық үшін» деген идеяны кім айтқан? Оның мағынасын түсіндіріп беруге әрекет жаса.
4. Біздің базарлардағы ағыл-тегіл молшылықтың себебі неде деп ойлайсың?
5. «Жігітке қырық өнер де аз» деген мақалдың мағынасын сен қалай түсінесің?
6. Мына суреттерде бейнеленген адамдар халықтың эл-ауқаттылығына қандай үлес қосып жатқаны жөнінде әңгімелеп бер.

А)



Ә)



Б)



В)



Г)



АБАТТЫҚ КӨҢІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

(Практикалық сабақ)

Қымбатты оқушы, Президент Ислам Каримов өзінің сөздері мен баяндамаларында, жұртшылық өкілдерімен кездесулерінде қадап айтатын «Абаттық көңілден басталады» деген ұлағатты сөздің мағынасы жөнінде ойлап көргенбісің? Елімізде абат, көрікті жерлер өте көп. Олар өз ісін жетік білетін инженерлер мен сәулеткерлердің, қолдарынан бал тамған шеберлердің, бағбандар мен жүзімшілердің — бүкіл халқымыздың жанқиярлық еңбегінің нәтижесі. Біз сондай абат та көрікті орындарды құру жөніндегі пікір ең алдымен кімнің ойына келгені жөнінде еш ойлап көрмейміз. Шынтуайтқа келгенде, таза ниет, жақсы ой мен тамаша жоспарлар әрқашан көңіл төрінен бастау алады. Әсіресе біздің халқымыз ұдайы жақсылықты ойлап өмір сүреді. Адамдарымыз тарихтың ең ауыр кезеңдерінде де «отбасын құрсам, ел қызметіне жарайтын, күшті де ақылды, денсаулығы мықты перзенттер өсірсем, үй салып, ағаштар ексем, ұрпақтарыма мұра қалдырсам» деген ізгі тілектерді көңіліне түйіп қояды. Отанымыздың бас алаңы болып табылатын Тәуелсіздік алаңындағы Ізгілік аркасы, Тәуелсіздік және ізгілік монументі секілді заманауи сәулет ескерткіштері халқымыздың осындай ұлы қасиеттерінің құрметіне бой көтерген.

Мемлекетіміздің қайсы түкпіріне барсаң да, ол жерден міндетті түрде абаттықтың рәмізі болған жаңа мектепті, лицей мен колледж ғимараттарын, саялы да салқын бакты, жасыл желекке бөленген егістіктерді, әсем де көрікті тұрғын үйлерді көресің. Олардың барлығы да халқымыздың жанқиярлық еңбегі арқасында осындай көздің жауын алатын дәрежеге жеткен. Сонымен қатар олар сан мыңдаған қарапайым да кішіпейіл, бейнетқор адамдардың шынайы ниетінің, көктем таңындай шуақты ой-қиялдарының, кіршіксіз армандарының өнімі болып табылады.

Өзің-ақ ойлап көрші, егер адамның көңілі таза, ниеті ақ болмаса, осындай ұлы істерді жүзеге асыра алар ма еді?

Самарканд, Бұхара, Хиуа, Шахрисабз, Термиз, Қаршы және Марғылан сияқты қалаларымызда сан ғасырлар тезінен өтіп, осы күнге дейін әлемдік қауымдастықты тандандырып келе жатқан ежелгі ғимараттарға қарашы. Осынау мәңгілік жәдігерліктерді құрған сәулеткерлер мен шеберлердің көңілдері де, қолдары да риясыз болмағанда, бұндай іргелі құрылыстардың бір кірпішінің өзі қисық қойылғанда, олар жел мен жаңбырға, қар мен мұзға, ми қайнатқан ыстық пен ызғырықты күндердің әсеріне төтеп бере алмай, әлдеқашан-ақ үгіліп, қирандыға айналған болар еді.

Нақ сол сияқты бүгінгі таңда да фермерлер мен дикандар егіс даласында, сәулеткерлер мен шеберлер құрылыс алаңында, инженерлер мен жұмысшылар өндіріс кәсіпорындарында, құрметті оқытушылар мектептер мен лицейлерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында, медицина қызметкерлері емдеу орындарында өз міндеттерін шын ықыласпен орындамаса, 24 жылдан астам уақыт ішінде, көне тарих үшін өте қысқа мерзімде — тәуелсіздік кезеңінде еліміздің бұншалықты комақты табыстарға жетуі, әрине, қиын болар еді.

Сен өзің жасайтын ауылда немесе қалада, білім алып жатқан мектебінде еліміздің абаттығын дәлелдейтін көріністерді сан рет көргенсің. Айталық, мектептен қайтып бара жатқаныңда саялы саябақта, салқын жел есіп тұрған, сылдырап су ағып жатқан арық немесе канал бойында отырып, тынығуың мүмкін. Сол ағаштарды әлде кім еккен, мына арық пен каналды да әлде кімдер қазған, арнасын құм мен тастан, әр түрлі қоқыстардан тазалаған, дұрыс па? Сенің ойыңша, олар қандай адамдар?

Олар — көңілдері таза, ниеттері ақ, жандары жомарт адамдар! Солай емес пе? Осылайша мектебінді құрған, оның сынып бөлмелеріндегі оқу жабдықтарын жасаған адамдар жөнінде, олардың жүрегіндегі арман-үміттер жөнінде еш ойлап көрдің бе?

Яки өзің танитын фермердің, бағбанның, дәрігердің немесе оқытушы-ұстаздың күн сайынғы еңбегі оның жан дүниесімен, руханиятымен, арман-үміттерімен қаншалықты үйлесіп жатқаны туралы да ойлап көр. Бұл жөнінде сыныптастарыңа, ата-анаңа әңгімелеп бер. Осылайша тұрақты ой қорыту өмірдегі көптеген күрделі мәселелерді түсініп алуына септігін тигізеді. Ең маңыздысы, сен бұл дүниедегі барлық

ізгі істердің қайнар көзі адамның жан дүниесі екеніне, оның рухани мүмкіндігі мен күш-құдіретінің шексіздігіне, абаттықтың расында да көңілден бастау алатынына кәміл сенесін.

Практикалық сабаққа арналған әдебиеттер:

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat», 2013 жыл, 128—132-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. —Т.: Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 95—97-беттер.
3. Milliy istiqlol g'oyasi: asosiy tushunchalar, tamoyillar va atamalar. —Т.: «Yangi asr avlodi» баспасы, 123—124-беттер.
4. «O'rta asrlar Sharq allomalari va mutafakkirlarining tarixiy merosi, uning zamonaviy sivilizatsiya rivojidadagi roli va ahamiyati». Xalqaro konferensiya materiallari. —Т.: «O'zbekiston», 2014 жыл.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Т а п с ы р м а: *«Біздің ұлы идеямыз» тақырыбы бойынша реферат дайында.*

Рефератты дайындау барысында Президент Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында баяндалған төмендегі пікірлерді негіз етіп ал: **«Біздің ең ұлы мақсатымыз, ең ұлы идеямыз сол, Өзбекстанның жалғыз ғана жолы бар: тәуелсіздікті нығайтып, мемлекетті жан-жақты кемелдендіру, жарқын да еркін өмірге қарай алға басу».**

Рефератта төмендегі мәселелерді қамтуға әрекет жаса:

— біздің ұлттық идеямыз, оның құрамындағы барлық ұғымдар мен қағидаттар тәуелсіздікті нығайтып, елімізді жан-жақты өркендетуге, халқымыз үшін еркін және әлауқатты өмір орнатуға қызмет етуі керектігі, сонда ғана ол өз міндетін атқара алатыны;

— тек тәуелсіздік қана ұлттық идеямызды қалыптастыру, өздігімізді терең танып, шын мәніндегі азат халық, еркін ұлт болып өмір сүру мүмкіндігін бергені;

— тәуелсіздігіміз қаншалықты берік болса, ұлттық идеямыздан көрініс тапқан мақсаттарға да соншалықты шапшаң жақындайтынымыз, мүмкіндіктердің одан ары кеңеюі;

— сен сияқты оқушы жастардың тәуелсіздікті нығайту саласындағы негізгі міндеті неден тұрады, алдағы уақытта сен осы игілікті іске қандай үлес қоспақшысың?



ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН РУХАНИ ӨМІРДІҢ ҮНДЕСТІГІ

КЕМЕЛ АДАМ

Қымбатты оқушы, біз сенімен ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары жөнінде әңгімелестік. Сол ұғымдармен бірге кемел адам, әлеуметтік ынтымақтастық, ұлтаралық бірлестік, дінаралық бауырмалдық рәуіштес қағидаттар да ұлттық идеямыздың мызғымас құрамдас бөлігін құрайды.



«Кемел адам» тіркесі кемелденген, жан-жақты жеттік деген мағыналарды білдіреді.



Кемел адамды тәрбиелеу — жалпыадамилық идея. Яғни бұл — бүкіл адамзатқа тән арман. Әлемдегі барлық халықтар, ұлттар мен адамдар өз перзенттерінің жетік, жан-жақты толысқан болуын армандайды. Бірақ бұл мақсатты жүзеге асыруға әрбір халық өзінің ұлттық ерекшеліктері, дәстүрлері мен құндылықтары тұрғысынан қарайды. Сондықтан олардың өзі ұмтылатын кемелдік рәміздері де болады. Сен кітаптардан оқыған Алпамыс, Гүлбаршын, Фархад, Шырын, Тахир, Зухра, Кенже батыр сынды кейіпкерлер халқымыздың түсінігінде мындаған жылдар бойы кемел адамды көру арманымен жаратылған көркем образдар болып табылады. Олар халқымыздың өз перзенттерін ержүрек, балуан, ақылды, білімді, келбетті де мықты етіп тәрбиелеу жолындағы ізгі ұмтылыстарын бейнелейді.

Тарихтың белгілі бір кезеңдерінде халық тағдырынан өлшеусіз орын алған ұлы тұлғалар да ізгілік рәмізіне, өнегелі қасиеттер бейнесіне айналады. Мәселен, Нажмиддин Кубро, сұлтан Жалолиддин Мангуберді, Сайыпқыран Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабыр іспеттес ата-бабаларымыз жаужүректік, батырлық, мемлекетті әділетті басқару бойынша; Имам Бұхари, Имам Термізи, Имам Мотуриди, Бахауддин Нақшбанд сияқты әулие-әнбиелеріміз дін және дінге адалдық бойынша; Мұхаммед Мұса Хорезми, Ахмад Фарғо-

ни, Ғбу Райхан Беруни, Ибн Сина, Мырза Ұлықбек, Өлішер Науаи, Машраб, Огахи секілді ойшылдарымыз данышпандық, білім мен ағарту, халықтың жан дүниесін, адам философиясын сөз өнері арқылы бейнелеу бойынша кемелдік рәмізіне айналып кеткен. Осы ұлы ата-бабаларымыздың әрқайсысы туралы, олардың қайталанбас қасиеттері туралы көп айтуға болады. Егер сен Елбасымыз Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабының бірінші тарауындағы «Руханиятты қалыптастыратын негізгі өлшемдер» деп аталатын бөлімін оқысаң, жоғарыдағы бабаларымыз жөнінде білдірілген тамаша пікірлерді кездестіресің. Соның ішінен ұлы ақын Өлішер Науаи хақындағы мына сипаттауды кемел адам туралы әнұран деуге болады:



«Егер осынау ұлы тұлғаны әулие десек, ол — әулиелердің әулиесі, ойшыл десек, ойшылдардың ойшылы, ақын десек, ақындардың сұлтаны болып табылады»¹.

Шынайы кемел адам ғана осындай ұлы қасиеттерді өз бойына жинақтай алады. Өз елінің мақтанышына айналған бұндай адамдар әлемдегі басқа халықтардың арасынан да көп шыққан. Бұл бүкіл адамзаттың ізгілік пен кемелдік жолындағы ұмтылыстары өзара үндес әрі тығыз байланысты екендігін білдіреді.

Осы тұрғыдан қарағанда, кемелдік идеясы ғасырлар бойы тек жеке тұлғаларды ғана емес, сонымен қатар халықтар мен ұлттарды да адамгершілік мақсаттарға қарай үндеген, өмірдің түрлі салаларында оларды ірі жетістіктерге жігерлендірген.



Кемелдікті арман етпеген, жан-жақты кемелденген ұрпақтар тәрбиелеп өсіру жөнінде ойланбаған халық немесе ұлт өз келешегінің қандай боларын да білмейді.

Әрбір адам үшін өзінің ата-анасы, ұстаздары, халқы, өз мемлекетінің басшысы кемелдіктің рәмізі болып саналады. Сондықтан да біздің әрқайсысымыз өз ата-анамызды, ұстаздарымызды, халқымызды және сол халық сайлаған Президентімізді әлемдегі ең ғазиз адамдар деп санаймыз, оларды мақтан тұтамыз.

Адам жан-жақты жетілген, ешқандай кемшілік-нұқсандарсыз болуы мүмкін бе? Жоқ, әрине. Адам бар жерде қателік

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 47-бет.



те, кемшілік те болады. Халқымыздың «Айыпсыз — Пәруардігер» деген ұлағатты сөзі текке айтылмаған. Бірақ кемшілікті мойындап, оны түзетуге әрекет жасаған адам — кемелдікке ұмтылған адам. Ал кемшіліктерін мойындамай, «мен онсыз да жақсымын» деп көкірегің соғатын адам өзінің орынсыз қылықтарын одан әрі көбейтеді.

Әрбір адам жастайынан-ақ кіршіксіз арман-үміттермен өмір сүреді, халқына, Отанына пайдасы тиетін тұлға болып жетілуді ойлайды. Бұл оның бойында кемел адам болуға құштарлығы бар екенін дәлелдейді. Демек, кімде-кім алға қарай ұмтылса, асқақ армандармен өмір сүрсе, ол шын мәнінде жақсы адам болып өсіп, ержетеді, барған сайын жетіліп, қасиеттері де арта түседі. Кімнің ұнамды қасиеттері молайып, жақсылыққа жақсылық қосылып отырса, оның өзі де байқамай кемелдікке жақындай түседі, жан-жақты жетіле береді.

Керісінше, кімде-кім ешнәрсені армандамаса, көкірегің керіп, менмендікке салынса, өзгелерді көзге де ілмей, білімі мен білігін арттырмаса, алға қарай ұмтылмаса, сол адам өсуден, жетілуден тоқтайды. Барған сайын меңіреуленіп, заман көшіне ілесе алмай қалады. Оның бойында жақсы қасиеттердің орнына нашар кемшіліктер көбейеді. Бұл — оның кемеліне келмегендігін, яғни қыңыр мінезді, олқылық-кемшіліктері көп адам екенін көрсетеді.

Әлішер Науаи бабамыз осыған меңзеп, былай деген:

Ноқис улдирким, узин комил дегай,
Комил улким, нуқсин исбот айлагай.

Яғни кімде-кім өзін кемел адаммын, жетілгенмін десе, түптеп келгенде соның өзі — кемеліне келмеген, надан адам. Кімде-кім өзінің олқы тұстарын сезініп, мойындап, оларды түзетіп отырса, сол адам кемелдікке жетеді.

Ұлылық қарапайымдылықпен астасып жатқаны сияқты, кемелдік те адамның кішіпейілдік, еңбексүйгіштік, отаншылдық, мейірімділік секілді қарапайым әрі күнделікті қасиеттерінен көрінеді.

Мәселен, адам ерінбей еңбек етудің арқасында материалдық тұрғыдан ешкімге тәуелді болмай, еркін де тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігіне қол жеткізеді. Бұндай адамның жүрегі, сезім-түйсіктері, ой-санасы айтарлықтай жетілген болады. Ол айналасында болып жатқан оқиға-құбылыстарға өзінің дербес пікірі негізінде баға береді, өмірден әрқашан ләззат алып жасайды. Ал бұлардың барлығы да — кемелдіктің маңызды белгілері болып табылады.

Ата-бабаларымыз «Еңбектің наны тәтті», «Еңбек түбі — зейнет» деген мақалдарға сүйеніп өмір сүрген. Өйткені еңбек — адамды адам ететін, оны кемелдікке қарай жетелейтін баға жетпес байлық. Еңбектің арқасында адамзатқа Алла берген тіл мен ой-сана, сезімдер мен ұғымдар жетіліп отырады. Еңбектің арқасында тек адам ғана емес, бүкіл әлем де жетіле береді.



Адам жан-жақты жетілуі үшін ең алдымен оның өзі де, халқы да, Отаны да азат әрі еркін болуы керек. Өйткені азат әрі еркін адам ғана тәуелсіз іс-әрекет жасай алады, өзінің дене бітімі мен рухани әлеуетін толық жарыққа шығару мүмкіндігіне ие болады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң халқымыздың кемелдікке ұмтылысын жүзеге асыруға данғыл жол ашылды. Бүгінгі таңда Отанымызда салауатты және кемел ұрпақты тәрбиелеп өсіру мақсатымен атқарылып жатқан қыруар жұмыстар осыны дәлелдейді.

Бұдан бұрынғы сабақтардан біліп алғанындай, біз елімізде құқықтық демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам орнатып жатырмыз. Бұндай қоғамда мемлекетті басқару, мемлекет шеңберінде шешімдер қабылдау, іс-шаралар өткізу істері қарапайым адамдардың бастамасы мен ұмтылыстары арқылы жүзеге асырылады. Демек, бұндай қоғамның азаматтары жан-жақты жетік болуға тиіс. Сол көзқарас тұрғысынан қарағанда, елімізде кемел ұрпақты тәрбиелеп өсіруге айрықша назар аударылып отырғаны біздің еркін азаматтық қоғам орнату жолындағы ұмтылыстарымызға жан-жақты сай және үндес келеді. Өйткені кемел адамдар жасайтын қоғамда ғана бейбітшілік пен татулық, ынтымақтас-тық, әділет пен ағартушылық салтанат құрады.

Кемелдікке бірден жету қиын. Жан-жақты кемелдену үшін адам өзінің алдына игі мақсаттар қойып, өмір бойы



соған ұмтылып жасауы керек. Ол істеген істерін, алдындағы борышы мен міндетін күн сайын талдап, олардан тиісті қорытынды шығарып, кемшіліктерін жоюға, жақсы қасиеттерін көбейтуге тырысуы қажет. Яғни адам өз алдына қойған мақсатына жетуден тайынбауы لازым.



Қымбатты оқушы, мына құстардың қайсысы межелі жеріне ұмтылып барады? Олардың қайсы бірі көздегеніне жетеді деп ойлайсың? Неліктен?

Бәрімізге белгілі, балалық шағында біреудің оқытушы болғысы келеді, тағы біреу ғалым болып, жаңалықтар ашуды қалайды, үшінші біреу өнерпаз болуға ұмтылып, жақсы өнші атансам дейді. Әйтсе де сол арман арман күйінде қалып кетпесе игі. Арман қалайда мақсатқа айналуы керек.



Арман — адамның қалауы мен тілектерін бейнелейтін көкейтесті ой, қияли нәрсе. Ал мақсат — орындалуы, жүзеге асырылуы талап етілетін ниет. Мақсатқа жету жолында үздіксіз оқып-іздену, еңбектену, алға қарай ұмтылу қажет.



Адам белгілі бір мамандықты иелеуге ұмтылғанда, сол арқылы көкейіндегі арманын мақсатқа айналдырады. Осындай ұмтылыс арқылы ол тек мақсатына жақындап қана қоймай, соған бар күш-жігерін жұмылдыру есебінен өзін де елге пайдасы тиетін адам ретінде тәрбиелеп отырады. Бұл үдеріс тоқтамай, үздіксіз жалғаса берсе, адам күндердің күнінде өз саласының ең үздік шеберіне айналады. Оның кәсіби шеберлігі мен талантына барлығы бас иеді, еңбегінің жұртшылыққа пайдасы тиеді. Осының өзі, яғни бірер кәсіп пен өнердің немесе ғылым саласының білгірі болу да — кемелдіктің белгісі. Білімі мен еңбегі, ерекше қабілеті арқылы елге қызмет еткен адамдарды құрметтеп, оларды мақтан тұтудың себебі де сонда жатыр.

Әрбір адамның жүрегінде кемелдік сезімі бұйығып жатады. Мәселен, бала да ойыншықтары арасынан ең әдемісін және жетілгенін алып ойнағысы келеді. Адамзат осы сезімді өмір бойы тәрбиелеп, жетілдіріп отыруға тиіс. Бұл ретте, әрине, ол өмір сүретін орта, айналасындағы адамдар да ерекше орын иелейді. Кемелдік сезімі сұлулық, ізгілік, әділет, нысап, адалдық, шындық сезімдерімен қатар тұрады, олармен бірге, біртұтас күйде дамиды.

Кемел адам идеясы ислам философиясынан нәр алып, халқымыздың ой-санасына бұрынғыдан да кеңірек мағына мен мазмұн берген. Бұл идея Әбу Насыр Фараби, Әлішер Науаи сынды данышпан бабаларымыздың шығармаларында терең сипатталған.

Қорыта айтқанда, кемелдік — адамның атам заманнан келе жатқан арманы, оны жүзеге асыру үшін белгілі бір әлеуметтік жағдай қажет. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң біз бұндай мүмкіндікке ие болдық.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Адам неліктен әдемі киініп, әдепті болып жүруге ұмтылады?
2. Сен жақсы нәрсені жаман нәрседен қалай ажыратасың?
3. Өзіңнің кемшіліктеріңді білесің бе? Оларды жоюға әрекет жасап жүрсің бе?
4. Достарың сенің кемшіліктеріңді бетіңе айтса, ренжімейсің бе?
5. Сен кімді кемел адам деп санайсың?
6. Мына суреттерге қарай отырып, кемелдікке жетудің жолдары жөнінде әңгімелеп бер.



7. Балалар неліктен қуыршақтардың ең жақсысын тандауға ұмтылады?

ӘЛЕУМЕТТІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Егер назар аударған болсаң, бізді қоршаған әлем әр тұрғыдан сан алуан және түрлі түсті. Барлық жердің де өзіне тән табиғаты мен климаты бар. Нақ сол сияқты адамдар мен халықтар да алуан түрлі. Дүние жүзінде әр түрлі тайпаларға, ұлттар мен ұлыстарға, тілдер мен діндерге жататын адамдар өмір сүреді. Тіпті бір ұлтқа немесе бір халыққа тиісті адамдардың да дүниетанымы, мінез-құлқы, адамдық ерекшеліктері мен мүдделеріне орай бір-бірінен айырмасы болады.

Бұл шындықты Елбасымыз төмендегі пікірлері арқылы егжей-тегжейлі түсіндіреді:



«Алланың өзі адамзатты дүниеге келтіргенде, оны алуан түрлі кейіпте, тек бет-әлпеті мен көзін ғана емес, мінез-құлқын да бір-біріне ұқсамайтын етіп жаратқан. Жер жүзінде қанша адам өмір сүретін болса, саусақтарының таңбасы да, ішкі жан дүниесі де бірдей екі адамды табу да, кездестіру де қиын. Бұл адамдардың ойлау және өмір сүру салты да бір-бірінен ерекше болатыны заңды»¹.

Біздің елімізде де әр түрлі тайпалардың, ұлттар мен ұлыстардың, әр түрлі діндердің өкілдері өмір сүреді. Әрбір тайпаның, әрбір топтың өзіне тән мақсат-тілегі, мүдделері, үміті мен сенімі бар. Сондай-ақ осындай сан түрлі адамдарды біртұтас бір мемлекеттің халқы, бірыңғай қоғамның мүшелері ретінде бірлестіріп тұратын жалпыұлттық мақсат-тілектер мен мүдделер де бар. Бұл — ұлтына, тіліне, діні мен әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, барлық өзбекстандықтар үшін бірегей Отан болған қасиетті мекеніміздің өркендеуі, бейбітшілігі мен тыныштығы. Мемлекетіміздің барша азаматтары осынау жоғары мақсат жолында иін тіресе қатар тұрып, ұйымшылдықпен еңбек етеді, тосқауыл-бөгеттер мен қиыншылықтарды бірге жеңіп, жеткен

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 23-бет.

жетістіктеріне бірге қуанады. Әлеуметтік ынтымақтастық идеясы да осы бірлікті күшейтуге, ортақ мақсат жолында бірегей халық болып алға ұмтылуға қызмет етеді.



Әлеуметтік ынтымақтастық белгілі бір істі, міндетті көпшілік болып атқаруды, яғни бірлескен іс-қимылды білдіреді.

Әлеуметтік ынтымақтастық идеясы еліміздегі әрбір адам өзін осы мемлекеттің азаматымын, оның аумағында жасайтын ұлы халықтың өкілімін деп сезінуіне бағытталғанымен өте маңызды болып табылады. Отандастарымыздың өзара ынтымақшыл болып, бір-бірін қадірлеуі, Отан мүдделеріне қайшы келетін істі өз мүддесіне де қайшы деп санауы қоғамымыздағы жалпыұлттық бірлікті одан әрі нығайта түседі.

Әлеуметтік ынтымақтастық кез келген қоғам үшін өмірлік қажеттілік болып саналады. Өйткені бұндай ынтымақтастық болмаса, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштық та, өзара ұйымшылдық мен татулық та болмайды. Ал бұндай құндылықтары баянды болмаған мемлекет ешқашан дамып-өркендемейді.

Әлеуметтік ынтымақтастықтың қарама-қарсысы — өзара келіспеушілік, дұрдараздық пен дау-жанжал болып табылады. Бұндай келеңсіз көріністер ешқашан жақсылыққа апармайды. Өйткені әлеуметтік ынтымақтастық болмаған жерде бейберекеттік, тәртіпсіздік, жүгенсіздік билік құрады. Ал бір күн жанжал шыққан жерден қырық күн береке кететіні белгілі. Бұған өткен тарихтан да, бүгінгі заманымыздан да көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Сайыпқыран Әмір Темірдің қазасынан кейін темурилер әулетінің шахзадалары ортасында әлеуметтік ынтымақтастық, ұйымшылдық болмағаны себепті алып держава бірнеше хандықтарға бөлшектеніп кетті. Осының салдарынан елдің тыныштығы бұзылды, бытыраңқылық орын алды; өзара кикілжіндер өрістеп, тұрмыстан береке кетті.



«Бұл өмірдің аяушылық дегенді білмейтін бір заңдылығы бар. Яғни тарихтың күрделі де шешуші бұрылыс сәтінде кез келген ұлт пен ұлыс өзінің ұйымшылдығы мен бірлігін сақтап, өз ұлттық мүдделері жолында қатаң тұрмаса, жауапкершілігі мен сергектігін жоғалтса, ақыр соңында өзінің ең үлкен, теңдесі жоқ байлығы болып



саналатын тәуелсіздігі мен азаттығынан айырылып қалуы сөзсіз»¹.

Демек, тәуелсіз де еркін өмірді сақтап қалудың ең маңызды шарттарының бірі — қоғамда әлеуметтік ынтымақтастыққа, өзара құрмет пен сыйластыққа негізделген ортаны ұдайы қадірлеп, нығайтып отыру.

Адамдармен ынтымақтасып өмір сүру күнделікті тұрмыста өте-мөте қажет. Мәселен, сен кейбір пәндер бойынша берілген тапсырмаларды ең жақын достарыңмен бірге орындайсың. Бұл да — өзіне тән ынтымақтастық болып табылады. Шағын кәсіпорын ашып, бизнеспен айналыспақ болған кәсіпкер өзінің қаржысы жетпей қалса қайтеді? Ол мемлекеттен несие, яғни қарыз алады немесе өзі сияқты басқа бір кәсіпкермен бірге ортаға қаржы салып, жұмыс жүргізеді. Бұл да — ынтымақтастықтың бір түрі.



Диқан өзінің қарауындағы алқаптан мол өнім өндірді. Бірақ бұл өнімді қайта өңдеп, шәрбат пен тосап дайындау үшін оның өз кәсіпорны жоқ. Қане, айта ғойшы, диқан бұндай жағдайда не істейді?

Әр түрлі тайпалардың, ұлттар мен ұлыстардың өкілдері ортасында ынтымақ пен ұйымшылдықтың жоқтығы себепті әлемнің кейбір аумақтарында тынышсыздық болып, соғыстар мен жанжалдар өршіп барады, қаншама бейкүнә адамдар құрбан болып, халықтың өмір сүру деңгейі күрт төмендеп барады.

Әлеуметтік ынтымақтастық нығайған жерде қаншалықты жоғары дамуға жетуге болатынын Жапония қоғамы мысалынан айқын көруге болады. Бұл мемлекеттің азаматтары тіліне, дініне, ұлты мен әлеуметтік тегіне қарамай, Жапонияның жалпы мүдделері жолында бірігеді, өздерін біртұтас халықтың өкілдеріміз деп санайды. Қоғамның дамуы жолындағы кез келген проблема ынтымақтастық негізінде мемлекет халқының ортақ мүдделері пайдасына

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 51-бет.

шешіледі. Бұны Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жапон халқының қайта бірлесіп, өте мешеу күйге түскен мемлекетті әлемдегі ең алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер сапына алып шыққанынан көруге болады.

Қоғамда әлеуметтік ынтымақтастық ортаны қалыптастыруда саяси көшбасшылар ерекше орын иелейді. Олар жанқиярлық пен патриотизм үлгілерін көрсетіп, дүниетанымдары әр түрлі топтар мен таптарды бірлестіреді, ортақ мақсаттар жолында ынтымақтастық жасауға шақырады. Өткен ғасырдың 90-жылдарында Президент Ислам Каримов бүкіл халықты тәуелсіздік идеясы төңірегіне бірлестіріп, берік әлеуметтік ынтымақтастық ортаны қалыптастырды. Осының арқасында еліміз тәуелсіздікке ие болды.

Елбасымыздың «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітабында бұл жөнінде көптеген өмірлік мысалдар, тарихи айғақтар келтірілген.

Ежелгі ертегілерде де адамдар бірлікке, ынтымақтастыққа шақырылған. Сен өзбек халық ертегілерінен бір данышпан әке өз ұлдарына бір-біреуден шырпы беріп: «Қане, сындырындаршы», — дегенде, олар шырпыны оп-оңай ғана сындырғанын жақсы білесің. Бірақ әке шырпылардың барлығын жинап: «Ал, қане, енді сындырып көріңдерші», — дегені де есінде шығар. Бір буда шырпыны бірден сындыру оңайға соқпайды, әрине. Неге? Өйткені күштер бірлескенде оларды жеңуге болмайды.



Шөл даладағы сексеуілдер, түрлі өсімдіктер мен бұталар неліктен жеке емес, топ-топ болып, шоғырлана өседі?

Олар бұндай жағдайда күшті жел мен құмды бұрқасындарға, сусыздыққа қалай шыдайды?

Егер назар аударған болсаң, ұзақ сапарға аттанған құстар да топ-тобымен ұшады. Өйткені олар таулардан, теңіздерден, шөлдер мен шөлейттерден өтіп бара жатқанда бір-біріне медет, демеу көрсетеді.

Әлеуметтік ынтымақтастық идеясы да халықтарды, бүкіл адамзатты нақ солай бірлестіріп, түрлі қауіп-қатерлерді жеңуге, жақсылыққа қарай ұмтылуға үндейді.

Халқымыз атам заманнан бері ұйымшылдық пен ауызбірлікті, яғни бүгінгі тілмен айтқанда, әлеуметтік ынтымақтастықты қолдап келеді. Ата-бабаларымыз әлеуметтік ынтымақтастықтың негізін жанұядан қалауға айрықша көңіл

бөлген. Ұлттық құндылықтарда да өзара ынтымақтастық ұлықталады. Көпшіліктің қатысуымен өтетін той-тамашалар, асарлар, ауылдастық, көрші-қоландық дәстүрлер де осы мақсатқа қызмет етеді.

Сонымен қатар еліміздің Конституциясы, заңдар, мемлекеттік және беймемлекеттік ұйымдар, өзін-өзі басқару кеңселері, оқу-тәрбие, мәдениет мекемелері, түрлі іс-шаралар мен жиындар да әлеуметтік ынтымақтастықты орнықтыруда айрықша орын иелейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әлеуметтік ынтымақтастық идеясы қандай игі мақсаттарға қызмет етеді?
2. «Бірлескен озар, бірлеспеген тозар» деген мақалдың мағынасын сипаттап беруге әрекет жаса. Осыған мазмұндас қандай мақалдарды білесің?
3. Бүгінгі таңда әлеуметтік ынтымақтастық негізінде алға басқан мемлекеттерді атай аласың ба?
4. Халқымыздың өзара ұйымшылдықты, ауызбірлік пен ынтымақтастықты қалай қадірлегеніне мысалдар келтір.
5. Сен үйде, мектебінде кімдермен, қандай істерді орындау бойынша ынтымақтастық жасайсың?
6. Әлеуметтік ынтымақтастық кез келген қоғам үшін өмірлік қажеттілік болып табылатынын мысалдармен дәлелде.
7. Мына суреттерге қарай отырып, бірлік пен ынтымақтастықтың маңызы жөнінде әңгімелеп бер.



ҰЛТАРАЛЫҚ ҰЙЫМШЫЛДЫҚ

Қымбатты оқушы, біздің Отанымыз — Өзбекстан көпұлтты мемлекет. Елімізде өзбектермен қатар жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері де тату-тәтті, ынтымақты өмір сүріп келеді.



Ұлтаралық ұйымшылдық — жалпыадамилық құндылық. Ол бір қоғамда өмір сүріп, ортақ мақсат жолында еңбек етіп жатқан түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің бірлігін нығайтады, бейбітшілік пен тұрақтылықтың, прогрестің маңызды факторы болып қызмет етеді.

Бұл әлемдегі әрбір ұлт — Жаратқанның ұлы кереметі. Өйткені әрбір ұлт бүкіл адамзатқа тән өте құнды қасиеттерді өз тілі, өз құндылықтары мен дәстүрлері, қайталанбас тұрмыс-салты арқылы тамаша пішінде паш етеді. Бір ұлттың өкілі өзге ұлт өкілінің өмірімен, тұрмыс-салтымен танысқанда, өзі үшін тың білім мен қорытындылар алады, тәжірибе арттырады.



Ұлттар мен ұлыстар санының көптігі және алуан түрлілігі адамға өздігін тану, ұлттық және жалпыадамилық құндылықтардың адам өміріндегі орны мен маңызын түсініп алу мүмкіндігін береді.

Барлық адамдардың ертедегі тамырлары ортақ және тығыз байланысты екендігі белгілі. Әлемдегі түрлі ұлттардың тілі, тұрмыс-салты және әдет-ғұрыптары бір-бірінен өзгешелеу болғанымен, олардың арман-ұмтылыстары, материалдық және рухани сұранымдары, өмірлік философиясы бір-біріне етене жақын. Барлық ұлттардың өкілдері азат та еркін өмір сүруді, отбасын құрып, перзент өсіруді, артында мұрагер қалдыруды, ән салып, би билеп, өмірден ләззат алуды, ең бастысы — бақытты болуды қалайды.

Сонымен қатар ізгілікті қадірлеп, жауыздықты қаралайды. Бұны тарихи мысалдар да айқын дәлелдейді. Мысалы, өткен ғасырда фашизм әлем халықтарының өміріне қауіп төндіргенде, бүкіл адамзат оған қарсы күреске шыққан болатын.

2011 жылдың наурыз айында Жапонияда күшті жер сілкінудің салдарынан қалалар мен селолар қирап, мыңдаған адамдар опат болды. Бұл ел ауыр жағдайда қалғанда, әлемдегі барша мемлекеттер мен ұлт өкілдері жапон халқының басына түскен қайғылы күндерде бірге болып, көмек қолдарын созды, өтеусіз жәрдемдерін аямады.

Біздің ұлттық идеямыз халқымыздың арман-ұмтылыстарын шынайы бейнелегендіктен кез келген ұлтшылдықтан, басқа ұлттар мен ұлыстарды менсінбеушіліктен мүлдем таза. Халқымыз ежелден-ақ достық, туыскандық идеяларын ұлықтап, өзге ұлт өкілдерімен тыныштық, ынтымақтастық, бірлік, мейір-шапағат негізінде өмір сүреді.

Еліміз айналасындағы, әлемнің шалғай аймақтарындағы халықтармен де атам заманнан бері ынтымақтастыққа ұмтылып келген. Сайыпқыран Әмір Темір бабамыздың Франция королімен хат арқылы пікір алмасқаны, Еуропаның басқа мемлекеттерімен, атап айтқанда, Англия королі Генрих III де Трастамарабармен дипломатиялық байланыстар орнатқаны осының жарқын дәлелі болып табылады.

Ұлтаралық ынтымақтастық идеясы халқымыздың ізгі



адамилық қасиеттерін бейнелейді және келешекте бұл дәстүрлерді одан әрі байыту мен дамытуды көздейді. Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан әлемдегі барлық халықтармен және мемлекеттермен достық қарым-қатынастар орнатып, оларды дәйім нығайтып келе жатқаны ұлтаралық ынтымақтастықты нығайту ісіне лайықты үлес болып қосылуда. Бүгінгі таңда еліміз әлемдегі түрлі мемлекеттермен ұзақ мерзімге жасалған ынтымақтастық келісім шартта-

ры негизінде өзара мүдделі достық байланыстарды дамытып келеді.

Ұлтаралық ынтымақтастыққа іріткі салатын індеттердің бірі — ұлтшылдық пен шовинизм. Бұндай зиянды идеялардың ықпалына түскен қоғам апатқа ұшырайды. XX ғасырда әлемнің көптеген халықтарын езіп-жаншуға ұмтылған фашизм идеясы бұған мысал бола алады.



Ұлтшылдық — тек бір ұлтты дәріптеп, басқа ұлттарды кемсіту, ұлтқа жіктеу дегенді білдіреді.

Шовинизм — ұлтшылдықтың бір түрі ретінде өзге ұлттарды менсінбеу, өзін өзгелерден жоғары қою арқылы ұлт араздығын қоздыру.

«Фашизм» — итальян тілінде буда, бау деген мағынаны білдіреді де, бұл атаумен жаппай қырғын мен зорлық-шылдық саясат жүргізетін қара ниетті күштер айтылады.

Қазіргі таңда да түрлі идеялық және идеологиялық жолдармен белгілі бір халыққа немесе ұлтқа тән әдет-ғұрыпты, салт-дәстүр мен құндылықтарды кемсітуге, жойып жіберуге бағытталған қатерлер байқалып тұр. Бұндай қаскөйліктердің арбауына ілігіп қалмау үшін әрқашан сергек те қырағы болу, ғылым мен ағартуға сүйеніп өмір сүру талап етіледі. Бұл туралы ой қозғалғанда, Елбасының төмендегі толғаныстарын естен шығармауға тиіспіз:



«Егер әскери, экономикалық, саяси қысым жасалса, оны сезуге, көруге, алдын алуға болады, бірақ идеологиялық қысымды, оның ықпалы мен салдарын жедел аңғарып, пайымдау өте қиын. Міне, осындай жағдайда адам дербес тәуелсіз пікірге, заман тезінен өткен өмірлік-ұлттық құндылықтарға, салауатты негізде қалыптасқан дүниетаным мен берік жігерге ие болмаса, алуан түрлі рухани қауіп-қатерлерге, олардың біресе ашықтан-ашық, біресе астыртын жүргізетін ықпал-әсеріне шыдап тұруы неғайбіл»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 113-бет.

Сонымен, белгілі бір мемлекетке өз атын берген ұлт пен онда жасайтын басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдері ортасындағы ынтымақтастық әлеуметтік прогрестің ең маңызды факторларының бірі екенін біліп алдық.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Біздің Отанымыз — Өзбекстан қандай мемлекет?
2. «Осы ғазиз Отан — баршамыздікі» идеясының мағынасын түсіндіріп беруге әрекет жаса.
3. Ұлтаралық ынтымақтастық идеясы неліктен жалпыадамилық құндылық болып саналады?
4. Неліктен әрбір ұлтты Жаратқанның ұлы кереметі дейміз?
5. Әлемдегі барлық адамдардың тамыры ортақ дегенде нені түсінесің?
6. Халқымызға тән достық, туысқандық қасиеттер туралы тарихи мысалдар келтір.
7. Әлемде ұлтаралық ынтымақтастыққа іріткі салатын індеттер бар екендігі жөнінде әңгімеле.
8. Мына суреттерде бейнеленген жағдайлар ұлтаралық достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қандай септігін тигізетіні жөнінде әңгімелеп бер.



ДИНАРАЛЫҚ БАУЫРМАЛДЫҚ

Адам өмірінде басқа құндылықтармен қатар дін және діни дәстүрлер де маңызды орын иелейді. Дін сонау ерте замандардан-ақ адамзат үшін қажетті болған адалдық, пәктік, нысаптылық секілді ұғымдарды өз бойына жинақтап, адам баласын өзара дос және бауыр болып, тату-тәтті өмір сүруге үндеп келеді. Көптеген ұлттық құндылықтардың осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқаны да діннің осындай қасиеттеріне байланысты.



«Дін» — араб сөзі, ол сенім дегенді білдіреді. Дін — жаратылыстан тыс ғайыптық күштерге сену негізінде қалыптасқан ұғымдар, түсініктер мен қағидалар жүйесі.



Елбасымыз діннің мағына-мазмұнын төмендегідей сипаттайды: **«Дін атам заманнан руханияттың құрамдас бөлігі ретінде адамзаттың асқақ идеалдарын, шындық пен ақиқат, нысап пен әділет жөніндегі арман-тілектерін өзіне жинақтаған, оларды бұлжымайтын қағидалар түрінде нығайтып келе жатқан идеялар мен көзқарастардың біртұтас жүйесі болып табылады»¹.**

Әлемдегі барлық діндер ізгілік идеяларына негізделеді. Олар адамдарды туралыққа, рақымдылық пен бауырмалдыққа, біреуге азар бермеуге, жаман істерден тыйылуға, нәпсіқұмарлыққа беріліп, түзу жолдан адаспауға шақырады. Діни бауырмалдық идеясы барша діндерге тән осындай жалпы қағидаттарды ескере отырып, олардың арасында ынтымақтастық орнатуға қызмет етеді. Сондай-ақ барлық діндер өкілдерін, олар орындайтын діни рәсімдер мен жоралғыларды құрметтеуде, олардың күш-мүмкіндіктерін

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 36-бет.

мамлекеттін, қоғамның, бүкіл адамзаттың ізгі мақсаттарына қызмет еткізуде маңызды орын иелейді.



Дінаралық бауырмалдық деп, түрлі дін өкілдерінің өзара құрмет негізінде, асқақ идеялар мен ниеттер жолында ынтымақтас және ұйымшыл болып өмір сүруі айтылады.

Қазіргі уақытта дінаралық бауырмалдыққа жету үшін олардың арасында мәдени диалог, практикалық ынтымақтастық байланыстар орнату қолға алынған. Әсіресе соңғы ғасырда адамзаттың басына төнген қауіп-қатерлер — ядролық соғыс қаупі, экологиялық апаттар, лаңкестік пен діни содырлық тәрізді бүліншіліктер діндерді ізгілік, барлық адамдар үшін ортақ ғаламшарымызды аман сақтап қалу жолында бірлесуге және ынтымақтастық жасауға шақыруда.

Барлық діндердің мән-мазмұнын ізгілік, Жаратқанға және оның құдіретіне сену, мейір-шапағат сынды ұғымдар құрайтындықтан, нақ осы ұғымдар түрлі діндер өкілдерін диалогқа, ынтымақтастыққа шақыратын ортақ іргетас болып қызмет етеді.

Бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңызды шарты болып табылатын дінаралық бауырмалдық идеясы бүгінде тек діндарлардың ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамдастық мүшелерінің ынтымақтастығын да көздейді, ынтымақтастыққа жетудің маңызды факторларының бірі болып саналады.

Біздің еліміз аумағында ерте замандардан бері ислам, насрани (христиан), буддизм секілді діндер өзара ынтымақ-



тас болып өмір сүрген. Сондықтан да сан ғасырлар бойы ірі қалаларымызда мұсылман мешіттері, христиан шіркеулері, буддистер ғибадатханалары қатар жұмыс жүргізген. Өйткені ертедегі Жібек жолы біздің ірі қалаларымыз арқылы өткен. Сол себепті елімізге түрлі діндердің өкілдері де келіп, тұрақтап қалған. Олардың өз діни сенімдері негізінде еркін жүріп-тұруы-

на, діни рәсім-жоралғыларын орындауына ешкім кедергі жасамаған. Елімізде тарихтың ең күрделі кезеңдерінде де діни келіспеушіліктер болған емес. Ежелгі қалаларымыздан табылған әр түрлі бұйымдар мен көне жәдігерліктер де осыны дәлелдейді.

Діни бауырмалдық саласындағы іс-әрекеттер бүгінгі таңда да жүріп жатыр. Олардың барлығы да біздің еліміздің дінаралық бауырмалдық бойынша жинақтаған тәжірибеміздің бай екенін ағартады.



Халқымыз өзінің бауырмалдық қасиеттерімен, қайсы ұлтқа немесе қай дінге жататындығына қарамастан, адам баласын құрметтеуді бірінші орынға қояды, көмекке мұқтаж болған түрлі халықтар мен ұлттардың өкілдерінен мейірімін де, материалдық жәрдемін де аямаған. Бұған тарихтан мысалдар келтірейік. Әсіресе 1939 жылы басталып, 1945 жылға дейін созылған Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде халқымыздың жоғары адамгершілік қасиеттері тағы да сыннан өтті. Бұрынғы КСРО мемлекетінің батыс өлкелеріндегі көптеген қалалар мен селолар, тұтас аумақтар соғыс өрті ішінде қалып қойған. Ол жерлерде жасайтын бейбіт халық — балалар, әйелдер, қарттар мен мүгедектер шұғыл түрде соғыс түтіні әлі жетіп бармаған ішкі өлкелерге көшіріледі. Соның ішінде біздің күн шуақты өлкемізге де миллиондаған аш-жалаңаш, баспанасыз, күтімсіз адамдар әкелінеді. Халқымыз сол ауыр кезеңде бар тапқанын майданға жөнелтіп, өздері қиындықта қалғанына қарамай, түрлі ұлт пен дін өкілдерінен құралған сол адамдарды өз қамқорлығына алады. Оларға киім-кешек, баспана береді, өз нанын олармен бөлісіп жейді. Бұл — нағыз адамгершіліктің, бауырмалдық пен мейір-шапағаттың үлгісі болатын. Біз еліміздің осындай қасиеттерін қаншалықты мақтан тұтсақ та арзиды.

Халқымыздың бұндай асқақ қасиеттері мемлекеттік әнұранда да көрініс тапқан:

*Бағрикенг ўзбекнинг ўчмас йимони —
Эркин, ёш авлодлар сенга зўр қанот.
Истиқлол машъали, тинчлик посбони,
Ҳақсевар она юрт, мангу бўл обод.*

Бүгінгі таңда елімізде барлық діни конфессиялардың қызметіне қолайлы жағдайлар туғызылған. Бұл саладағы құқықтық негіздер Өзбекстан Конституциясы мен «Ұждан еркіндігі және діни ұйымдар туралы» заңда белгіленген. Елімізде оннан астам конфессияға жататын діни ұйымдар бар.

Мемлекетте түрлі ұлттар мен діндер өкілдерінің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылғаны, діннің түпкі маңызын түсінуге көмектесетін білім-ағарту орындары мен ақпарат көздерінің көбейіп келе жатқаны да дінаралық бауырмалдықтың күшеюіне негіз болып отыр.

Қорыта айтқанда, дінаралық бауырмалдық идеясы адамзаттың ағартушылық негізде, өзара ынтымақпен алға басу қажеттілігінен туындаған, ол ізгілік жолындағы ынтымақтастық барлық дін өкілдерінің мүдделеріне сай келетінін ұғынуға және сол негізде қимыл жасауға шақырады.

Қымбатты оқушы, міне, ұлттық идеямыздың өзара байланысты құрамдас бөліктерін құрайтын маңызды ұғымдармен және қағидаттармен қысқа танысып шықтық. Мынаны есте сақта, ұлттық идеямызда шоғырланған ұлы мақсаттарды жүзеге асыру ең алдымен қоғамымыздың және сол қоғамның мүшесі болған кез келген адамның осы мақсаттарды терең түсініп, оларды жүзеге асыру жолында жанқиярлықпен еңбек етуіне, оқу мен жұмыстағы белсенділігіне байланысты. Сондықтан ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттарын білумен ғана шектеліп қалмай, оларды жүзеге асыру ісіне үлес қосуға әрекет жаса. Сонда сен, әрине, ұлы Отанымызға лайықты перзент болып өлесің, көздеген мақсаттарыңа да жетесің.



Толеранттық — бауырмалдық сөзінің мағыналасы, шыдам, төзімділік, сабыр сақтау, кеңпейілділік дейтін мазмұндарда қолданылады.

Діни конфессия — белгілі бір дінге табынатын адамдар қауымы.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дін атаулы ерте замандардан бері қандай идеяларды жүзеге асыруға қызмет етіп келеді?
2. Елбасымыздың дін жөнінде айтқан пікірлерін есіңе түсір.
3. Бүгінгі таңда дінаралық бауырмалдықты нығайту бойынша қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?
4. Еліміздің аумағында ерте замандардан бері ынтымақпен дамып келе жатқан қандай діндерді білесің?
5. Суреттерге қарай отырып, бауырмалдық қасиеттер жайлы әңгімеле.

А)




Б)



Ә)



В)





РУХАНИЯТТЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТТАРЫ

ҚАУЫМ СЕЗІМІ

Бұдан бұрынғы сабақтарда айтқанымыздай, ұлттық идея мен руханият халықтың жан дүниесі мен рухын, оған тән ең маңызды қасиеттерді сипаттайды. Бұл туралы сөз қозғалғанда, халқымыздың атам замандардан-ақ отырықты өмір сүріп, қауымдасу негізінде өзара тату-тәтті жасап келгенін атап өтуге тиіспіз. Президентіміз Ислам Каримов «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында тұрмыс-салтымызға сіңіп кеткен қасиеттерге жан-жақты тоқталып, халқымыздың неше замандардан бері басып өткен күрделі де абыройлы жолын өмірлік үзінділер арқылы суреттеп береді.



«Кез келген халықтың яки ұлттың ой-санасы, тұрмыс-салты, рухани көзқарастары өзінен-өзі, бос кеңістікте қалыптаса қоймайтыны белгілі. Олардың пайда болуы мен дамуына нақты тарихи, табиғи және әлеуметтік факторлар негіз болатынын жақсы білеміз. Мысалы, Шығыс әлемінде, атап айтқанда, өзіміздің Орта Азия жағдайында қауымдасып өмір сүру сезімі өте маңызды рөл атқарады және ол адамдарды бір-біріне жақындатуға, бір-бірін қолдап, сүйеніш болып өмір сүруге іргетас қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың тұрмыс және ойлау салтына назар аударсақ, өзгелерге еш ұқсамайтын, мыңдаған жылдар барысында қалыптасқан, тек өзара мәміле емес, өміріміздің мызғымас бір бөлшегі ретінде көрініс табатын бірқатар өзіндік ерекшеліктерді көреміз»¹.

Мысалы, ана тіліміздегі мейір-шапағат, мейір-махаббат, мейір-сүйіспеншілік, қадір-құрмет деген, бірін-бірі байытып тұратын сөздер көбінесе біздің халқымызға жақын әрі түсінікті ұғымдар болады да, өзге тілдерге аударуда қиындық туғызады. Өйткені бұл ұғымдар халқымыздың өмірімен, тарихы-

¹ Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 7—8-беттер.

мен, ұлттық құндылықтарымен біте қайнасып, оның тұрмыс-салтының, дүниетанымының мызғымас бөлігіне айналған.

Әрине, бұл ұғымдар құлаққа жағымды естілуі үшін әлдекім ойлап тапқан сөздер емес. Олар сан ғасырлар барысында халқымыздың рухани өмірінің негізі ретінде пайда болған, ой-санамыз бен жан дүниемізден терең орын алған ұлы құндылықтардың практикалық көрінісі болып табылады.



«Мәселен, ізгі әдетімізге айналып кеткен мейір-шапағат ұғымын алатын болсақ, оның өте терең тарихи, ұлттық, діни тамырлары бар екенін көреміз. Бұл ең алдымен адамның адаммен, көршінің көршімен, туыстың туыспен, жанұяның жанұямен, ең маңыздысы, тұлғаның қоғаммен үйлесімді өмір сүруін, жетім-жесірге, мүсәпірлер мен мүгедектерге, ғаріптерге жомарттық көрсетуді, шын жүректен, өтеусіз қайырымдылық жәрдемін беруді аңғартады және бұндай ерекшелік халқымыздың рухани дүниесіне сіңіп кеткенін ешкім жоққа шығара алмайды»¹.

Біз жасайтын қазіргі Өзбекстан, Орта Азия аумағында халық ежелден шұраттарда, үлкен су көздерінің — өзендер мен анхорлардың бойында өмір сүрген. Айнала төңірегі шөл-шөлейттермен қоршалған, табиғаты мен климаты өте күрделі, ауа райы жедел өзгеріп тұратын бұл аумақтағы жағдайдың өзі жергілікті ұлттар мен ұлыстардың мыңдаған жылдар бойы бір-бірімен қоян-қолтық араласып, бір-бірінің ауырын жеңілдетіп өмір сүруін талап еткен, яғни бұл топырақта жасайтын адамдардың бытыраңқы өмір сүруіне мүмкіндік болмаған. Табиғаттың өзі, өмірдің өзі оларды қауымдасып тіршілік етуге бейімдеген. Бұлайша өмір сүру салты табиғи түрде адамдарды бір-бірінің хал-жағдайынан хабардар болуға, қуаныш-реніштерін бірге бөлісіп, тойда да, азалы күнде де өмір арбасын бірге тартуға үйреткен, адамдардың жүрегінде көпшіліктің пікірін құрметтеу сезімін оятып, күшейткен.

Қауымдасу белгілері бүгінгі таңда да өмірімізден елеулі орын алып келеді. Әсіресе тәуелсіздік жылдарында махалла институтының қайта тіктеліп, оған азаматтардың өзін-өзі басқару кеңсесі қалыбының берілуі қауымдасуға байланысты дәстүрлер мен құндылықтардың, әдет-ғұрыптардың

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 8–9-беттер.

тұрмыс-салтынан бұрынғыдан да тереңірек орын алуына елеулі септігін тигізіп келеді. Мәселен, асар, той-тамашаларды махалла тұрғындарымен ақылдасып өткізу, Наурыз мереке-сінде әлім ботқа, сумалак секілді көктем тағамдарын дайындау, түрлі ойын-сауықтар ұйымдастыру, көмекке мұқтаж, асыраушысы жоқ адамдардан хабар алып тұру, оларға өтеусіз жәрдем көрсету, табысы аз жанұяларды қолдау, жастардың ақылақтық-рухани тәрбиесіне, махалладағы тазалық пен көріктендіруге көңіл бөлу тақылеттес құндылықтар солардың қатарынан. Айталық, асар — нағыз ұжымдық еңбектің, ұжымдық жігердің жарқын көрінісі. Бұл шара арқылы баршаға бірдей қатысы бар істер жүзеге асырылады. Анығырақ айтсақ, махалла, ауыл-қыстақ немесе қала көшелері тазартылады, абаттандырылады, көпшілік орындар — махалла гузары, шайхана, дүкен немесе асханалар ретке келтіріледі. Асар жолымен көмекке мұқтаж адамдардың кем-кетігі дұрысталады, оларға материалдық және іс жүзіндік жәрдем беріледі.



Ұжымдық өмір адамды айналасындағы жұртшылықтың қуаныш-реніштеріне немкетті қарамауға, өзгелер үшін күйініп, тек өзін ғана емес, өзгелерді де ойлап өмір сүруге баулиды. Ал бұл — нағыз адамгершілік болып табылады.



Қауымдасу мен адамгершілік — өзара жақын әрі тығыз байланысты ұғымдар. Мейір-шапағат, ар-намыс, өзгелердің алдында өзін ұстай білу, рақымдылық, қайырымдылық, жомарттық, ортақтасу, ынтымақтастық сияқты адам баласы үшін ең зәру, ең құнды сезімдер мен ұғымдар осындай ұжымдаса өмір сүру негізінде пайда болып, дамиды.

Бізде ұжымдасу дәстүрлері күшті болғандықтан, бірер істі бастаудан бұрын көпшіліктен ақыл-кеңес сұралады. Көпшілік мақұлдаған іс міндетті түрде соңына жеткізіледі. Қауымның құрметіне ие болған адам абыройлы адам болып саналады. Әрине, бұл дәрежеге жету оңай емес. Бұл үшін адал еңбек ету, көптің мүддесі мен өз мүддесін үндестіріп өмір сүру, өзгелердің көңіліне қаяу түсірмеу талап етіледі.

Адам жаратылысынан-ақ әрдайым біреумен әңгіме-дүкен құрып, пікір алмасып, ынтымақтаса өмір сүруге бейім. Ағылшын жазушысы Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» романының кейіпкері адамсыз аралға тап болғанда, шерін тарқататын, мұнын бөлісетін бірер жан жоқтықтан

қаншалықты қиналғанын көз алдына елестетіп көрші. Ол байғұс не істеу керектігін білмей, жануарлармен, өсімдіктермен «әңгіме-дүкен құрғаны» адамзат өмірінде қауымның орны өлшеусіз екенін білдіреді.

Өзара пікірлес адамдардың ұйымшыл ұжым болып әрекет жасауы күнделікті өмірде де, қызмет бабы мен еңбекте де елеулі табыстардың негізі болады. Егер сен назар аударған болсаң, беделді спорт жарыстарында қайсы команда ұйымшыл, ынтымақшыл болса, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әрекет жасаса, сол команда жеңіске жететіні сөзсіз. Бұнда әрбір адамның өзіне тән қабілеті мен таланты, шыныққандығы мен рухани кемелдігі де ескеріледі. Әрбір адам өзінің жеке басының ерекшеліктерін, бет-бейнесін сақтап қала отырып, сол ұжымнан өз орнын таба білуге және өзіне лайықты міндетті орындауға тиіс. Сонда ғана бұндай ұжым ең мықты ұжым болады.



Индивидуалдық — тек бір адамға ғана тән ерекшеліктер мен белгілердің көрінісі, адам үшін бұл да ең қажетті қасиет болып табылады. Бірақ индивидуалдық тек өзін ғана дәріптеп, өзін басқалардан жоғарымын деп санауға, тек жеке мүддесін ойлап өмір сүруге айналып кетсе, онда адамның өзі үшін де, қоғам үшін де зиянды болады.

Ұжымның ең құнды қасиеті сол, ол қайталанбас, бір-біріне еш ұқсамайтын адамдарды оларды қызықтыратын, жеке мүдделеріне қатысы бар мақсаттар негізінде бірлестіреді, адамды қарапайым, адал, басқалардың қуаныш-ренішін бөлісетін болуға үйретеді. Бұнда, әсіресе, жетекшілердің орны айрықша. Олар ұжымның бірігіп әрекет жасауын, ерік-жігерлерін көрсетуін, ортақ көңіл күйлері мен ұмтылыстарын белгілейді. Жетекші қаншалық күшті, жігерлі, алған бетінен қайтпайтын өжет болса, ұжым да соншалықты мықты болады.



Оқып жатқан сыныбың мен мектебің, жанұяң, махаллаң немесе ауылың — сен үшін сүйікті ұжымың болып табылады. Сенің дүниетанымың, қасиеттерің нақ осы ұжымда қалыптасады.

Сенің ата-анаң жұмыс істейтін жер — еңбек ұжымы болып саналады. Адамның білімі мен тәжірибесінің, білігінің артуында, қасиеттеріне қасиет қосылуында, еңбек, ұстаз-

шәкірт дәстүрлерінің дамуында, адал табыс, ризық-несібе тауып өмір сүруінде еңбек ұжымының иелейтін орны өлшеусіз.

Тереңірек ойлап көрсек, баршамызды бауырына басып есейткен, нан мен тұз, білім мен ағарту берген Отан-анамыз да түрлі ұлттар мен ұлыстарға жататын, көзқарастары мен мүдделері алуан түрлі адамдардан құралған алып ұжым болып табылады. Бұл ұжымның жетекшісі — Өзбекстан Президенті. Елбасымыз осы адамдардың арман-ұмтылыстарына толығымен жауап беретін биік мақсаттарды белгілеп, халқымызды жаңа қоғам орнату жолымен нық бастап барады. Азаматтардың жанқиярлық еңбегі, өзара ұйымшылдығы мен біртұтас ұжым болып алға қарай ұмтылуы себепті еліміз елеулі табыстар мен нәтижелерге қол жеткізіп, әлемдік қауымдастықтан лайықты орын иелеуде. Бұл, әрине, баршамызды қуанытып, алдағы уақытта осы халықтың лайықты перзенті болуға, мемлекеттің гүлденуі жолында қажырлылықпен қызмет етуге шақырады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халқымыздың өзіне тән ерекшеліктері дегенде нені түсінесің?
2. Ана тіліміздегі мейір-шапағат, мейір-махаббат, мейір-сүйіспеншілік, қадір-құрмет деген тіркестерді неліктен басқа тілдерге аудару қиын?
3. Ата-бабаларымызды атам заманнан ұжымдасып өмір сүруге үндеген себептерді білесің бе?
4. Тәуелсіздік жылдарында қауымдасуға тән қандай дәстүрлер мен құндылықтар тіктелді?
5. Қауымда жетекшінің рөлі мен ықпалы қандай болады?
6. Сен бірер ұжымға жетекші болып көрдің бе?
7. Ұжымнан бөлек жасау мүмкін еместігін өмірлік мысалдар арқылы түсіндір.
8. Төмендегі суреттерде халқымызға тән қандай қасиеттер бейнеленгені жөнінде әңгімеле.



АДАМДЫ ҰҒЫНУ

Қымбатты оқушы, руханиятты адамнан, оның жан дүниесінен, ой-санасы мен дүниетанымынан бөлек елестетуге болмайды. Сондықтан да Президент Ислам Каримов: **«Руханиятты түсіну, ұғыну үшін алдымен адамды түсініп, ұғыну керек»¹**, — деп атап көрсетеді.



Адамды ұғыну аса маңызды қасиет әрі мәдениет болып табылады. Ол гуманизмнің, яғни адамгершіліктің негізін белгілейтін жалпыадамилық құндылықтар қатарына жатады.



Адамды ұғыну — өте ерте замандардан бері ғалымдар мен философтарды, ақындарды, суретшілер мен сазгерлерді, сан түрлі мамандық иелерін ойландырып келе жатқан аса күрделі мәселе.

Әлемдегі қаншама кітаптар, музыка және бейнелеу өнері туындылары нақ осы проблемаға — адамды түсіну тақырыбына арналған. Соған қарамай, бүгінгі таңда да адам жөнінде анық әрі толық бірер сипаттау айта алмаймыз. Өйткені әрбір адам — бүкіл бір дүние. Табиғаттың, қоғамның өзгеруіне қарай ол да өзгереді.



Адамды түсіну кісіден өте үлкен білім мен тәжірибені, ең маңыздысы, кіршіксіз сезім-түйсіктерді, түпсіз тұңғық жүректі талап етеді.

Адамды ешқандай күшпен яки қарумен женуге, оның жүрегін, рухын бойсұндыруға болмайды. Тек жүрегіне жол табу арқылы ғана онымен достасуға және ынтымақтасуға болады.

Адамды түсінуде ол шыққан халық пен ел туралы, оның ата-бабалары туралы білудің маңызы орасан зор. Өйткені

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 29-бет.

адамның мінез-құлқы, жаны, сезім-түйсіктері мен түсініктері ол туылып-өскен өлкеде, халықтың мейірінен, әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрлерінен, ата-бабаларының мұрасынан нәр алған жерде қалыптасады. Егер көңіл бөлген болсан, бірер жерге қонаққа барғаныңда, жаңа таныстарың сенен: «Қане, қонақ, сен қай жерден боласың? Ата-анан, ата-бабаларың кімдер?» — деп сұрайды. Сен туралы қажетті мағлұматтарды біліп алған соң, соған орай сенің көңіліңді табуға, өңгіме-дүкен құруға тырысады.

Бұл күндерде ақпарат құралдары мен технологиялардың жедел қарқынмен дамуы нәтижесінде адамның іс-әрекеттерін, рухани дүниесін үйренудің, бақылаудың мүмкіндіктері де күшейіп барады. Әрине, бұлардың барлығы адамды түсіну саласында көптеген қолайлылықтар туғызады. Өйткені адамдар, халықтар ортасында шынайы диалогтар қаншалықты көбейсе, олардың бірін-бірі түсінуі де соншалықты оңай болады. Сондай-ақ әлемдегі халықтарды түсіну, олармен рухани жақын болу ісінде олардың көркем әдебиеті, театр, кино, музыка және бейнелеу өнері шығармалары айрықша маңызды. Себебі олар әрбір халықтың жан дүниесі мен рухын бейнелейді.

Сен біздің елімізде көптеген өнер және мәдениет жиындарының өткізілетіні жөнінде естіген боларсың, әрине. Атап айтқанда, Жер жүзінің әдемісі деген атқа ие болған көне қала — Самарқандта екі жылда бір рет өтетін «Шарқ тароналари» халықаралық музыка фестивалінен де хабарың бар. Бұл өнер жиынына дүние жүзінің сан түрлі мемлекеттерінен музыка өнерінің көрнекті өкілдері қатысады. Олар бейне өз елдерінің музыкасына қоса халқының жүрегін де алып келгендей болып көрінеді. Олардың асқан шеберлікпен нәшіне келтіріп орындаған саз-күйлерін тыңдағанда, біз әлемдегі әрбір халық пен ұлттың жан сұлулығын, рухани ұмтылыстарын, кіршіксіз сезімдерін түйсініп, ләззатқа бөленеміз. Ешқандай аудармасыз-ақ сол халықтардың ішкі жан дүниесін түсінеміз, арман-ұмтылыстарын, тұрмыс-салтын көз алдымызға келтіреміз.

Сонымен қатар мына бір шындықты да ұмытпауға тиіспіз: өмір өте күрделі, кейде өмір бойы тұздас, дәмдес болып, жаныңда қатар жүрген сүйікті досыңды да түсіну қиынға соғатын мезеттер болады. Бұндай кездерде үстірт сезімдерге бой алдырмай, әрбір іске сабырмен, ақыл-парасатпен қарап, өзінді сол досыңның орнына қойып көріп, терең

талдау жасаған орынды. Кейде мың сан балағат, сүйектен өтетін ащы сөз, кінә-айыптаулардан гөрі, бір ауыз жылы сөз, жүрек төрінен шыққан ілтипат, шынайы жанашырлық адамға қатты әсер етеді. Мың ұрынғанмен ашылмаған көңіл құлпы осылайша ашылып кетуі әбден мүмкін.

Біреудің жанын түсіну қаншалықты қиын болса, адамның өзін-өзі ұғынуы да соншалықты күрделі. Сен еш ойлап көрдің бе, адамзат неліктен өз өмірі барысында тек жаңалыққа, білім алуға, тәжірибе үйренуге, өзгелермен тіл табысып өмір сүруге ұмтылады? Өйткені оның бойында ең алдымен өзінің кім екенін ұғынуға құштарлық басым. Қаншалықты көп білім мен ұғымға ие болса, қаншалықты көп адаммен танысып-біліссе, өзін олармен салыстыру, деңгейінің жоғары не төмен екендігін анықтау мүмкіндігі де соншалықты көбейеді. Сондықтан да адам өмір бойы өзін-өзі ұғынуға ұмтылып жасайды. «Бұл дүниеге келгенім дұрыс па, уақытым босқа өтіп жатқан жоқ па, ата-анамның, халқымның берген тұз-несібесін ақтай алдым ба?» деген сұрақтар ерте ме, кеш пе, әрбір адамның көкейін мазалайтыны хақ.

Адам өзін-өзі тереңірек ұғынып алуы үшін әрқашан сергек әрі қырағы өмір сүруі, оқудан, үйренуден, ізденістен тартынбауы керек. Істеген істерін, жол берген қатекемшіліктерін күн сайын сын тұрғысынан бағалап, есеп беріп отыруға тиіс. Қасиетті хадистерде «Бесіктен қабірге дейін білім ізде» деп бекер айтылмаған. Адам баласы жарық дүниеге оқып-үйрену, әлемнің құпия сырларынан хабардар болу, өздігін тану үшін келеді. Өздігін таныған адам туған халқы, Отаны, бүкіл адамзат алдындағы борышын, өзінің адамдық міндетін дұрыс түсінеді.

Қымбатты оқушы, сен әрқашан айнаlandaғы адамдарды дұрыс түсіне білуге әрекет жаса. Таныс па, бейтаныс па, оған карамастан, ешкімнен сәлемінді, шын жүректен шыққан сөзің мен мейірімінді аяма. Мынаны ешқашан ұмытпа, тәтті сөз, жақсы мінезің арқылы теңдесі жоқ байлық болып табылатын адам жүрегіне жол табасың.





Сен түсінген адам — ең жақын досың. Сен түсінбеген адам — әлі сен жете алмаған, ашылмаған әлем.



Мына жарық дүниеде өзін де, өзгелерді де ұғынуға әрекет жасап өмір сүретін адам — өз руханиятын тұрақты байытып, кемелдендіріп отыратын адам болып табылады.

Егер назар аударған болсаң, ата-ананың көңіліндегі тілегін олар айтпай жатып-ақ түсініп, дер кезінде шайын демдеп берсең, аяқ киімін, үсті-басын тазартып қойсаң, олар қаншалықты риза болады. Осы тұрғыдан алғанда, адамды ұғыну — ең алдымен жанындағылардың, ел-жұртыңның қызметіне сай тұру үшін, қажет кезінде олардың дертіне дәрмен болу үшін керек.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Руханиятты түсіну, ұғыну үшін ең алдымен адамды түсініп, ұғыну керек» деген сөздер қайсы кітапта жазылған, оны кім айтқан?
2. Өзгелерді түсіну үшін адамнан не талап етіледі?
3. Адам жүрегіне қалай жол табуға болады?
4. Қол телефоны, ғаламтор, компьютер сияқты ақпарат құралдары адам жанын түсінуге көмектесе ме?
5. Сен қай музыканы немесе қайсы әнді ұнатасың?
6. Мына суреттер арасынан «Шарқ тароналари» фестивалі көрінісін тап және бұл фестивальдің адамды ұғынудағы маңызын түсіндір.


A)



B)



Ә)



B)



ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ

Қымбатты оқушы, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов жасаған, елімізді жоғары даму сатысына шығаруға бағытталған реформалардың бес қағидаты жөнінде естіген боларсың, әрине. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде «дамудың өзбек моделі» деп танылған бұл қағидаттарды сенің есіңе салып өтейік.



Бұлар:

1. Экономиканың саясаттан жоғары тұратыны және идеологиядан тыс екендігі.
2. Мемлекеттің бас реформатор екендігі.
3. Заңның үстемдігі және баршаға бірдей екендігі.
4. Күшті әлеуметтік саясат жүргізу және халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін әлеуметтік тұрғыдан қорғау.
5. Реформаларды сатылы түрде жүзеге асыру.

Бүгінгі сабағымыз сол маңызды бағыттардың бірі — елімізде заңдарға баршаның бірдей мойынсұнуы, құқықтық мәдениеттің не екендігі, заңға сүйеніп өмір сүрудің ұнамды жақтары және бұған керісінше, оған мойынсұнбаудың қоғам өміріне қандай қауіп төндіретіні жайлы мәселелерге арналады.

Адамзаттың өткенінде құрылған барлық жүйелер мен қоғамдардың тарихы бір-ақ нәрсені білдіреді.



Қай жүйеде немесе қоғамда заңдылық үстем болса, азаматтар заңға сөзсіз мойынсұнса, сол қоғам мен мемлекет жоғары дамуға, бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізген.

Бұған біздің халқымыздың тарихынан да көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, «Темір түзіктері» шығармасынан мәлім болғанындай, Сайыпқыран Әмір Темір құрған мемлекет аумағындағы барлық жұмыстар — алып мемлекетті басқарудан бастап жетім-жесірлердің хал-жағдайынан хабар алуға дейін орнатылған қатаң тәртіп негізінде,

өз уақыт-сағатында, тұрақты жүргізілген. Әрбір жұмыстың, әрбір міндеттің өз иесі — орындаушысы болған. Ақсақалдар кеңесі қабылдаған заң-ережелерге ең ірі мансап иелері де, қарапайым азамат та — барлығы сөзсіз мойынсұнған. Соның нәтижесінде әрі құқықтық, әрі экономикалық, әрі әскери-саяси тұрғыдан ең ірі мемлекеттердің бірі болған Әмір Темір мемлекеті жан-жақты өркендеген, оның құдіретіне бүкіл әлем әуестікпен қараған.

Керісінше, заңдылық аяқ асты болған, адамның құқықтары мен бостандықтары тапталған, қоғамды басқару мен халық тағдыры өз бетіне тасталған мемлекеттер дамуға да, молшылықты тұрмысқа да қол жеткізе алмаған. Бұл салада да ұзаққа бармай-ақ өз өткенімізден мысал келтірейік. Елбасымыздың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында темурлер билігінен кейін, яғни XVII ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейін Түркістан топырағында орын алған саяси бытыраңқылықтың, білімсіздік пен мешеуліктің түпкі себептері терең талданып:



«Үш хандыққа бөлшектеніп кеткен аймақтың ұзаққа созылған өзара келіспеушіліктер, қарама-қарсылықтар мен ұрыс-жанжалдар шырмауында қалып қойғаны тек экономикалық, қаржылық және әскери әлеует тұрғысынан ғана емес, әлеуметтік-рухани пікірдің дамуы тұрғысынан да көптеген ұнамсыз салдарларға соқтырғаны»¹ айрықша атап көрсетіледі.

Халықтың ұйымшылдығы мен ауызбірлігін сақтау, ұлттық мүдделер жолында қатаң тұру, жауапкершілік пен сергектік тек заңдылық негізінде ғана пайда болады. Өкінішке орай өткен тарихымыздың «үш хандық заманы» деп аталатын бөлігінде бұның кері жағын көреміз.



«Ел билеушілері мен мансап иелері халықтың тағдыры мен келешегін ойлаудың орнына, өздерінің жеке мүдделерін бәрінен де жоғары қойып, көргенсіздік пен азғындыққа беріліп кетуі салдарынан бүгінде біз өмір сүріп отырған аймақ жалпы адамзат өркениетінен қол үзіп, дамудан шұғыл артта қалып қойды»².

¹ Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 50–51-беттер.

² Сол шығарма, 51-бет.

Бұлардан көрініп тұрғанындай, заңдылық кез келген қоғам дамуының, молшылығы мен қауіпсіздігінің маңызды шарты әрі кепілі болып саналады.

Қоғамда заңдылық үстемдік етуі үшін бұл қоғамның құқықтық мәдениеті жоғары деңгейде болуы қажет.



Құқықтық мәдениет — адамдардың мемлекет пен құқық жөніндегі маңызды білімдерді меңгеру дәрежесі, адамның заңдарды білу және солар негізінде өмір сүру бойынша жинақтаған тәжірибесі, жалпы құқықтық деңгейі болып табылады.

Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің мызғымас әрі тығыз байланысты бір бөлігі болып саналады. Қоғамда құқықтық мәдениеттің берік орнығуы төмендегі факторларға тікелей байланысты:

1. Мемлекет тарапынан халық мүдделерін бейнелейтін құқықтық саясаттың белгіленуі және жүзеге асырылуы.

2. Мемлекетте заңгерлік, құқықтану ғылымдарының дамыған болуы.

3. Баршаның заң алдында теңдігі.

4. Құқықты жүзеге асыратын мемлекеттік кеңселер мен лауазымды тұлғалардың заң саласы бойынша өз құқықтары мен борыштарын орындауы, оларды түсінуі.

5. Құқықтық тәрбие, үгіт-насихат жұмыстарының дәйекті түрде жүргізілуі және басқалар.

Тәуелсіздікке қарай ұмтылған Өзбекстанның дамуы әділетсіздік, заңдарды менсінбеу жағдайында жүруі әсте мүмкін емес еді. Сол себепті Елбасымыз тәуелсіздікке қол жеткізуден нақ бір жарым жыл бұрын — 1990 жылы 24 ақпанда сөйлеген сөзінде бұл мәселені ең маңызды міндет ретінде қадап айтқан болатын:



«Ең алдымен, біз өзімізге мынадай сұрақ қоюымыз керек: әрбір азамат, әрбір адам, әрбір отағасы өкіметтен нені күтіп отыр?»

Барлық замандар мен халықтарға тән ең негізгі, ең маңызды, ең ортақ мақсатты анықтап алатын болсақ, мынаны кәміл сеніммен айта аламыз: мемлекет пайда болғаннан бері, адам өзінің қауіпсіздігін қорғауды, жеке басының құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етілуін тек мемлекеттен күтеді, өкіметтен пана іздейді. Өкімет

осынау табиғи талаптарға жауап бере алмаса, ашығын айтқанда, бұндай өкімет ешкімге керек болмайды»¹.

Сол жылдардан бастап елімізде заң үстемдігін қамтамысыз ету, баршаның заң алдында теңдігін жүзеге асыру бойынша елеулі реформалар өмірге енгізілді. Өйткені Елбасының сөзімен айтқанда, адамдар көп нәрсеге шыдауы, сабырлылық сақтауы мүмкін, бірақ әділетсіздікке төзе алмайды. Соған орай республикамызда бұрынғы кеңестік жүйе кезінде жол берілген әділетсіздіктер мен заңсыздықтарды жою қолға алынды. Ал бұл халық көкейінде шұғыл өзгеріс жасап, оның әділетке, ақиқаттың салтанат құруына, мемлекетке және жарқын болашаққа деген сенімін нығайтты.

Өткен ғасырдың 30–50-жылдарында жүргізілген қуғын-сүргін саясаты құрбандарының кіршіксіз есімдері қайта тіктеліп, 80-жылдарда «мақта ісі», «өзбектер ісі» деген жаламен нақақ жазаланған барлық бейкүнә адамдардың өз отбасылары құшағына қайтарылуы — тәуелсіз Өзбекстанда «адам, оның өмірі, ар-ұжданы, қадір-құрметі және басқа қол сұғылмайтын құқықтары — жоғары құндылық» (Өзбекстан Республикасы Конституциясының 13-бабы) болып саналуының іс жүзіндегі дәлелі еді.

Президент бұл саладағы жұмыстарды дәйекті түрде жүргізуге шақырып, басты назарды төмендегі маңызды мәселелерге аударды:



«Заңдылық пен құқық-тәртіп салтанат құрмайынша, құқықтық мемлекет орнатуды көз алдымызға келтіре алмаймыз. Заңның үстемдігі — құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаты. Ол өмірдің барлық салаларында заңның билік құруын ескереді. Ешқандай мемлекеттік орган, ешқандай шаруашылық жүргізуші және әлеуметтік-саяси ұйым, ешқандай лауазымды тұлға, ешқандай адам заңға мойынсұну міндетінен бас тартуы мүмкін емес. Заң алдында барша бірдей»².

¹ **Ислам Каримов.** O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. —Т.: «O‘zbekiston» баспасы, 2011 жыл, 128-бет.

² **Ислам Каримов.** O‘zbekiston: milliy istiqlol, iqtisod, siyosat, mafkura. 1-jild. —Т.: «O‘zbekiston» баспасы, 1996 жыл. 319-бет.

Өткен уақыт ішінде елімізде заңдылықтың берік негіздерін жасау, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша, сондай-ақ мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында адамгершілік, ізгілік, әділеттілік идеяларының үстем болуын қамтамасыз етуге бағытталған көптеген заң құжаттары қабылданды. Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы құқықтық мәдениетті кемелдендіруге бағытталған жүйелі істер жүргізілді.

«Құқықтық мәдениет» ұғымы «құқықтық ағарту» және «құқықтық сауаттылық» секілді ұғымдармен тығыз байланысты. Мынау есінде болсын, құқықтық ағарту тек заңдардың өзін білуді ғана емес, сонымен қатар оларды өмірге енгізуге байланысты заң асты құжаттарын білуді де талап етеді. Құқықтық сауаттылық пен ағарту негізінде адамның құқықтық санасы қалыптасады. Құқықтық санасы жоғары адам заңдылық пен заңсыздықтың ара жігін жақсы түсінеді, өзінің құқық-бостандықтарын қорғаумен қатар, өзгелердің құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеуді де ұмытпайды.



Заңдылық — заң үстемдігі, заңға сәйкес, тек заң негізінде өмір сүру, заңсыздыққа жол бермеу дегені.

Заңдылық үстем болған жерде тыныштық, татулық, тәртіп пен реттілік, әділет билік құрады, адамдардың құқықтары мен бостандықтары толық қамтамасыз етіледі. Ал заңсыздық заңның жұмыс істемейтінін немесе оны ешкімнің мойындамайтынын білдіреді. Заңсыздық өрістеген жерде ешқашан тыныштық пен татулық, тәртіп пен реттілік және әділет атымен болмайды.



Былайша айтқанда, құқықтық мәдениеттің екі жағы бар, оларды сақтау баршаның борышы болып табылады. Ол, ең алдымен, адамның өз құқықтары мен бостандықтарын жақсы білуін және оларды толық пайдалануын талап етеді. Ал, екіншіден, сол адамның заң алдындағы, басқа адамдар алдындағы, халқы мен Отаны алдындағы борыштары мен міндеттемелерін де ұмытпауын талап етеді.

Құқықтық мәдениетті адам заңдардан қорыққандығы үшін емес, оларды құрметтейтіндігі, заң мысалынан халық-

тың ерік-қалауын көргендігі үшін заң негізінде өмір сүруді өз тағдырының мазмұны деп санайды.

Бұны одан да анығырақ түйсіну үшін мынаны біліп ал, сенің құқықтарың мен бостандықтарың нақ сен сияқты басқа бір адамның құқық-бостандықтарының шекарасына дейін бара алады. Сол адамның заңды құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу сенің заң алдындағы міндеттемең болып саналады. Өйткені құқықтық демократиялық мемлекет, өзінің атынан көрініп тұрғанындай, еркін қоғам болып табылады. Онда зорлық пен зомбылық, күш қолдану атымен жоқ. Барлық қарым-қатынастар азаматтардың саналы әрекетіне негізделеді. Бұл қоғамда барлық адам еркін өмір сүреді, өмірдің барша салалары заң негізінде еркін дамиды. Бұндай мүмкіндіктерді толыққанды пайдалану Конституция мен заңдарда белгіленген міндеттемелерді қалтқысыз орындауды талап етеді. Олай болмаған жағдайда заңда белгіленген жазалау шаралары қолданылады, яғни бұндай қоғамда заң берген бостандық пен мүмкіндіктерді асыра пайдалануға жол берілмейді.

Кез келген мәдениет жоғары сана мен ақыл-ойға негізделгені сияқты, құқықтық мәдениет те адамдарда, ең алдымен, құқықтық түйсік пен дүниетанымды қалыптастыруды талап етеді. Ал құқықтық ой-сана мен дүниетаным Конституцияны, заңдарды, жалпы құқық жүйесін үйрену арқылы қалыптасады. Сондықтан да елімізде тұрғындардың, әсіресе жастардың құқықтық білімі мен мәдениетін арттыруға айрықша назар аударылып отыр.



Елбасымыздың 1997 жылы 27 маусымда осы мәселе бойынша арнаулы жарлыққа қол қойғаны, 1997 жылы 29 тамызда Олий Мажлистің қоғамда құқықтық мәдениетті кемелдендірудің ұлттық бағдарламасын қабылдағаны, ал 2001 жылы 4 қаңтарда Президенттің «Өзбекстан Республикасының Конституциясын оқып-үйренуді ұйымдастыру туралы» өкімінің қабылданғаны да бекер емес.

Міне, осындай назар аударудың нәтижесінде бүгінде еліміздің мектептерінде «Конституция әліппесі», «Конституция әлеміне саяхат» оқу курстары, «Мемлекет және құқық негіздері» пәні оқытылып жатыр. Бұл арқылы сен секілді жастарымыздың бойында құқықтық ой-сана мен дүние-

танымды қалыптастыру мақсат етіп қойылды. Өйткені құқықтық мәдениетті, озық ойлы адамдар саны қаншалықты көп болса, халқымыз армандаған азаматтық қоғамды орнату үдерісі соншалықты жылдамдай түседі. Бұдан тыс құқықтық мәдениет отандастарымыздың саяси мәдениетін арттыруға да көмектеседі. Саяси мәдениеті озық адам дербес пікір қорыта алады, өзін-өзі басқаруға қабілетті болады.

Енді руханият пен құқықтық мәдениеттің өзара байланысты жақтарына тоқталайық.



Түптеп келгенде, құқықтың өзі де руханияттың өнімі болып табылады. Адамдар өз өмірін мазмұнды ету, бейбіт те алаңсыз өмір сүру үшін құқықтар мен міндеттемелерді қатаң белгілеп беретін заңдарды ойлап тапқан.

Себебі әрбір адам құқық пен еркіндікті, сондай-ақ өзінің өзгелер алдындағы борыштары мен міндеттемелерін жақсы түсінсе, әлемде жамандық, әділетсіздік секілді әр түрлі келеңсіздіктер азаяды.

Адамның руханияты кемелденген сайын құқық жөніндегі ұғымдары да жетіле береді. Адамзат тағы да көбірек құқыққа, тағы да көбірек еркіндікке қол жеткізуді қалайды. Сен тарихтан оқығанындай, XX ғасырдың бас кезінде сөз бостандығы, баспасөз бостандығы және ұждан бостандығы сияқтылар көптеген халықтар үшін тек арман ғана болатын. Еуропада, Америка мен Азияда осынау бостандықтарды талап еткен адамдар талай рет күреске де шыққан. Ал бүгінгі таңда бұндай бостандықтар демократиялық қоғамдарда конституциялармен және заңдармен нығайтылып, күнделікті құндылыққа айналды. Қазіргі өмірді оларсыз елестетуге болмайды.

Бүгінгі адамдардың ақыл-ойы мен сана-түйсігі анағұрлым жетілгендіктен, енді олар басқа талаптарды көтеріп шығуда. Атап айтқанда, ядролық қаруларды таратпау, халықаралық лаңкестік пен содырлыққа қарсы күресу, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу рәуішті проблемалар бүгінгі адамзаттың негізгі талаптарына айналып отыр. Бұл проблемалар Жер жүзіндегі өмірді сақтап қалуға, адамдар үшін ең қасиетті өмір сүру құқығын қамтамасыз етуге байланысты болғандықтан елеулі алаңдаушылық туғызуда.



Адамды руханиятсыз елестетуге болмайтыны сияқты, құқықсыз елестету де мүмкін емес.


Демек, құқық та, руханият та адам өмірінің мәнін белгілейтін маңызды факторлар болып саналады. Сондықтан да құқықтық мәдениетті адамның қоғам өміріне белсене қатысуына мүмкіндік беретін, рухани деңгейін сипаттайтын өзіне тән өлшем деуге болады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қоғамда заңның үстемдігіне қол жеткізу үшін нелер талап етіледі?
2. Бұрынғы кеңес заманында адам құқықтары мен бостандықтарына қайшы келетін істердің жүзеге асырылғаны туралы үлкендерден не естідін?
3. Заңның үстемдігі мен мемлекеттің дамуы арасында қандай байланыс бар?
4. Құқықтық мәдениет деген не?
5. Адам құқықтық мәдениетке ие болмаса, қандай жағдайға душар болатыны жайлы мысалдар келтір.
6. Мемлекеттің білім беру жүйесінде жастардың құқықтық ой-санасын жетілдіру бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жөнінде айт.
7. Төмендегі суреттер негізінде заңдылықтың қамтамасыз етілуі қоғам өмірінде қаншалықты маңызды екені туралы әңгімелеп бер.

A)



Б)



Ә)



В)



ҒАЛАМТОРДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘДЕНИЕТИ

(Практикалық сабақ)

Бұл практикалық сабақта оқытушың мен өзін төмендегі мәселелерге айрықша назар аударғандарың жөн:

- ғаламтор жүйесінің пайда болу тарихы;
- бұл жүйенің шексіз мүмкіндіктері және оның жеделдігінің себептері;

- аталмыш жүйе адамзаттың өзара ақпарат алмасуы, экономикалық байланыстардың жеделдеуі, саяси және әлеуметтік салалардағы жаңалықтардан хабарлар болу, мекемелер мен миллиондаған адамдар ортасындағы мәдени байланыстардың оңайлауы секілді көптеген ұнамды мүмкіндіктерді туғызғаны;

- сонымен қатар ғаламтор жүйесін алуан түрлі жиіркенішті мақсаттарға пайдалануға ұмтылып жатқан озбыр күштер, олар тарапынан бұл жүйеге енгізілген ойдан шығарылған хабарлар мен жала-өсектердің, жасанды көріністердің көбейгені;

- ғаламторда адамның жаны мен санасын уландыруға, ақылағы мен руханиятына кері ықпал жасауға бағытталған көптеген сайттардың бар екендігі;

- өзіне қандай мәліметтің керектігін, оны қайдан іздеуді алдын-ала білуі бұл жүйені өнімді пайдаланбақ болған адамның жоғарыдағы қауіптерден сақтануында маңызды фактор болатыны;

- ғаламтордың еліміздегі тиісті сайттарын көп пайдалану жастардың білімі мен ағартушылығын кемелдендіру, Отан тарихы мен бүгінгі заман туралы бейтарап әрі анық мәліметтер алу мүмкіндігін беретіні;

- ғаламтордан алынған дүние жүзінің ғылымы, мәдениеті, түрлі мемлекеттердің тарихы мен бүгіні жөніндегі мәліметтерді өзара салыстыру осы мәліметтердің сенімділігін анықтауда маңызды екені және тағы басқалар.

Практикалық сабаққа арналған әдебиеттер:

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat», 2013 жыл, 128–132-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. —Т. : Э.Наваи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы, 2010 жыл, 95–97-беттер.
3. Президент Ислам Каримовтың «Жоғары білімді және интеллектуалды дамыған ұрпақты тәрбиелеу — мемлекетті дәйекті өркендету мен жаңғыртудың ең маңызды шарты» тақырыбындағы халықаралық конференцияның ашылу рәсіміндегі сөзі. —Т.: «Халқ сузи» газеті, 2012 жыл, 17 ақпан саны.
4. Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар, қағидаттар және терминдер. —Т.: «Янги аспр авлоди» баспасы, 123–124-беттер.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Т а п с ы р м а: *«Ұлттық өздікті ұғыну» тақырыбы бойынша реферат дайында.*

Оны жазу барысында төмендегі мәселелер бойынша тәуелсіз пікір жүргізуге тырыс:

— Елбасының «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» (кітаптың 66–71, 174–178, 222–226, 249–253 және 272–274-беттері) және «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітаптарында (бұл шығарманың 5–7 және 29–35-беттері) осы мәселе бойынша білдірген пікірлері мен толғаныстары;

— ұлттық өздігін ұғынбаған халық пен ұлттың қандай жағдайға түсетіні;

— бұрынғы кеңес заманында халқымызды ұлттық өздігінен айыру жолында жүргізілген саясат және оның салдарлары;

— өздікті ұғынудың тарихи жадты оятудан басталатыны;

— тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елімізде ұлттық өздікті ұғыну және ұғындыру бойынша жүзеге асырылған шынайы тарихи істер;

— ұлттық өздікті ұғыну тұлғаның, ұлттың және халықтың жүрегінде ұлттық мақтаныш сезімінің күшеюінде маңызды фактор екені;

— өздігін ұғынған халықтың жарқын болашаққа қарай нық қадам басатыны және басқа мәселелер.



РУХАНИЯТ – ҚОҒАМ МЕН ҰЛТ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

РУХАНИЯТ – АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Қымбатты оқушы, бүгінге дейін алған біліміңнен түсінгеніндей, руханият — тек адамға ғана тән ерекшелік. Өйткені әлемдегі барлық тіршілік иелері ортасында тек адам ғана алдына мақсат қойып, ойлау мен пікір қорыту арқылы өмір сүреді. Руханияттанушы ғалым Абдурахим Эркаев бұл жөнінде былай деп жазады: «Табиғатта руханият жоқ. Біз хайуанаттар әлемін түрлеріне, топтарына, нәсіліне және басқа белгілеріне қарап, оларды әдепті, адал, нәзік талғамды, құдайшыл немесе ұждансыз, күпірлікке әбден батқан дей алмаймыз. Егер бұдан да анығырақ әрі жанды мысал көмегімен айтатын болсақ, «мына доңыз бен есектің талғамы өте нәзік, ана екеуі — өте құдайшыл, ал мыналар — нысапсыз әрі дәмекті» дейтін сөздер айту ақылға сыймайды. Өсімдік дүниесі туралы да нақ солай айтудың өзі артық»¹.

Бұдан көрініп тұрғанындай, біз руханият және оған байланысты ұғымдар туралы пікір өрбіткенімізде, тек адамға ғана тән асқақ сезімдер, түйсіктер, дағдылар, тәжірибелер төңірегінде сөз қозғаймыз, соларға сүйенеміз.



Тағы бір нәрсені жақсы біліп алуға тиіспіз: руханият — әлеуметтік құбылыс болып саналады. Оның пайда болуы, жетілуі, ұрпақтан-ұрпаққа өтуі адамның қызметіне байланысты.

Ал адамдардың қызметі өзара жинақталып, қоғамның өмірін қалыптастырады. Бұдан шығатын қорытынды сол, адам мен оның қызметінсіз, қоғамның әлеуметтік өмірінсіз руханиятты елестетудің өзі қиын. Елбасымыз руханияттың адам жүрегі мен санасына дару барысын төмендегідей сипаттайды:



«Руханият адамның қаны мен жанына, сай-сүйегіне жылдар барысында ананың сүтімен, отбасының тәр-

¹ А. Эркаев. Ma'naviyat va taraqqiyot. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2009 жыл, 19-бет.

биесімен, ата-бабалардың өсиетімен, Отан сезімімен, бұл өмірдің кейде ащы, кейде қуанышты сабақтарымен тамшылап дариды»¹.

Енді Президенттің осы толғанысының астарындағы мағына мен мазмұнды тереңірек ұғынуға әрекет жасайық.

Егер руханият адамның қаны мен жанына, сай-сүйегіне сіңетін сезімдер, көзқарастар мен дағдылар кешені болса, онда оларды көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайды, оның түртүсі мен иісін де сезе алмайсың. Руханият адамның рухында, жан дүниесі мен санасында қалыптасып, жетіледі. Рухани құндылықтар өткен ұрпақ жинақтаған тәжірибелер, үлгі-өнегелер, ақылақтық танымдар түрінде келесі ұрпаққа өтеді.



Олардың қатарына ананың әлдиі де, отбасылық қарым-қатынастар да, ұлы тұлғалар қалдырған құнды кітаптар, мәдени жәдігерліктер түріндегі рухани-ағарту көздері де, бүгінгі шығармагерлердің туындылары мен ғалымдардың ашқан жаңалықтары да енеді.

Отан сезімінің өзі не, ол адамның жүрегінде қалай пайда болады, нелердің көмегімен пісіп-жетіледі деген мәселелер жөнінде біз сенімен төменгі сыныптарда әңгімелескен болатынбыз.

Елбасымыз адам руханиятының қалыптасуында «өмірдің бірде ащы, бірде тұщы сабақтары» да маңызды орын иелейтініне назар аударады. Осы күнге дейін алған білім-тәжірибелеріңнен жақсы білесіңдер, өмір алуан түрлі күрделі жағдайларға, қайшылықтарға толы. Онда қуанышты, тәтті күндермен қатар, уайым мен мұңға толы, ренішті күндер де көп болады. Мынаны қара, сол қиыншылықтар мен уайым-тәшпінштердің басым көпшілігі нақ сені мен біз сияқты адамдардың орынсыз іс-әрекеттері себепті туындайды. Яғни кейбір адамдардың руханиятындағы олқылықтар, кейбіреулерінің арамзалығы, арсыздығы, көргенсіздігі, имандылығының төмендігі өзгелер үшін көптеген ділгірліктерді туғызады. Демек, сол олқылық-нұқсандардан алған ащы сабақ сені мен бізге де үлгі болуға тиіс. Өз басымызда бұндай кемшіліктерге жол бермейік, сол бағытта жасалатын іс-әрекеттеріміз рухани әлеміміздің кіршіксіз болуына негіз қаласын.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 28-бет.



Елбасымыз «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында руханиятты қалыптастыратын негізгі өлшемдер ретінде төмендегілерді біртіндеп сипаттайды: 1. Рухани мұра, мәдени байлықтар, көне тарихи жәдігерліктер. 2. Халықтың ауызекі шығармашылығы. 3. Қасиетті дініміз. 4. Ұлы ғұламалар, ойшыл данышпандарымыздың теңдесі жоқ ғылыми-шығармашылық ашылымдары. 5. Отбасы, оның иелейтін орны мен ықпалы. 6. Махалланың рөлі мен маңызы. 7. Оқу-тәрбие жүйесі.

Егер назар аударған болсаң, адамның, соның ішінде біздің елімізде туылып-өскен адамдардың өмірін жоғарыда тілге алынған құндылықтарсыз елестете алмаймыз. Расында да біздің өлкемізде әлемге әйгілі көптеген мәдени байлықтар, көне тарихи жәдігерліктер бар.



«Мемлекет аумағында орын тепкен төрт мыңнан астам материалдық-рухани жәдігерлік бүкіл дүниежүзілік мұраның сирек кездесетін үлгісі ретінде ЮНЕСКО-ның тіркеуіне алынғаны да осы ойымызды айғақтайды»¹.

Олардың арасында осыдан үш мың жыл бұрын Хорезм топырағында дүниеге келген «Авесто» кітабы маңызды орын иелейді. Бұл кітаптың түпкі мән-мағынасын белгілейтін «Ізгі пікір, ізгі сөз, ізгі амал» деген басты идея осы күнге дейін өзінің көкейкестілігін, мән-мағынасын жойған емес.



«Авестодағы» бұл ілім бойынша адамның иман-сенімі үш тірекке негізделеді: біріншісі — пікірдің кіршіксіздігі, екіншісі — сөздің мығымдығы, үшіншісі — амалдардың адамилығы.

Ертедегі ата-бабаларымыз сәбилердің нұқсансыз туылуына және нәрестелігінен-ақ денесін шынықтыруға елеулі назар аударып қана қоймастан, олардың білім мен хикмет үйренуіне, рухани таза болуына, ізгі қасиеттерді иелеуіне де үлкен қамқорлық көрсетіп отырған.

Ұл балалар елі мен халқының қорғаушылары болатыны ескеріліп, олар күреске түсу, атты жүгендеп, оған ер салу, ат пен түйені басқару, малды күту және оларды жыртқыш аңдар мен қарақшылардан қорғау үшін 50-ден астам әскери-жауынгерлік қаруларды қолдану сияқты әдіс-амалдар-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 30—31-беттер.

ды білуге міндетті болған. Бұдан тыс оларға тағы 30 түрлі әскери өнер де үйретілген.

Қыз балалар да ұршықпен жіп иіру, мата тоқу, көйлектер тігу сияқтылардан тыс, ұл балалармен күресу, шабандоздық, қылыштасу, қарсыласынан қалқанмен қорғану, атпен әр түрлі кедергілерден секіріп өту, суда жүзу, алыс қашықтыққа жүгіру, найза лақтыру, садақ тарту және басқа әскери-дене шынықтыру машықтарын үйренген.

Осылайша ата-бабаларымыз өз перзенттерінің тәні мен жанын, рух-жігерін шындаған, тәрбиелеген. Олар ізгілік, жақсылық, адалдық сынды қасиеттерді жауыз күштердің шабуылы мен басқыншылығына қарсы тұратын күш пен қуаттың қайнар көзі деп санаған.

Біз көбінесе халқымыздың ежелгі ертегілерін, аңыз әңгімелерін, қисса-дастандарын құмарта оқимыз, тындаймыз. Оларда суреттелген оқиғалар, кейіпкерлердің ерліктері жан дүниемізге қозғау салып, толғандырады, білімімізді арттырады, шығармашылық түсінігімізді кеңейтеді. Бұдан тыс оларда халқымыздың азаттық пен еркіндікке, молшылыққа толы бейбіт өмірге ұмтылысы мен армандары шоғырланған. Халықтың ауызекі шығармашылығы дейтін атпен бізге жетіп келген осындай рухани байлықтар арасында «Алпамыс» дастаны айрықша орын иелейді. Елбасымыз бұл шығармаға төмендегідей жоғары баға береді:



«Егер халқымыздың ежелгі әрі даңқты тарихы аяқталмайтын дастан болса, «Алпамыс» сол дастанның бір тармағы десек, дұрыс болады. Бұл классикалық шығармада тарихтың дүлей дауылдарынан, өмір мен өлім белдескен ауыр сынақтарынан аман шығып, өздігін әрқашан сақтап келген ел-жұртымыздың бауырмалдық, табандылық, адамгершілік, опа мен адалдық тәрізді ізгі қасиеттері жарқын көрініс тапқан»¹.

Шынтуайтында да дастанның басты кейіпкерлері Алпамыс пен Гүлбаршынның басына талай-талай ауыр да азапты қиыншылықтар түседі. Бұл екі жас ел-жұртын, өкіметті қара ниетті жаулардан тазарту, сан түрлі қаскөйліктер мен алдап-арбауларға мойын бұрмай мақсатқа қарай ұмтылу, елге

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 33-бет.

жәбір-жапа шектірмек болғандарға аяусыз тойтарыс беру, ақыр соңында өз еліне, туған жеріне лайықты иелік жасау сынды жауапты міндеттерді абыроймен атқарады. Осындай қым-қуыт күрестер барысында олардың туылып-өскен жеріне деген сүйіспеншілігі, достыққа адалдығы, қандас туыстарына шексіз қамқорлығы, кіршіксіз махаббаты сынақтан өтеді, шыңдалады. Елбасымыздың халықтың ежелгі әрі даңқты тарихын аяқталмайтын дастан деп, ал «Алпамысты» сол дастанның бір тармағы деп бағалауының астарында тағы бір шындық жатыр. Яғни халқымызға тән, оны ғасырлар тезінен аман алып өткен барлық адамгершілік қасиеттер бұл дастанда мәңгілік ән ретінде жырланған.

Адамның, халықтың руханиятын қалыптастыратын негізгі өлшемдер санатына жататын қасиетті дініміз, ойшыл ата-бабаларымыздың ұлы ғылыми-шығармашылық ашылымдары, отбасы мен махалла, білім-тәрбие жүйесінің рөлі мен маңызы жөнінде өткен сабақтарда ішінара айтқан болсақ, алдағы сабақтарда толығырақ тоқталамыз.

Ал қазір адам руханиятының қалыптасуында маңызды орын иелейтін сабыр-қанағат, мейір-шапағат, жақсылық пен жамандық рәуішті ұғымдарға шолу жасап, оларды ұғынып алуға әрекет жасаймыз.



«Қанағат» ұғымы өмірдің қиыншылықтарына шыдау, құлқынды тыю, азға да, көпке де төзімді болу дегенді білдіреді.

Адам өмірінде түрлі кездейсоқтықтар, бақытты және бақытсыз, жақсы және жаман күндер болатыны заңды. Бірақ адам бақытсыздықтың артынан бақыт, жамандықтың соңынан жақсылық, мұқтаждықтың соңынан молшылық келетініне сенуі, соған қарай ұмтылып өмір сүруі керек. Өмірдің қиыншылықтарына мойымаған, оларды табандылықпен жеңген адамдар міндетті түрде жақсы күндерге де, бақытты мезеттерге де жетеді.

Егер жануарлар өміріне назар аударсаң, оларда қанағат, сабыр, шыдамдылық деген сезімдер дамымағандықтан, жан түршігерлік оқиғалардың куәсі боласың. Кейбір жануарлар азық таба алмай қалған сәттерінде өзінің табындастарына, тіпті жаңа туылған төлдеріне де шабуыл жасайды, оларды жыртқыштық қомағайлықпен жеп, құлқынын тойғызады.



Кімде-кімнің жаратылысында қанағат, сабырлық, шүкіршілік сезімдері күшті болса, ондай адам адамилықтың шекарасынан ешқашан аттап өтпейді, біреудің сарқыт-сыбағасына қарамайды, өзгелердің міндетсінуінен аулақ жүреді.

Өйткені міндетсінуге себеп болатын бірер жақсылық түптеп келгенде жақсылық болып саналмайды. Өзін құрметтеп, қадірлейтін адам бұндай «жақсылықтарға» мұқтаждық сезінбейді, қайта өзінің күшін, ерік-жігерін, сабыр-қанағатын іске қосып, барша жетістіктерге өзі жетеді. Өзбекстан Қаһарманы, халық ақыны Абдулла Ориповтың «Өтініш» атты өлеңінде нақ осы қасиет дәріптеледі:

*Жолда қалсаң, сергелдең боп, әрі аш,
Қанағат пен сабыр болар басқа тәж.
Тәттісі жоқ досқа болма еш мұқтаж,
Бас имегін болса егер оған лаж.*

Қош, неліктен ақын тәттісі жоқ, яғни құлықсыз, ықылассыз дастан бұншалықты жиренеді? Өтініш жасаудың, бірер нәрсеге мұқтаж болғанда көмек сұраудың несі жаман? Өмірде адамдардың, қаласа да, қаламаса да, бір-біріне ісі түсетіні анық, сол себепті өтініш жасап, бас ию де керек қой!

Бұл жерде әңгіме өтінішті кімге жасауда, мұқтажынды кімнен сұрауда болып тұр. Ақын тәттісі жоқ — ұсақ мінезді, арамза, көрсеткен азын-аулақ жақсылығын міндетсініп, өтеуін сұрай беретін мұттайым доссымақтарға жақындамауды меңзеп отыр. Өйткені:

*Ат қалар өмірде жаманнан жаман,
Нан беріп, түр-түсін етеді сабан.
Бүтін болса ақыл-ес, төрт мүшең аман,
Былайғы күндерің болмайды қараң.*



Расында да адамның ақыл-есі бүтін, дені сау болса, сол ақыл мен күшті іске қосса, мына жарық дүниеде көп мақсаттарға жететіні анық.

Халқымыз бұл тұрғыдан аса тәтті халық болып саналады. Ең ауыр күндерде де ол өзінің адамдық бейнесінен айырылмаған, мақтанышын, абыройын қолдан бермеген. Ата-әжеңнен өз өмірлері барысында бастан кешірген оқиғаларын әңгімелеп беруді өтінсең, оларды тындап үйренсең, пайдалы жақтары көп болар еді. Өйткені олар халқымыздың өткен

тарихынан көптеген өнегелі жайт-тар жөнінде сыр шертеді. Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыс, соғыстан кейінгі қиын-қыстау жылдарда халқымыздың талай тауқыметтерді бастан өткізіп, майданға және соғыс салдарынан ойран болған өлкелерге азық-түлік және басқа да материалдық байлықтарды жөнелтіп тұрғаны жайлы жанды әңгімелерді естисің. Бұл әңгімелер нені ағартады? Халқымыздың соншалықты тәнтілігін, сабыр-төзімінің шексіздігін, бұдан да анығырағы — жоғары адамгершілігін ағартады емес пе!



Сонымен қатар бұл халық басқалардың алдында тілі қысылмауын, біреулердің міндетсінуіне қалмауын әрқашан ескеріп келген. Оның орнына барлық қиыншылықтар мен кемшіліктерді сабырмен, төзімділікпен жеңе білген. Өйткені халқымыз тек сабырлылықпен, шыдамдылықпен ғана көзделген мақсатқа жетуге болатынын, ал сабырсыздық таныту арқылы жолдан тайып, мақсаттар иеленбейтінін жақсы біледі.

Егер байқаған болсаң, адамдардың тұрмысы бір сарынды өтпейді. Әсіресе отбасы жағдайында сан түрлі қиындықтар, жетіспеушіліктер болып тұратыны да заңды құбылыс. Ата-анаң сенің өтінішінді бірде жан-тәнімен орындаса, тағы бірде қолы қысқалық етуі де мүмкін. Міне, осындай жағдайда оларды дұрыс түсінуге, лажы барынша ренжітпеуге тырысуымыз керек.



Ашығын айтқанда, бұндай қарым-қатынасты — сабыр мен қанағатты көрген ата-ананың саған деген мейірімі одан да күшейеді, олар мүмкіндігі барынша сенің өтінішінді тезірек орындауға әрекет жасайды.

Көріп отырғанындай, біздің сабырлы, төзімді болуымыз да отбасылық ортаны сауықтыруға, өзара қарым-қатынастардың жақсарып, күшеюіне себеп болады. Халқымыз:

*Сабырлы жетер мұратқа,
Сабырсыз қалар ұятқа, —*

деп бекер айтпаган. Өйткені адамда сабырлылық пен төзімділік, қанағат болмаса, ол ашкөз, мал-дүниеге тоймайтын, байлық пен дәулетке бас иетін дүниеқоңыз адамға айналады. Ал бұл адамды ағайын-туыстарынан, дос-жарандарынан, ең соңында қоғамнан бөлініп, оқшауланып қалуына соқтырады. Егер өткен тарихқа көз жіберетін болсақ, адамзаттың басынан өткен өте көп жауыздықтарға, қорқынышты соғыстар мен бүліншілік-сойқандарға нақ осындай келеңсіз дерттердің себеп болғанын көреміз.

Сен мектептегі тарих сабағында қисапсыз соғыстар жөнінде сан түрлі әңгімелер оқып жүрсін. Егер назар аударған болсан, небір ұлы державалар мен мемлекеттік құрылымдар азын-аулақ қана адамсымақтардың сабырсыздығы, ашкөздігі, қанағатсыздығы салдарынан бүліншілікке ұшырап, жер бетінен жойылып кеткен. Нақ сондай сабырсыздық дейтін апат ұлының әкесіне, інінің ағасына қарсы соғыс бастап, мыңдаған бейкүнә адамдардың қаны төгілуіне себеп болмады ма?

Ата-бабаларымыздың қаншалықты мейірімді, рақымды, шапағатты болғаны жөнінде де тарих сабақтарынан көптеген өнегелі хикаяларды оқығансың, әрине. Ал қазір мынаны есіңе саламыз, мейір де, шапағат та біреуге жақсы көріну үшін ғана жасалмайды. Халқымыз: «Оң қолыңның бергенін сол қолың білмесін», — дейді. Бұл — өзгелерге жасаған әрбір жақсылығың өтеусіз, бейтарап болуы керек дегені. Сонда ғана жасаған жақсылығыңның берекесі болады, ол саған сауап әкеледі. Тағы бір мәселе — біздің халқымыз ар мен намысты өте жоғары бағалап, қадірлейді. Адамдардың басым көпшілігі қаншалықты қиналса да, басқа біреуге білдірмеуге, іштегі дертін сыртқа шығармауға дағдыланған. Сондықтан бұл адамдарға көрсетілетін көмек пен жақсылық та ешқандай жар салусыз, дабыра-данғазасыз болуы керек, ол ешкімді ұялтып, қынжылтатын болмасын.



Сыныптастар ортасындағы өзара қарым-қатынаста мейір мен шапағат сезімдері қаншалықты күшті болса, бұл сыныптың құт-берекесі де өзгеше болатыны анық. Өйткені адамгершілік, әділеттілік, мейір мен шапағат адам баласын, қауымды, қоғамды ажарландырып, әрлендіріп тұратын өшпес зейнет болып табылады.

Тағы бір нәрсені біліп ал, өмір бар жерде жақсылық пен жамандық, ізгілік пен жауыздық ортасындағы күрес ешқа-

шан тоқтамайды. Өзбекстан Қаһарманы, халық ақыны Әркин Вохидов өмірдің осынау ашы шындығын «Жаманның сөзі» өлеңінде былайша бейнелейді:

*Бұл әлемнің аясы да кең екен,
Жақсысы мен жаманы да тең екен.
Заңғар көкте күннің көзі күлімдеп,
Нұр шашады күліп сен де жүргін деп.
Қойнымда менің саған деген тас бар,
Содан болар, көзіңде сенің жас бар.
Қолыңа сенің ұстағаның шырақ,
Ал сенің жолыңа қойдым мен тұзақ.*

Демек, біз жамандардың қойнындағы тастан — жауыз ниеттерінен, алдамшы идеяларынан, бізге мүлдем жат идеологиялары мен әдеп-ақылағымызға қайшы көзқарастарынан әрқашан сақ болып, жан дүниемізді таза ұстауға тиіспіз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жоғары руханиятты адам және қоғам өмірінің негізі деп санауымыздың себебі неде?
2. Руханият адамның ой-санасына, жан дүниесіне неліктен жылдар бойы дариды? Бұл үдерісті жылдамдатуға бола ма?
3. «Авесто» кітабында алға қойылған мәңгілік идеяның мән-мағынасын кеңірек сипаттап бере аласың ба?
4. Елбасымыз халықтың ежелгі де даңқты тарихын неліктен қасиетті дастанға теңейді?
5. Сабыр мен қанағаттың адам өміріндегі маңызы қандай? Сабырсыздық ше?
6. Сабырсыздық жасап, ұятқа қалған кездерің болған ба? Бұл жөнінде сыныптастарыңа әңгімелеп бере аласың ба?
7. Міндет қылу деген не? Өмірінде саған ешкім міндет қылған ба?
8. Төмендегі суреттерге қарай отырып, халқымыздың руханиятын жарқын бейнелейтін кинофильмнің немесе спектакльдің аттарын ата, олар туралы сыныптастарың ортасында пікірталас ұйымдастыр.



А)



Ә)



Б)



В)

ДОСТЫҚ – ЖОҒАРЫ РУХАНИ ҰҒЫМ

Қымбатты оқушы, өткен сабақтар барысында біз сенімен адамның табиғаты өте күрделі, ал жаны өте нәзік екені туралы әңгімелестік. Расында да осы күнге дейін адамның ішкі жан дүниесін толық біліп алатын біреу әдіс ойлап табылмаған. Тек өзгелер ғана емес, адамның өзі де кейде өзін тани алмай, «таба алмай» қиналады. Сондықтан да ол әрқашан тұрмыстың қуаныштары мен реніштерін бөлісетін, серіктес, ынтымақтас болатын адамға мұқтаждық сезінеді. Ал бұндай адам халық арасында «дос» деп аталады, онсыз ешкім өмір сүре алмайды. Халық арасындағы «Есепті дос айырылмас», «Досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтамын», «Жат – жеп тойғанша, дос – өле-өлгенше», «Мың сомың болғанша, мың досың болсын», «Жақсы дос үшін жан пида» деген нақылдар текке айтылмаған.

Ал ақын Әркин Вохидов:

*Досыңмен егер тең бөліссең бәрін,
Көбейіп шаттық, тең бөлінер қамың, –*

деп, адамның жақсы күні де, жаман күні де оған берілген сынақ екенін, дос-жарандардың көмегімен бұл сынақтардан сүрінбей өтуге болатынын меңзейді.



Достық – адамдар ортасындағы мақсаттардың, ұмтылыстардың, көзқарастар мен мүдделердің жақындығы, өзара түсіністікке, өзара сенімге негізделген қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады.

Достық – адамды рухани тұрғыдан қолдап отыратын, оның ауырын жеңілдететін, рухын көтеретін, өзара сенімді арттыратын күш.

Мынаны ұмытпауың керек, адамда достық, туысқандық, өзара сенім сезімдері дереу пайда болып, өзінен-өзі нығая қоймайды. Дана халқымыз: «Тай сүрінбей жер танымас, ер сүрінбей дос танымас», – дегенде, нақ осы шындықты

меңзейді. Өйткені шын дос табу және оған нағыз дос бола білу адамнан көп нәрсені талап етеді. Ал бұлар — жанкиярлық, шыншылдық, тура сөйлеу, өз мүдделерінен бас тарта білу, сыр сақтау және тағы басқалар. Сондықтан да достық ұзақ жылдар бойы сынақтан өтіп, шындалады. Сол сынақтар кезінде де өзін ақтаған, бүгілмеген, бұзылмаған достықты шынайы достық деуге болады.

Өмірде шынайы, адал дос табу — адам үшін үлкен бақыт. Өкінішке орай бұндай бақытқа әркімнің де қолы жете бермейді. Кейбір адамдардың айналасы боп-бос, өмірлері қызықсыз, іш пыстырарлық болады. Әрине, бұндай жағдайдың себептері де көп әрі күрделі болуы ықтимал. Бұл сияқты адамдарды көрмей-білмей айыптай беру де қисынсыз. Бірақ, қандай жағдай болғанда да, бірер досы жоқ адам алдымен өзі туралы жақсырақ ойланып көруі керек. Өйткені айналадағы адамдардың бәрі бірдей жаман немесе бәрі бірдей жақсы болуы мүмкін емес. Демек, ондай адамның мінез-құлқында, мәмілесінде, жаратылысында бір кінәрат бар, сондықтан ол өзгелерден тайсақтап, оқшаулана береді.

Осындай кездерде ата-бабаларымыздан қалған мына бір ұлағатты сөз еріксіз еске түседі: «Аузы жаман — елді былғар, аяғы жаман — төрді былғар». Бұл нақылдағы «аузы жаман» — не болса соны айта беретін мылжын, көпірме сөзді, ащы тілді, сөзінің аяғы неге соқтыратынын білмейтін бейпіл ауыз дегенді білдіреді. Осындай ауыр да келеңсіз жағдайларға түсіп қалмау, мына жарық дүниеде доссыз өмір сүрмеу үшін біз өзімізді-өзіміз тұрақты «тергеп» тұруға тиіспіз. Өйткені шынайы дос кейде бірге туған бауырларыңнан да артық болуы, өзінің жанашырлығымен өміріңді ажарландырып жіберуі әбден мүмкін.

Адам баласы кез келген жағдайларда да өзіне жақын адамдармен — ата-анасымен, аға-іні, әпке-қарындастарымен қатар, шынайы достарының да болуын іштей қалайды. Досының жанында тұрғанын көрген әрбір адамның мерейі өсіп, қуанышты күндерінде шаттыққа бөленеді, ал қайғылы күндерінде жаны жұбанып, досын арқа тұтады.



Өмірде нағыз достармен қатар жалған достар да кездесіп тұрады. Олар жеке басының мүддесі үшін, белгілі бір мақсатты көздеп, өздерін дос етіп көрсетуге тырысады, яғни өмір сахнасындағы кәнігі әртіске айналады.

Бұндай адамдар лауазымды тұлғалармен мансап креслосына отыру үшін немесе ауқатты адамдардың материалдық байлығы үшін, ал көзі ашық, көкірегі ояу, ақылды адамдармен олардың ақыл-парасатын өз мүддесіне пайдаланып қалу үшін дос болады. Жалған достың әрбір сөзі өз мақсатын көздеп қана айтылады. Ол — алдамшы, айлакер, екіжүзді, өзгенің сырын жұртқа әйгілеуші. Ол сенің қуанышты күндерінде аяғыңа шырмауықша оралып, бір сәтке де жаныңнан кетпейді, ал басыңа іс түскен кезде күтпеген жерден көзден ғайып болады. Дос деп сеніп айтқан сырларыңды дұшпандарыңа жеткізіп, енді олармен «достығын» паш етуге тырысады. Сондықтан да жалған дос өте-мөте қауіпті әрі жауыңнан да қорқынышты болып табылады. Өйткені адам өзінің жауы кім екенін білген соң, оның әрбір іс-әрекетінен сақтанады, өзі де оған жақындамайды. Ал жалған достан, оны шынайы дос деп сенгендіктен, еш қауіптенбейді, ішкі сырларын да онымен бөліседі.



Халқымыздың «Дос басыңа қарайды, дұшпан аяғыңа қарайды», «Ақылсыз дұшпаннан бір сақтан, ақылсыз достан мың сақтан», «Достың орны — төр, дұшпанның орны — көр», «Жан досың жаның қиғанмен, мал досың малың қимас» дейтін нақылдарында жалған достың надандығы, екіжүзділігі, қиянатшылығы дұшпанның найзасынан да өткір әрі қауіпті екеніне ишара жасалады.

Сол себепті адам үшін шынайы достың кім екенін, жалған достың кім екенін айыра білудің маңызы өте зор. Достың шынайы немесе жалған екендігі адамның басына қиын-қыстау күндер туғанда білінеді. Өйткені қуанышты күндерінде барлығы бірдей алдына келеді, шаттығың мен қуанышыңды бөліседі. Ал қайғылы, ауыр күндерінде шынайы, нағыз достарың ғана уайым-реніштеріңді бірге көтеріседі, көмегін көрсетеді, жаныңа жұбаныш, өзіне сүйеніш болады.

Осы орайда мына бір хикаяны есіңе сала кетуді жөн көрдік. 5-сыныпта «Әдебиет» сабағында грузин жазушысы Нодар Думбадзенің «Хелладос» атты шығармасын оқыған едің. Оның кейіпкерлері, сенің құрдастарың — Жамал мен Янгули қалайша айырылмас достарға айналған еді? Бұл қос сотқар әуел баста жай ауызекі айтысып қана жүргенімен, бертін келе шынымен-ақ жұдырықтасып төбелесуге

дейін барады. Бірін-бірі әбден сынап көргеннен кейін ғана олардың арасында ешкім бұза алмайтын шынайы достық арқауы өріледі. Бұл қос ұлан ешқашан көзбен көріп, танымаса да, бір-бірінің өмірден әлдеқашан көз жұмған аналарын еске алып, құрметтейді. Назар аударшы, демек, шынайы дос тек сенің өзіңе ғана емес, бүкіл жанұяңның мүшелеріне де достық, мейірбандық көзімен қарайды екен.



Ұзақ жылдар бойы көрші тұру, бірге оқу, бірге еңбек ету, басына бірер тауқымет түскенде пікірлес болып, дертінді бөлісу, сапарға шығу және басқа да жағдайларда адамдар бір-бірімен достасып кетеді. Дос тұтыну – өте-мөте жауапты іс, оны кіршіксіз ұстау, бөле-жаладан сақтау да оңай емес. Біздің жалған, уақытша «достар» жөніндегі пікірлеріміз саған да тиісті екенін ұмытпасаң болғаны. Өйткені сен де адамың – сенің де күшті және әлсіз жақтарың бар. Өмірде небір төтенше жағдайлар кездесіп қалады, ондайда өзің сасқалақтап қалуың, немесе досыңды ренжітіп қоюың мүмкін.



Сондықтан саған не ұнамаса, өзгелерге де сол ұнамайтынын, сен қаншалықты адал болсаң, өзгелерден де соны күтуге құқылы екенінді ұмытпа. Бұған керісінше, егер сен біреуге қиянат жасаған болсаң, күндердің күнінде ол да саған қиянат жасайтынын, ал бұл көңіліңді қатты ренжітуі мүмкін екенін есіңде сақта.

Осы орайда Бабыр Мырзаның:

*Кімде-кім она қылса, она табар,
Кімде-кім жасап қылса, жасап табар.
Жақсы адам көрмегей жамандықты,
Кімде-кім жаман болса, жаза табар, –*

деген үгіт-насихатының астарында өте үлкен өмірлік шындық жатыр.

Тағы бір нәрсені біліп ал, достық ұлт, діни сенім, мансап, байлық, келбет, жас тандамайды, ол үшін шекара жоқ. Ол сені мен біздің бір-бірімізді түсінуіміз, көңіліміз бен дүниетанымымыздың жақындығы, сәйкестігі негізінде пайда бо-

лады. Бұған тарихта көптеген өнегелі мысалдар бар. Мәселен, Әлішер Науаи мен Әбдірахман Жәми ортасындағы адамдық және шығармашылық достық пен ынтымақтастықтың қаншалықты нәтижелер бергенін, бұл достықтан тек қос ұлы тұлғаның өздері ғана емес, айналасындағылардың, ел-жұртының да қаншалықты мүдде тапқанын еске алудың өзі жеткілікті.



«Достық» ұғымы — өте кең ауқымды ұғым, яғни ол тек екі адамның ортасындағы қарым-қатынастарды ғана емес, ұлттар, халықтар, мемлекеттер арасындағы байланыстардың жылуарлығын, өзара сенімділікті бейнелеуде де қолданылады.

Мемлекетаралық, ұлтаралық достық дәстүрлері әлемде бейбітшіліктің баянды болуына, елдер арасындағы сенімді ынтымақтастықтың дамуына берік негіз қалайды.

Әрине, адамзат өзінің тарихында халықтарды бір-біріне қарсы қайрап салатын, ұлтшылдық, ұлы мемлекеттілік секілді зиянды идеяларды насихаттайтын жауыз күштерді де көп көрген. Атап айтқанда, Екінші дүниежүзілік соғысты бастаған фашизмнің түпкі мәнінде бір ұлтты басқа ұлттардан жоғары қою идеясы жатқан-тұғын. «Жоғары нәсіл» идеясын алға қойған фашистер әлемдегі көптеген ұлттарды «екінші-үшінші сұрыпты» халықтар деп кемсітіп, олардың байлықтарын талан-тараж етуді, мәдениеттерін жоюды басты мақсат етіп белгілеген болатын. Олар халықтар ортасында дұшпандық көңіл күйді етек алдыру арқылы теңдесі жоқ қаскөйлікті жүзеге асырды. Кейбір ұлттарды жаппай қырып тастау фашистер үшін қарапайым іске айналған еді. Ондаған концлагерьлерде миллиондаған бейкүнә адамдарды тірідей өртеген де — сол фашистер. Адамзат бұндай алапатты өз ұясында талқандау үшін бес жылдан астам соғыс өртін бастан кешіруге мәжбүр болды.

Өкінішке орай бүгінгі таңда да әлемнің түрлі бұрыштарында ұлттар мен ұлыстарды, түрлі дін өкілдерін бір-біріне айдап салуға ұрынып жатқан күштер әлі де бар. Мемлекетаралық, ұлтаралық қатынастарды шиеленістіріп, ұлт араздығын қоздыруға ұмтылған бұндай жауыз күштердің мақсаты бізге мәлім, әрине. Халықтардың тағдырын өздері қалағандай етіп шешу, басқа мемлекеттердің жер асты және жер үсті байлықтарына емін-еркін иелік ету, ақыр соңында жер жүзінде жаңа

сипаттағы құлдық құрылыс орнату — бұл күштердің түпкі мақсаты болып табылады. Сол себепті сенен қазірден бастап-ақ адамдар ортасында дұшпандық көңіл күйді қоздырмақ болған жауыз ниетті күштерден сақ болуын, қайсы ұлттың, қай мемлекеттің перзенті болсын, ізгі ниетті адамдарға бауырмалдық танытуын талап етіледі. Сонда ғана еліміз достарының саны көбейіп, оның дұшпандары аяқ тартатын болады.

Достықтың маңызды шарттарының бірі — опалы болу.



Досына опалы болған адам Отанына да, халқына да опалы болады. Керісінше, досына қиянат жасаған адамның халқына, ұлтына, Отанына да қиянат жасмайтынына ешкім кепіл бола алмайды.

Шынайы дос жолдасының жетістіктеріне, жеңістеріне нақ өзінікіндей қуанады, ал жетістікке жете алмағанына ренжиді, уайымдайды. Ол досының қате-кемшіліктерін, теріс басқан қадамын бұқпантайлап отырмай, тіке бетіне айтады. Оның көздеген мақсаты анық — досын келенсіз жағдайдан құтқарып, дұрыс жолға салу, жұртшылық алдында масқара болудан сақтандыру. Бір сөзбен айтқанда, досынан айырылып қалмау! «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дегендей, нағыз дос ащы шындықты бүркемелеп отырмайды, бірақ оның жемісі тәтті болады. Ал дұшпан серігінің қателігін көрсе де, көрмегендей кейіп танытады. Оның мақсаты — бұл адамның жұрт алдында масқара болуы, ел-жұрт ортасындағы абыройының айрандай төгілуі, сонда оның ішкі тілегі жүзеге асады.



Адамдардың өзара достасуында олардың мінез-құлқы, қызығушылығы, деңгейі мен қабілеті де маңызды орын иелейді. Мәселен, ақылды адамның топас әрі дөрекі адаммен, қолы ашық, жомарт адамның сараң, дүниеқоңыз адаммен, ал батыл да өжет тұлғалардың қорқақ, ынжық адамдармен тіл табысып, дос болуы екіталай.

Осы арада сүйікті жазушымыз Абдулла Қадыридің «Мехробдан чаён» романындағы «Шын дос» тарауын еске алған орынды сияқты. Шығарманың бас кейіпкері Анвар мен оның сыныптас жолдасы Насим ортасындағы өте-мөте шынайы, кіршіксіз достық, Анвардың Насим қайтыс болғаннан кейінгі ахуалы суреттелген беттер кез келген адамды еріксіз толғандырады.



Жоғарыда тілге алынғанындай, көзқарастары, ұмтылыстары мен ой-пікірлері бір-біріне қарама-қарсы адамдар дос бола алмайды. «Соқыр соқырды қараңғыда тауыпты» демекші, кейбір арамза, өсек-аянға құмар, ардан безген адамсымақтар өзара бірлесіп, бірін-бірі «дос тұтынып», өздерінің арам ниеттерін бірігіп іске асырады. Олар бұл бірлікті өздерінше «достық»

деп атағанымен, бұндай арамза тобырдың қастерлі достық ұғымына үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Халқымызда «Екі жаман ауыл болмас, ауыл болса да, қауым болмас» деген өнегелі сөзі бар. Бұл нені меңзейді? Бұның мағынасы сол, тумысынан жауыз, бұзық ниетті, арам адамдар шын мәнінде бірігіп, бірер ізгі істі орындай алмайды. Олар азды-көпті уақытқа ғана бас қосып, арам ниеттерін — қылмысты, ұрлықты, қарақшылықты ғана жүзеге асыруы мүмкін. Сұрқия мақсаттарына жеткен соң, олар итше ырылдасып, бет-бетіне тарап кетеді.



Былайша айтқанда, бұндай тобырда достықтың өзі атымен болмағандықтан, опа деген ұлы сезімнің болмайтыны да — заңды құбылыс.

Демек, әрқайсысымыздың қандай адам екенімізді былайғы жұрт достығымызға қарай анықтап, сені мен бізге содан кейін ғана мәміле жасай бастаса, қайран болмауымыз керек.



Досты бұрынғыдан да қалыңырақ дос ететін де, дұшпанға айналдырып алатын да — адамның өзі.

Осы орайда Кейқауыстың «Қабуснама» шығармасынан орын алған төмендегі пікірді назарына ұсынайық:

«Ей, перзент, адам әлі тірі болса, доссыз қалмағай... Достардың ісі жөнінде ойлан, оларға тарту-таралғылар ұсынып, адамгершілік көрсетумен қатар, достық ережесін де берік сақта. Өйткені әрбір адам достарын еске алмаса, достары да оны еске алмайды, сөйтіп, ол кісі әрқашан доссыз қалады.

Достасуды тұрақты дағдына айналдыр, себебі әрбір адамның досы көп болса, оның айыптары сыр тұтылады,

қасиеттері көбейеді. Бірақ әрқашан жаңа дос тапсаң, ескі достарды ұмытпа, олардан теріс айналма, өйткені досың әрқашан көп болғаны жақсы, нағыз дос жаныңа жалау, сүйеніш болады...

Тағы мынаны біліп ал, достарыңның достары да сенің досың болып табылады. Мүмкін, оның сол адамға достығы сенің достығыңнан да көбірек шығар. Егер досың сенің дұшпаныңды ұнататын болса, ондай достан абай бол, өйткені бұндай дос дұшпаның тарапынан саған жамандық қылу-дан да тайынбайды. Сенің досыңа дұшпан болған достан да аулақ жүр...

Ақылсыз адамдармен әркез дос болма. Ақылсыз дос ақылды дұшпаннан да жаманырақ, өйткені ақылсыз достың істеген істерін ақылды дұшпаның да істей алмайды. Мейіршапағатты, білімді, опалы кісілермен дос бол, сен де олардың сондай қасиеттерімен танымал боласың. Мейіршапағатсыз, рақымсыз, өнер-білімсіз адамдармен жақын болма. Өнерсіз адаммен жақын болғаннан гөрі жалғыздық жақсырақ...

Ей, перзент, адамдармен достығың орташа болсын. Досым деп барлығынан үміт күте берме, алды-артыңа кара. Достарыңның сенімінен шығып қалма...»

1082–1083 жылдарда — осыдан он ғасыр бұрын жазылған бұл өсиеттер өз маңызын әлі де жойған жоқ. Бұдан бұрын да айтқанымыздай, адамның өмір сүру салты, тұрмыс жағдайлары өзгеріп, жаңара береді, бірақ оның жаратылысы, болмыс-бітімі дерлік өзгермейді. Осыдан мың жыл бұрын да адамдар шынайы дос табуға қиналған, сол кезде де достықтың шартын бұзып, онбағандық жолға түскендер болған. Сондықтан да кемеңгер Кейқауыс өзінің ұлы Гилоншахқа арнап шығарма жазып, оны бұндай трагедиялардан сақтандырмақ болған. Оның өсиеттеріндегі маңызды идеяларға назар аударайық:

«Егер адам достарын есінен шығарса, достары да оны ұмытуы кәдік» — достарға кінә арту, оларды орынсыз айыптаудан бұрын әрқайсысымыз кемшілікті алдымен өзімізден іздеуге, достарымыздың да көңілі нақ біздікіндей нәзік екенін ескеруге тиіспіз.

«Әрқашан жаңа дос тапқан кезде, ескі достарды тастама және олардан безіп кетпегін» — халқымыз: «Көйлектің жаңасы, достың ескісі жақсы», — деп бекерге айтпайды. Уақытша пайданы, мүддені көздеп, тапқанымыз жаңа «дос-

тар» деп, туған бауырыңнан да артық болып кеткен ескі достардан теріс айналу, сірә, адамгершілікке жатпайды. Нағыз дос өз досына бақталастық, күншілдік, арамзалық, менмендік, сатқындық, дұрдараздық көрсетпейді.



Нақ сол себепті Кейқауыс достарды екі топқа бөледі: 1. Нан достары; 2. Ар және намыс достары.

Сонымен, достық пен жолдастық сезімі — ұлы игілік ретінде адам өмірінің айшықты өрнегі болып табылады. Оны абайлап-сақтау, барынша қадірлеу және шынайы достық ережелеріне мойынсұну адамның күшіне-күш, күдіретіне-күдірет қосады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Адам неліктен досқа мұқтаждық сезініп, достарының көбірек болуын қалайды?
2. «Достықтың жібін үзбе, үзсең түйіні қалады» деген өнегелі сөзде қандай мазмұн жинақталған?
3. Тарих пен әдебиеттен шынайы достық үлгілеріне мысалдар келтіре аласың ба?
4. «Нан достары» кімдер, ал «ар мен намыс достары» ше?
5. Достың дұшпанға, ал дұшпанның досқа айналуына нелер себеп болады деп ойлайсың?
6. Халықтар мен мемлекеттер арасындағы достық ненің есебінен нығаятыны, керісінше бұл достыққа қандай іс-әрекеттер іріткі салатыны туралы төмендегі суреттер негізінде ой қорыт.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Осыдан миллиондаған жыл бұрын — адамзат пайда болған кезеңдерден бастап қисапсыз адамдар Жер құшағында туылып-өскен, өмір сүріп, ризығын теріп жеген. Адамзатты бағатын, киіндіретін, оған баспана болатын ана топырақ ғарыш кеңістігінде жападан-жалғыз, сондықтан да ол өте-мөте қымбат әрі қастерлі. Бүгінгі таңға дейін адамзат өзі үшін өмір сүруге одан басқа қолайлы мекен тапқан жоқ, таба алмайды да. Осы күнге дейін адамдар аспаннан жаңбырдың, қар мен бұршақтың жауғанын көрген, бірақ бірер рет болса да құймақ немесе нан жауғанын көрген емес. Яғни бұл топырақ, бұл су, бұл ауа — табиғат болмаса, адам баласы онымен «тіл табысып», өзі үшін ризық жинамаса, аспаннан бір үзім нан да жаумайды.



Сондықтан сені мен бізге, яғни бүкіл адамзатқа байлықтарын міндетсіз беріп отырған, жомарт та кеңпейіл құшағын айқара ашқан ана табиғатты абайлап, сақтау, оның ертеңгі тағдыры жөнінде ойлану — әрбір адамның жауапкершілігі, мойнындағы қарызы болып табылады.

Елбасымыз адам руханиятының кемелденуінде ана табиғат, оған мейіріммен қарау, оның әсем көркінен ләззаттану сезімі орасан зор маңызға ие екендігін ерекше атап көрсетеді:



«Табиғатқа жақындық, туған өлкенің сарқылмас сұлулығынан ләззат алу руханиятты азықтандырады, күшейте түседі»¹.

Табиғатты қорғау экологиялық мәдениеттің қарапайым дағдыларын иелеуден басталады. Көшеде кетіп бара жатқанда кәмпиттің қағазын немесе шекілдеуіктің қабығын арнаулы қорапқа емес, кез келген жерге тастай салсақ, тротуармен жүрместен, көк майсасы жайқалған газонды ба-

¹ **Ислам Каримов.** Yoshlarimiz — xalqimizning ishonchi va tayanchi. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2006 жыл, 54-бет.

сып өтсек, екі-үш дана көктүйнек аламын деп ағаштын бұтақтарын сындырсақ, құстардың ұясын бұзсақ, арықтарға коқыс тастасақ... бұлардың барлығы да біз үшін туған анамыздай мейірбан табиғатты құрметтемеу, оның игіліктерін аяқ асты еткендік болмай ма?

«Экологиялық мәдениет» дейтін ұғымның астарында нақ осы ақиқатты ұғыну, табиғат пен қоғам заңдылықтарына сай өмір сүру талаптары жатыр. Экологиялық мәдениет те жалпыадамилық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі, оның маңызды көрсеткіші болып табылады.



«Экология» — латын сөзі, «ойкос» — үй және «логос» — ғылым сөздерінің бірігуінен жасалған. Яғни экология — «табиғат үйі» болып табылатын жаратылыстағы барлық тіршілік иелерінің өмір сүру жағдайын және олардың жасайтын ортамен өзара қарым-қатынастарын зерттейтін ғылым.

«Экологиялық мәдениет» тіркесі соңғы кездерде ғана айналымға енген болса да, адамзат өте ерте замандардан-ақ табиғатты қорғау, оған абайлап қарау дағдыларын иелеуге әрекет жасап келген. Егер ежелгі діни көзқарастар тарихына назар аударатын болсақ, оларда табиғат элементтерінің, жануарлар мен басқа да тіршілік иелерінің қасиеттілендірілгенін, тіпті оларға сыйынғандықтарын көреміз.



Атап айтсақ, пайда болу тарихы біздің өлкемізбен байланысты болған зардуштилік (зороастризм) ілімі және оның негізгі кітабы «Авестода» дүниенің материалдық негізі саналатын топырақ, су және ауа қасиеттілендірілген, ал отқа құлшылық етіліп, сәжде жасалған.

Ауаны, суды ластандыру, жануарлардың ғана емес, адамдардың да денесін жерге көму, суға ағызу, отқа жағу күнө болып саналған. Марқұмдардың мәйігі жерді, су мен ауаны ластандырмауы үшін оларды арнайы саздан жасалған ыдыстарға салып көму ұйымдастырылған.

Одан кейінгі замандарда да халқымыздың ана табиғатқа мейірімі күшейсе күшейген, бірақ еш төмендеген емес. Мысалы, үй-жайды, арық-әуіздерді, құдықтар мен сардобаларды ұдайы таза ұстау, гүлдер мен көшеттерді күтіп-баптау, айнала төңіректі көгалдандыру, бір гүл үзіп алынса, оның орнына он шақты гүл егу сияқты жұмыстар — өмірдің қарапайым талабы, барша бірдей орындауға тиісті ережесі

болған. Жоғары диканшылық мәдениетке ие болған ата-бабаларымыз ауыл шаруашылығында суды үнемді пайдаланудың, жердің өнімділігін сақтау мен молайту мақсатында егіндерді ауыстырып егудің, жерді тек табиғи тыңайтқыштармен ғана қоректендірудің тиімді тәсілдерін ойлап тапқан.



Халқымыздың өмірінде суға қоқыс тастау, оны ластандыру үлкен күнә болып саналған. Сондықтан да адамдар көшелерден, аулалар арасынан ағып өтетін арықтардан емін-еркін таза су ішкен, балалар ыстық күлшелерді сол суға малып, жібітіп жеген.

Ислам діні де табиғатты ардақтау, оның игіліктеріне шүкірлік келтіру, ысырапкершілік пен арамзалықтан сақтану мәселелеріне айрықша назар аударады. Мәселен, Құрани кәрімнің «Ағраф» сүресінің 31-аятынан мынадай жолдарды оқимыз: «Ей, Адам ұрпағы!.. Жендер, ішіндер, (бірақ) ысырап етпендер! Өйткені Ол (Алла) ысырап етушілерді сүймейді».

Ал хадиси шәріптердің бірінде: «Ертең қиямет қайым болады деген күні де ағаш егіңіз», — делінген. Бұл хадисте өте терең мағына жатыр. Онда ертеңгі күнге сеніммен қарауға шақыру да, түңілмеуге, бұл дүниеден безінбеуге, табиғатты үздіксіз байытып отыруға үндеу де сезіліп тұр.

Бұлардың барлығы да халқымыздың ежелден-ақ өзіне тән экологиялық ой-сана мен мәдениет иесі болғанын көрсетеді.



Экологиялық мәдениет бірқатар факторлар негізінде қалыптасады. Табиғатқа сүйіспеншілік, ол туралы білімдер мен сезімдер, экологиялық тәрбие, дәстүрлер мен құндылықтар, экологиялық тәртіптілік солардың қатарынан.

Енді бұлардың әрқайсысына жеке-дара тоқталайық.

Сен жақсы білетін шығарсың, барлық тіршілік иелері сияқты адам да — табиғаттың перзенті, оның ең ерке, ең сүйікті баласы. Табиғаттың байлықтарын, оның игіліктерін ешқандай тіршілік иелері адамнан артық пайдаланбайды. Егер назар аударған болсаң, жан-жануарлардың басым көпшілігі тек бір күндік азықпен ғана шектеледі, ертең немесе бір аптадан кейін пайдалану үшін қор жинау — оларға мүлдем жат нәрсе. Өзің күн сайын көріп тұратын құстарға бір көңіл бөлші: олардың бірде-біреуі кешке қарай не ертеңіне жеу үшін дән жинап қойғанын байқадың ба? Жок, байқамағансың. Ал адамдар ше?



Бұл сұрақтың жауабын бәріміз де жақсы білеміз, сондықтан сипаттап отырмаймыз. Оның орнына табиғаттан соншама ризық алып отырған, оның байлықтарын өтеусіз пайдаланып жатқан сол адамдардың барлығы да ана табиғатты сүйе ме, оған абайлап қарай ма деген сұрақтар жөнінде ойлану маңыздырақ.



Ең алдымен, мынаны атап өтейік, адамдардың басым көпшілігі ұдайы табиғат қойнына талпынады, үйден, қаладан тезірек шығып, ұшы-қиырына көз жетпейтін далаларға, жасыл желегі жайқалған қыр-адырларға, көрік-келбеті мен мұңдалаған таулар мен ормандарға, бұлақтар мен өзендерге баруға асығады. Осының өзі-ақ адамзаттың қаны мен жанында табиғатпен үндестік, онымен үйлесімділік бар екенін білдіреді.

Адамның үйде, кабинетте шаршап-шалдыққан, қажыған рухы табиғат бауырына барған соң, күрт жеңілдеп, жаңарады, жайнайды. Ұзақ уақыт бойы анасын көрмеген, сағынған жүрегі әбден қысылып, зарыққан перзент мейірбан адамын көргенде қаншалықты сүйінсе, адамдар да табиғат құшағында өздерін нақ сондай сезінеді. Өйткені адамның бүкіл болмысы, тәні мен жаны осы табиғатсыз, айналадағы әлемсіз өмір сүруі, кемелденуі мүмкін емес. Соған қарағанда, адамның ана табиғатты сүймеуі, оны көзінің қарашығындай абайлап-сақтамауы да мүмкін емес сияқты.

Бір өкініштісі, өзін дүниеге әкеліп, кәмелетке жеткізген анасын құрметтемейтін, оның жүзіне аяқ басудан да тайынбайтын сұрқия, ұждансыз перзенттер де болғанындай, арамыздан табиғаттың байлықтарын есепсіз игере беруге дағдыланған адамсымақтар да табылады. Бұндайлардың пікірінше, табиғаттың байлықтары ешқашан таусылмайды, оны күтіп-баптау, абайлап-сақтау, оған қамқорлық көрсету де шарт емес. Міне, осындай пиғылдағы адамдардың қылмысына көңіл бөлетін болсақ, олардан ана табиғаттың қаншалықты зардап шегіп жатқанына куә боламыз. Мысалы, олар демалу, серуендеу мақсатымен тау қойнына немесе түп-тұнық сулы көлдер

бойына баратын болса, өздерінен кейін басқалар да демалып, ләззаттану үшін келетінін қаперіне де келтірмейді. Демалу, тынығу мәдениетінен жүрдай бұл адамдар жайқалып тұрған ағаш-бұталарды сындырып, отын ету, көкөніс, бақша егіндерінің қабықтарын арықтарға немесе көлге тастау, түрлі ішімдіктерден босаған бөтелкелерді кез келген жаққа лақтырып жіберу, қазан-табақтардағы тамақ қалдығын ағын суларға төгу секілді жағымсыз әдеттерді қатардағы істер деп ойлайды. Ал шынтуайтында олардың бұндай қылмыстары себепті табиғатқа айықпас жарақаттар салынады.



Табиғаттың тілі жоқ — өзінің ауруларын, іштегі дерттерін айта алмаса да, оның бастапқы көрікті де әсем келбетінде пайда болған дақтар бәрімізді де ойландыруға тиіс.

Демек, табиғатқа сүйіспеншілік, оған мейірімді көзқараста болу адамилықтың маңызды өлшемдерінің бірі болып саналады, соған қарап-ақ адамның қаншалықты тәрбиелі, көргенді, мәдениетті де парасатты екенін біліп алуға болады.

Табиғат жөніндегі білімдер мен түйсіктер адам бойында жастайынан қалыптаса бастайды. Балабақшаларда бүлдіршіндер ойнайтын ойыншықтардан бастап, олардың киім шкафтары мен төсек-орындарына дейін, жастық тысынан шомылатын әуіздеріне дейін — барлық жасау-жабдықта-рында алуан түрлі ағаштардың, жан-жануарлардың ғажайып суреттері бар. Көлдер мен өзендер бойынан әкелінген, іші ұсақ ұлу қабыршақтарына толы жібектей есілген құмнан да балалар алуан түрлі жануарлардың мүсіндерін, тау-төбелер үстіне салынған қорған-қамалдар бейнесін жасап ойнайды.

Ауыл балаларының көп уақыты табиғат қойнында өтеді. Олар жақындап келе жатқан көктемді арық жиектерінде өскен жалбыздың өткір де ұнамды иісінен-ақ сезеді. Арық бойында қаулап өскен су өсімдіктерінің нақ қыздардың шашындай болып жайқалып тұруы, тау жақтан ескен салқын самал, сонау жайылымнан келе жатқан қой-қозылардың маңырауы — барлығы да ауылдық балалар өмірінің бір бөлігі, олар түйсігінің бөлінбес бөлшегі болып мәңгі жатталып қалады. Олардың қаладағы құрбы-құрдастары хайуанаттар және демалыс бақтарында, циркте болған кездерінде табиғат жан-жануарларымен бетпе-бет кездеседі. Терісі қаншалықты әдемі, ою-өрнекті болғанымен, жылан-



ның түрі өте суықтығы, бұған керісінше – бір қарағанда көзге жағымсыз, дөрекілеу көрінетін тасбақаның ешкімге зияны жоқтығы, қасқырдың сыртқы көрінісі ауладағы күшіктен аумайтындығы, жайран көзінің соншалықты әдемілігі олардың сана-түйсігінде ерекше сезімдер оятып, білімдерін арттыра түседі.

Мектептегі сабақтар барысында біз табиғаттың жалпы құрылысы, Жер жүзіндегі климаттар, құрлықтар мен материктер, мұхиттар мен теңіздер, таулар мен жанартаулар, жануарлар және өсімдіктер әлемі жөнінде нақты білімдерге ие боламыз. Мысалы, Солтүстік полюсті немесе Антарктиданы мәңгілік мұздықтар басып жатқанымен, Африканың көптеген аумақтарында ешқашан қар жаумайтындығын «География» пәнінен білсек, кіп-кішкентай араның бес бірдей көзі бар екенін немесе шегірткенің құлағы аяғында орналасқанын бізге «Зоология», яғни «Жануартану» пәні түсіндіріп береді. Бұған қосымша, газеттер мен журналдар, телевидение мен радио, ғаламтор материалдары арқылы бізден он мыңдаған шақырым ұзақта тұратын елдердің әсем табиғаты, хайуанаттар және өсімдіктер әлемі жайлы бірі екіншісінен де қызық мәліметтер біле аламыз.



Бұл білімдер мен тәжірибелер біздің табиғат жөніндегі, оның қаншалықты құдіреттілігі жөніндегі, сонымен қатар қаншалықты қорғауға мұқтаж екені жөніндегі түсінігімізді байытады.

Экологиялық тәрбие тек мектеп білімімен ғана шектелмей, отбасылық, махаллалық ортада да жалғаса береді. Біздің елімізде үй-жайлардың, көшелер мен махаллалардың тазалығына, жемісті және саялы ағаштарды көбірек отырғызуға, арық-атыздарды тұрақты тазалап тұруға айрықша назар аударылады. Жыл сайын бірнеше рет асарлар ұйымдастырылып, көріктендіру және көгалдандыру істері жүргізіледі. Осы үдеріс барысында үлкендердің алдына кіріп, «Мен не істейін, маған да жұмыс беріңіздер» дейтін балалар да көп кездеседі. Үлкендер жерді қалай қопсытып жатыр, ағаштарды қалай отырғызады, оның түбіне қандай тыңайтқыш са-

лынады, ағаштардың тарбиған жанама бұтақтарын қалай кесу керек, қалемше қалай жасалады, жүзім ағашының түбіне суды неге аз құяды — осылардың барлығы да саған және сенің құрдастарың үшін үлкен сабақ, тәжірибе болып саналады. Бұндай істер адамнан тек күш пен мандай терді ғана емес, оқу мен білімді де, сабыр мен шыдамды да талап етеді.

Егер бұл сөздер өсімдіктер күтіміне қатысты болса, әрбір үй жануарын асырау, оларды кеселге шалдықтырмастан бағу, тілсіз жануарлармен «тілдесу» үшін де ерекше қабілет керек. Бұл салада халқымыздың неше ықылым замандар барысында жинақталған тамаша нақылдары да бар. Міне, олардың кейбірімен танысуына болады:



«Егер болса ақтығың, білінбейді жоқтығың» (ақтық — сүт-айран мағынасында), «Малды қамшымен айдама, жеммен айда», «Ат ұстаған — азаптан құтылады», «Ат аяғынан семіреді», «Бақпаса — мал өспейді, баптама — шөп өспейді», «Түзде бұзауы жамырағанның, үйде айраны төгілер», «Қой семізі — қойшыдан» және тағы басқалар.

Егер дана халқымыздың өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қатысты бұндай тәжірибелерін құнт қойып игерсек, табиғатты сақтау, оны күтіп-баптау дағдыларын үйренсек, бізді қоршаған орта да сұлулана түседі, көңіліміз де марқайып, тазарады.

Адамдардың экологиялық мәдениетін көтеру бойынша осы бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарының көлемі мен ықпалдылығын арттырудың маңызы ерекше. Бүгінгі таңда республикамыздағы бірқатар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, қорлар, бұқаралық ақпарат құралдары бұл мәселеге айрықша назар аударып отыр. Теледидар және радио толқындары арқылы табиғатты қорғау, су мен ауаның тазалығын сақтау, озон қабаты жетіспеушілігінің алдын алу, жапырақтар мен шығынды-қоқыстарды өртемеу сияқты көкейкесті проблемаларға адамдардың назарын аударуға арналған көрсетілімдер мен хабарлар тұрақты берілуде. Оқу-тәрбие мекемелерінде, кәсіпорындар мен ұйымдарда, махаллаларда эколог мамандардың қатысуымен ұйымдастырылып жатқан сұхбаттар, жастар жиындары, табиғат қойнына ағартушылық саяхаттар отандастарымызды, әсіресе жас ұрпақты осынау маңызды мәселеде сергек болуға, немкеттілікке салынбауға шақыруда.



Өйткені бүгінгі таңда Жер жүзінде өте күрделі экологиялық проблемалар туындауда, олар тек кейбір мемлекеттерді ғана емес, бүкіл адамзаттың келешек өмірін, адамзаттың тағдырын елеулі қауіп астында қалдыруы ықтимал.

Бұндай проблемалардың қатарына атмосферадағы озон қабатының бұзылуы, тұщы су қорларының азаюы, мәңгілік мұздықтардың ери бастауы, дүниежүзілік мұхит пен ғарыш кеңістігінің ластануы, дүниежүзілік «Қызыл кітапқа» енген бағалы өсімдіктер мен жануарлардың күрт азайып бара жатқаны және басқа да көптеген өзекті мәселелерді қосуға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары дүниенің біресе мына шетінде, біресе ана шетінде аса үлкен су тасқындары, орман өрттері, жер көшкіндері, құрғақшылық немесе қатты аяз секілді ауа райы құбылыстары болып жатқаны жөнінде хабарлар таратып жатқаны тегін емес. Бұдан тыс жыл сайын ондаған мың адамдардың өмірін қиған күшті жер сілкінулер, теңіздер мен мұхиттардағы дүлей дауылдар, алапат борандар мен құйындар да болып жатыр. Бұлардың барлығы да бір күнде немесе аяқ астынан пайда болған проблемалар емес, әрине. Табиғатта болып жатқан апаттар мен өзгерістердің дені адамзаттың өзі жол қойған қайғылы қателіктер, табиғатқа аяушылықпен қарамау секілді себептердің ауыр салдарынан туындап отыр.



Экологиялық проблемалар табиғат ілімін білмеуден, оның заңдылықтарына мойынсұнбай, күш көрсетуден туындайды.

Тек пайданың соңынан қууға үйреніп қалған ірі өнеркәсіп орындарынан, олардың жұмыс істеуіне шикізат дайындайтын үлкенді-кішілі зауыт-фабрикалардан, дайын өнімдерді дүниенің түрлі бұрыштарына жеткізуге асыққан барлық түрдегі көлік құралдарынан атмосфераға шығарылып жатқан улы газдар, булар, түрлі шығындылар қоршаған ортаның ластануына, ауаның, су мен жердің табиғи құрамының шұғыл өзгеруіне себеп болып жатыр. Су секілді аса құнды табиғи байлықты үнемді пайдалану орнына оны ысырап ету, күшті жер сілкінулер болатын сейсмикалық аймақтарда алып плотиналар мен электр станцияларын салу, өзендер мен сай суларының арналарын өзгерту сынды терең ойластырылмай жүзеге асырылған істер, әрине, табиғаттың тепе-теңдігін бұзатыны сөзсіз. Ең қатерлісі сол,

жол берілген қате-кемшіліктерді түзету, ізден шыққан тепе-тендікті қалпына келтіру кейін өте қиынға соғады.



Мынаны білуге тиіспіз, табиғат — жетілген жүйе. Оны экожүйе деп те атаймыз. Экожүйеге жоғары ақыл-парасат тұрғысынан қарау, оның тепе-теңдігін ешқашан бұзбау керек.

Өкінішке орай, бізге бұрынғы кеңес мемлекетінен ауыр экологиялық проблемалар да мұра болып қалған. Елбасымыз бұл мәселеге өткен ғасырдың 90-жылдарында-ақ бүкіл әлем жұртшылығының назарын аударған болатын:



«Рухани тіктелу адамның жерге және оның байлықтарына деген қарым-қатынасын да қамтуға тиіс...

Өкініштісі сол, соңғы жүзжылдықта нақ осы аймақтың экологиялық жүйесіне өте үлкен зиян келтірілді. Ата-бабаларымыздың табиғатты пайдалану саласындағы дәстүрлі әдеп-ақылақ ережелері ұмытылды. Бұл ережелерге орай су мен жерді еш ойланып отырмай былғау, ысырап ету үлкен күнә болып саналатын еді»¹.

Аймағымыздағы экологиялық проблемалардың ең үлкені Арал теңізінің тартылуына байланысты екенін білесің. Өзбекстан бұл мәселенің шешімін табу, проблеманың одан әрі тереңдеуінің алдын алу, Аралбойы аумағында өмір сүретін халықты жан-жақты қорғау бойынша көптеген іс-шараларды қарастырып келеді. Республика басшылығының бұл күрделі мәселеге әлемдік қауымдастықтың назарын аударып отырғаны да Арал проблемасы тек бір-екі мемлекеттің ғана емес, бүкіл Жер жүзінің проблемасына айналғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың 2010 жылғы 20 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымы саммитінің Мынжылдық даму мақсаттарына арналған жалпы отырысында сөйлеген сөзі айрықша маңызды:



«Арал трагедиясы — экологиялық проблемаларға жауапсыздықпен қараудың нақты көрінісі болып отыр. Бір кездерде сирек кездесетін әрі көрікті теңіздердің бірі болған Арал бір ұрпақтың өмірі барысында дерлік құрғап, тартылып бара жатқан су алабына айналды. Қырық жыл ішінде Арал теңізінің акваториясы 7 есе

¹ **Ислам Каримов.** Xavfsizlik va barqaror taraqqiyot yo'lida. / O'zbekiston XXI asr bo'sag'asida. —T.: «O'zbekiston» баспасы, 1998 жыл, 131-бет.



қысқарды, су көлемі 13 есе азайды, ал оның минералдануы ондаған есе күшейіп, теңізді тірі ағзалардың өмір сүруіне жарамсыз күйге келтірді. Осының салдарынан барлық хайуанаттар және өсімдіктер әлемі түгелдей дерлік күйзеліске ұшырап, жойылды...

Арал теңізінің тартылуы әлі де тоқтамағаны және оның айналасында гуманитарлық трагедия болып жатқаны себепті Аралбойының табиғи биологиялық қорын сақтап қалу, Арал дағдарысының қоршаған ортаға, ең маңыздысы, бұл жерде өмір сүріп жатқан жүздеген мың және миллиондаған адамдардың өміріне қайғылы әсерін азайту бүгінгі таңдағы ең өзекті міндет болып саналады»¹.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде табиғатты аялау, оны одан әрі байыту бойынша көлемді жұмыстар қолға алынды. Ең алдымен, табиғатты қорғаудың заңдық негіздерін нығайтуға елеулі назар аударылып келеді. Бүгінде елімізде «Табиғатты қорғау туралы» (1992 жылғы 9 желтоқсанда қабылданған), «Шығындылар туралы» (2002 жылғы 5 сәуір), «Су және суды пайдалану туралы», «Айрықша қорғауға алынатын табиғат аумақтары туралы», «Жер асты байлықтары туралы» (барлығы да 1993 жылғы 7 мамырда қабылданған) және басқа заңдар, көптеген кодекстер қатан жұмыс істеуде. Аталмыш заңдар мен заң асты құжаттар заман талабына сай түрде жетілдіріліп келеді. Осынау маңызды міндеттерді орындауға тек мемлекеттік ұйымдар ғана емес, көптеген қоғамдық ұйымдар да белсене ат салысуда.



Анығырақ айтсақ, Өзбекстан Экологиялық қозғалысына Олий Мажлистің Заң шығару палатасында 15 депутаттық орын бөлінуі аталмыш қоғамдық қозғалыс жүргізіп жатқан қызметті жан-жақты қолдаудың іс жүзіндегі көрінісі болды.

Өлкемізде халықтың назарын табиғатты аялауға бағыттап, азаматтардың экологиялық мәдениетін, білімі мен деңгейін кемелдендіруге көңіл бөлініп отыр. Соның нәтижесінде

¹ «Маърифат» газеті, 2010 жылғы 22 қыркүйек саны.

мемлекеттің барлық облыстары мен аудандарында бақтар мен ормандар өсіріліп, жаңа су алаптары, қорықтар ұйымдастырылуда. Ауыл шаруашылығында суды, жерді ұқыпты пайдалану, бұл үшін тамшылатып суару технологиясын қолдану, улы химикаттардың орнына табиғи тыңайтқыштар салу, егіндерді ауыстырып егудің көмегімен жердің жағдайын жақсартуға назар аудару күшейді. Тұрғындарды сумен қамтамасыз ететін табиғи тұщы су көздерінің қауіпсіздігі мен тазалығы тұрақты бақылауға алынған. Кәсіпорындарға экологиялық тұрғыдан зиянсыз, заманалық талаптарға сай құрал-жабдықтар орнатылуда, шығындысыз технологияларды пайдалану қолға алынды.



Бұлардың барлығы да, әрине, тек бүгінгі таңда өмір сүріп жатқан адамдардың мүдделері үшін ғана емес, таяуда және ұзақ болашақта осы топырақта өмір сүруге тиісті ұрпақтардың бақыт-игілігі үшін жүзеге асырылып жатқан сауапты істер болып табылады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Адамды неліктен табиғат перзенті деп атаймыз?
2. Адамдардың табиғат құшағына талпынуы олардың бойында қандай ерекшеліктер барын білдіреді?
3. Экологиялық мәдениет қандай білімдер мен дағдылар нәтижесінде пайда болады?
4. Соңғы кездерде экологиялық проблемалардың шұғыл көбеюіне не себеп болып отыр?
5. Орталық Азия аймағындағы ең өзекті экологиялық проблемалар ретінде нелерді көрсетуге болады?
6. Мына суреттер негізінде табиғат және оны аялау туралы әңгімелеп бер.





БИЗГЕ ТАНЫС ЖӘНЕ БЕЙТАНЫС ТАБИҒАТ

(Практикалық сабақ)

Бұл практикалық сабақты ұйымдастыру үшін, ең алдымен, сыныптағы барлық оқушылар өздері жасайтын аумақтағы табиғаттың, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің үлгілері туралы мағлұмат әзірлейді. Олардың кейбір үлгілерін (мәселен, түбекке отырғызылған түрлі гүлдер, ағаш жапырақтары, жемісі, үйде бағылатын құстар, тасбақа, зиянсыз бунақденелілер, бұлақ суы және басқа сол сияқты табиғат игіліктері) сабақ өткізілетін жерге әкелуге де болады.

Әрбір оқушы өзі тандаған зат жөнінде лажды барынша көбірек ғылыми мәлімет жинап, сыныптастарына әңгімелеп беруі керек. Бұл үшін мектеп кітапханасындағы «Өзбекстан Ұлттық энциклопедиясын», «Балалар энциклопедиясын», хайуанаттар және өсімдіктер әлеміне қатысты көптеген әдебиеттерді пайдалануға болады. Бұдан тыс кез келген ағаш, өсімдік, гүл, жануар, бунақденелі немесе бұлақ суы туралы үйдегі үлкендерден сұрастыру, олардың өзіне тән ерекшеліктерін біліп алу мүмкіндігі де бар.

Бұл ретте төмендегі мәліметтерді анықтауға мән бер:

— Ағаш, өсімдік, гүл жабайы түрде өсе ме, әлде мәдениленген бе?

— Оларды мәденилендіруге бола ма, жоқ па?

— Олар қашан гүлдейді, қашан жеміс түйеді, қай уақытта жапырағын төгеді?

— Олардың өмір сүру мерзімі қанша — бір жылдық па, әлде көп жылдық па?

— Соңғы кездерде олар көбейіп бара ма, әлде керісінше ме?

— Оларды қалай көбейтеді немесе табиғи түрде көбейе ме?

— Олардың қандай шипалық қасиеттері бар?

— Жануар, құс, бунақденелі жабайы түрде өмір сүре ме, әлде үйде жасай ма?

- Олар немен қоректенеді, қоректі қайдан табады?
- Соңғы кездерде олар көбейіп бара ма, әлде керісінше ме? Бұнын себебі неде деп ойлайсың?
- Олардың күтімінде нендей нәрселерге көбірек назар аудару керек?
- Олардың өмір сүру мерзімі қанша?
- Зерттеліп жатқан тіршілік иесінің еліміздің экологиялық жүйесінде қандай маңызы бар және тағы басқа сол сияқтылар.

Осы және басқа да көптеген қызықты сұрақтарға табылған жауаптар сенің және сыныптастарыңның бір қарағанда елеусіз өтіп кететін табиғат таңғажайыптары жөніндегі білім-түсініктеріңді байыта түседі. Бұндай ағартушылық тәжірибе сені де, достарыңды да әрбір шөпке, әрбір тіршілік иесіне немқұрайды қарамауға баулиды. Осылайша ана табиғатқа сүйіспеншілік, оған мейіріммен, аяушылықпен қарым-қатынас жасау дағдыларын игеріп аласың.





УАҚЫТТЫ ҚАДІРЛЕУ – РУХАНИЯТ ӨЛШЕМІ

Қымбатты оқушы, бүгінгі әңгімемізді Елбасымыздың сені мен бізге — жас ұрпаққа арнап айтқан өте өнегелі сөздерімен бастаймыз:



«Әрбір ұрпақ тарихтың өзіне тиесілі бетін өзі жазауға тиіс»¹.

Президенттің бұл үндеуінің астарында өте үлкен, аса салмақты мағына мен мақсат жатыр. Бұрынғы сабақтарда айтқанымыздай, біздің ұлы ойшылдарымыз, ұлы ғұламаларымыз, атағы жер жарған қолбасшыларымыз тарихтың өздеріне арналған беттерін алтын әріптермен толтырып, тек бізге ғана емес, бүкіл адамзатқа да тиесілі ұлы ашылымдарды — ғылыми, мәдени, рухани байлықтарды жаратқан. Мемлекеттілікті ұйымдастыруға және оны басқаруға байланысты аса құнды тәжірибелерді де жазып қалдырған. Бұндай өте-мөте бай мұраларды қаншалықты мақтан етсек те арзиды, әрине. Сонымен қатар мәселенің екінші жағы да бар. Бұл салада Елбасы бүгінгі ұрпақтың, соның ішінде өсіп келе жатқан жастардың назарын төмендегі маңызды мәселеге аударады:



«Өткен тарихты мақтан тұту керек, мақтану қажет те, бірақ біз тек бұнымен ғана шектеліп қалмауымыз керек. Себебі тек өткеннің абыройымен ғана өмір сүруге болмайды»¹.

Демек, әрбір ұрпақ мәңгілік өшпес құндылықтарды аялап-сақтауға, оларға адалдық танытуға, сонымен қатар бұл құндылықтарды одан әрі байытуға, ұлттың және мемлекеттің гүлденуіне қажетті көптеген істерді орындау жолында жанқиярлық танытуға міндетті. Өйткені бүгінгі прогресс, шапшаң

¹ **Ислам Каримов.** Yoshlarimiz — xalqimizning ishonchi va tayanchi. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2006 жыл, 56-бет.

² Сол кайнар, 43-бет.

даму үстіндегі заман жас ұрпақтың алдына да қыруар ділгірліктер мен талаптарды қойып отыр. Міне, сол талаптарға сай әрекет жасау, мемлекеттің экономикасын, әлеуметтік-саяси, мәдени-ағарту салаларын өркендету жауапкершілігі уақытты, өтіп бара жатқан әрбір күнді өнімді пайдалануды өзекті міндет етіп қоюда. «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабының «Ең ұлы ерлік» деп аталатын бөлімінде Елбасымыз осы мәселе жөнінде төмендегідей маңызды пікір білдіреді:



«Менен сұраса, күн сайын, сағат сайын жанқиярлық таныту, ұлы мақсаттарға жету жолында өзінің бірер тамшысын да, бірер түйіршігін де аямай, қажымай-талмай үздіксіз жұмылдырып отыру, бұл қасиетті тұрақты, күнделікті қызмет өлшеміне айналдыру — түптеп келгенде, нағыз ерлік осы деген болар едім»¹.

Ал академик ақын Фафур Ғұлам өзінің «Уақыт» атты өлеңінде:

*Ғазиз ғасырдың Ғазиз сәттері
Ғазиз адамнан сұрар қадірін.
Уақыт қымбат, өлең жолдары
Безейді оның өмір дәптерін, —*

деп жазған болатын. Бұл жердегі «өмір дәптері» деген тіркестің астарында аса үлкен мағына жатыр.



Әрбір ұрпақ сияқты әрбір адамның да өмір дәптері болады. Бұл дәптерді «өлең жолдарымен» — ізгі істермен, жақсылықтармен өрнектеу өзіміздің қолымызда. Бұндайда кейбір сәттердің қадірін білу, уақытты бағалау — өте маңызды.

Қош, ақын неге уақытқа, оны бағалауға екпін беріп отыр, неге «ғазиз сәттер» деп дәріптейді?

Егер ашығын айтатын болсақ, қазірше сен өмірдің қадірі мен құнын толық ұғынып ала алмайсың. Бұның лажы да жоқ. Өйткені нақ қазіргі сәтте саған өмірдің шек-шекарасы жоқ сияқты, әлі барлық нәрсе алда болып көрінетіні де заңды құбылыс. Сондай болса да, уақыт өлшемі, өмір сәттерінің не екені, оны қалайша тиімді пайдалануға болатыны туралы кеңесіп алсақ, жаман болмас еді.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 165–166-беттер.



Бўған қосымша мынаны да айтып өткен жөн, руханият адамның белгілі бір тәртіп-ережелер негізінде өмір сүруін талап етеді. Өйткені тәртіп пен реттілік бар жерде ғана мән мен мазмұн болады. Өмірді белгілі бір тәртіп негізінде ұйымдастыру қажеттілігі адамды өмірмен санасуға, оның қадіріне жете білуге үндейді.



Уақыттың қадіріне жету халқымыздың мақал-мәтелдерінде де жарқын көрініс тапқан. Мәселен, «Уақытың кетсе, бақытыңның кеткені», «Уақыт — аққан сумен тең», «Уақыт — әділ төреші» секілді ұлағатты сөздер осыны дәлелдейді.

Өзің-ақ ойлап көрші, неге халық уақыттың тиімсіз өтуі адамның өз қолында екенін айтып, уысында тұрған пайдадан айырылып қалуды неге теңеп отыр? Уақыттың шекарасы болмаса, кез келген жұмыс бүгін емес, ертеңгі күні аяқталса, аспан айналып жерге түспейді емес пе?

Мінеки, бар гәп сонда! Уақыт шекарасыз, ешқашан аяқталмайтындай болып көрінгенімен, адам өмірінің шекарасы — соңы бар. Ал адамның армандары шексіз, ол ешқашан таусылмайды. Бұл армандардың барлығына бірдей қол жеткізу қиын болғанымен, лажы барынша көбірегін жүзеге асыру үшін уақытты уыстан шығарып алмау керек.

Сен жас бала мен үлкендердің, әсіресе қарт адамның қимыл-қозғалыстарын өзара салыстырып көр. Әлі мойнында борыш, жауапкершілік жүгі болмағандықтан, негізінен өз уақытын қызықты өткізуді ойлағандықтан, балалар өзгелердің дертімен санаспайды, ойынқұмар болады. Адамның жасы ұлғайып, есейген сайын ол мүмкіндігі барынша көбірек пайдалы іспен шұғылдануға асығады. Оған уақыт әрқашан аз, тапшы болып тұрады, халық сөзімен айтқанда, «басын қасуға да қолы тимейді».

Демек, уақыттың адам өміріне, оның қызметіне, дүниетанымына көрсететін ықпалы өте күшті. Сол себепті уақытты өнімді пайдалану, уақытқа қарап, онымен санасып іс-әрекет жасау рухани өмірдің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Уақытты дұрыс пайдалану дегенде, оның әрбір минутын ұқыпты бөлу дегенді түсінеміз. Жалпы алғанда, ықтиярымызда-

ғы уақытты екі бөлікке бөлуге болады: бос емес уақыт және бос уақыт. Бос емес уақытында адам өзінің, жанұясының, қоғамның және халықтың пайдасына бірер жұмыспен айналысады.

Ал бос уақыт – адамның оқумен, еңбекпен, қызмет бабымен шұғылданбайтын уақыты. Адам бос уақытында тынығады, дене және ақыл-ой қуатын тіктеу мақсатымен шынықтыратын, көңілашар және қызықты істермен шұғылданады. Бұлардың қатарына бала тәрбиесі, кітапқұмарлық, спортпен, өнермен және қоғамдық жұмыстармен айналысу, театр, кино, әр түрлі мерекелік шараларға қатысу, табиғат құшағында серуендеу секілділер жатады. Адам бос уақытын да белсенді өткізуі мүмкін. Осылай өткізілетін бос уақыт адамды тек физикалық тұрғыдан тынықтырып қана қоймай, оның интеллектуалдық тұрғыдан да биіктей түсуінің маңызды факторы болады. Мысалы, жақсы спектакльді тамашалаған адам әлдеқандай екі сағаттың ішінде өте үлкен танымдық және рухани қуат алады.

Тұлғаның өз қызығуы немесе отбасы мүшелерінің қалау-еріктеріне орай ұйымдастырылатын көңілашар жаттығулар бос уақытты терең мазмұн-мағынамен байытады. Керісінше тек ұйқымен және ештеңе істемей, құр сенделумен өтетін бос уақытты өмірді желге ұшырып жіберумен теңестіруге болады.

Адамның күнделікті уақыты қатаң белгіленген тәртіппен өтсе ғана бос сенделуге, зерігуге мүлдем орын қалмайды. Француз жазушысы Стендаль: «Бос сенделу – зерігудің анасы», – деп текке айтпаған.



Ал бос сенделу мен зерігу адамды енжар, самарқау, уақытты қадірлей білмейтін, маскүнемдікке, шылым-құмарлыққа жақын, рухани азғындық жолына түсуге бейім етіп қояды.

Демек, бос уақыт біреулер үшін алтыннан да қымбат, аса маңызды нәрсе болып, оның рухани кемелдігіне қызмет етсе, екінші біреулер үшін ерік-ықтиярын тартып алып, жар жағасына қарай жетелейтін қайғылы сәттерге айналуы да ғажап емес.



Осы тұрғыдан алғанда, уақытты босқа өткізу, бірер іспен айналыспай құр сенделу адам үшін елеулі қауіп туғызады. Бар гәп сонда, адамның ой-санасы бостықты, жұмыссыздықты ұнатпайды.

Пайдалы іспен шұғылданбаған адамның ақыл-ойын алуан түрлі мәнсіз ойлар, тіпті қылмысқа итермелейтін арам пиғылдар билеп алады. Уақытты тәуелсіз басқаруды білмейтін, өзі үшін пайдалы іс таба алмайтын адамдар басқалардың ықпалына тез берілгіш болады. Нақ осындай жастар бірте-бірте бұзақылық, ұрлық жолына түсіп кеткенін байқамай да қалады.

Бұл ғана емес, кейбір санасы төмен, дүниетанымы тар жастар түрлі содырлық (экстремистік) топтардың арбауына ілігіп, олардың қолындағы қуыршаққа айналып барады. Олар не Отанды, не ұлтты, не ата-ананы мойындамайды. Бүкіл ақыл-санасын көргенсіздік билеген бұндай адамсымақтардың басып өткен өмір жолына назар салсақ, олардың не мектепте, не басқа бірер оқу орнында жарытып тәлім-тәрбие де алмағанын көреміз. Оқуға барамын деген сылтаумен үйінен шығып кетіп, түрлі үйірмелерге бас сұққан, ол жерлерден адамға өшпенділік, ұлтқа дұшпандық жасау «сабағын» алған. Ал кейбіреулері шет елдерде қаңғырып жүріп, түрлі содырлық ұйымдардың орталықтарынан қоныс тапқан. Бұл жерлерде оларға адам өлтіру, абат қалалар мен ауыл-қыстақтарды ойрандау, бейбіт халыққа үрей мен қорқыныш төндіру әдістері үйретілген. Еліміздің астанасы Ташкентте 1999 жылдың 16 ақпаны, 2004 жылдың 28–29 наурызы және 1 сәуірі күндері, сондай-ақ 2005 жылдың 12 мамыры күні Әндіжан қаласында орын алған лаңкестік әрекеттер нақ осындай жиіркенішті адамсымақтардың тіміскі істері болып саналады.

Көріп тұрғанындай, «Босқа жүргеннен Құдай да безер» деген ұлағатты сөзді халқымыз текке айтпаған.



Босқа жүруден адамның жүрегінде, санасында, иманында бос кеңістік пайда болады. Бұндай жүректі тек адамға деген құрмет қана емес, Жаратқанға шүкірлік ету, оның алдындағы жауапкершілік сезімі де тәрк етеді. Жүрегінде иман, сенім, Отанға сүйіспеншілік сезімдері жоқ адамнан кез келген жауыздықты күтуге болады.

Сенің бос уақытыңның көбі отбасы құшағында өтеді. Сол себепті ата-ананың іс-әрекеттерінен сабақ алуың, олар білетін кәсіп пен өнер сырларын игеруің қажет. Алдағы өмірінде өте керек болатын білімдер мен дағдыларды иелеу жолындағы еңбектен қашпау, ерінбей іздену керек.

Бұдан тыс сен білім және мәдениет ордалары, махалла азаматтар жиындары жанында ұйымдастырылған өнер және

спорт үйірмелеріне тұрақты қатысу арқылы бос уақытыңды мазмұнды өткізу мүмкіндігін пайдалана аласың. Жас ерекшелігіне, қызығуыңа сәйкес келетін фильм, спектакль, телекөрсетілім сияқтыларды тамашалау, мазмұнды радиохабарларды тыңдау да сенің көзқарас-түсінігіңді кеңейтіп, талғамың мен дүниетанымыңды байыта түседі.

Адам ғасырлар бойы көркем шығармалардан рухани нәр алып, өзін қызықтырған сұрақтар мен жұмбақтарға жауап тауып келеді. Сонымен қатар көркем шығарма қайғылы күндерде де, жалғыз қалған сәттерде де ең жақын кеңесші, адал дос болып саналады.

Кітап — баға жетпес байлық екенін сан рет естігенсің. Өкінішке орай бұл байлықтан ләззат алуға асықпайтын, оған мүлде мән бермей, парықсыз қарайтын достарың да оқта-текте кездесіп қалады.



Расында да көрнекті әдебиеттанушы ғалым, Өзбекстан Қаһарманы Озод Шарафиддинов айтқандай, кітап — адам қолымен жаратылған алғашқы керемет болып саналады.

Байқаған болсаң, ғалым кітапты әлемнің жеті кереметінен де жоғары қойып отыр. Бұның себебі неде?

Ең алдымен, осы күнге дейін адамзат қандай жаңалық жаратқан, нелерді ашқан, қандай ғылыми және өмірлік тәжірибелерді жинақтаған болса, солардың барлығы кітаптарға шоғырланып, топталған. Кітап оқу адамнан артық дене қимылын, материалдық байлық жұмсауды да талап етпейді. Оқу үшін тек құнт пен ықылас болса жеткілікті.



Кітап оқудан алатын білім, тәжірибе, құштарлық, шабыт, өмірге және адамға деген сүйіспеншілік сияқтыларды басқа еш нәрседен бұл дәрежеде алуға болмайды.

Біреу өнер түрін, телевидение мен радионы, заманауи компьютерлердің мүмкіндігі мен артықшылықтарын жоққа шығармай-ақ айтуға болады — бұлардың барлығы да кітаптан алатын азықтың орнын баса алмайды, басуы да мүмкін емес. Өйткені кітап оқу барысында адамның миында, ой-санасында, сезім-түйсігінде болатын өзгерістер көлемін басқа бірде-бір жаттығу қамтамасыз ете алмайды.



Тағы бір нәрсеге назар аударуың керек, адамдар сыйынатын әлемдегі негізгі діндер де адамзатқа кітап түрінде ұсынылған.

Демек, бос уақыттарында лажы барынша көбірек кітап оқуға ұмтылған адамды қанша құттықтаса да болады. Әсіресе көркем әдеби кітаптар сенің адамдық қасиеттеріңнің күшеюінде, адамдарды түсіну дағдысына ие болуында аса маңызды рөл атқарады. Атақты орыс жазушысы М. Горький: «Өзімдегі барлық жақсы қасиеттер үшін кітаптарға ризамын», — деп, жаңсақ айтпаған. Ал көрнекті грузин жазушысы Нодар Думбадзеге бір әйел төмендегідей хат жолдаған екен:

«Мен ауруханада ауыр сырқаттан қиналып жатқанымда, дәрігерлердің ем-домынан гөрі, сіздің кітаптарыңызды оқығаным құлантаза айығып кетуіме көбірек септігін тигізді...»



Бұған қосымша айтарымыз, кітап оқу құштарлығын білмейтін, кітап оқу білігін меңгермеген бүгінгі замандасымызды жоғары руханиятты адам деп санау қиынның қиыны.

Халқымызда «Жүрген — дария, отырған — бойра» деген сөз бар. Адам еліміздің бар сұлулығын, кеңдігі мен түрлі-түстілігін білу үшін де бос уақыттарында сапарға шығып тұрғаны жақсы. Сапар барысында ол табиғат көріністерінен ләззат алады, көрмеген жерлерін көреді, білмеген нәрселерін біліп алады, жақсылы-жаманды адамдармен әңгіме-дүкен құрады. «Бірді көріп пікір қыл, мыңды көріп шүкір қыл» дегендей, әр түрлі адамдармен кездесіп, тиісті қорытындылар жасайды, дүниені таниды. Адам шет жерде жүргенде өз үйінің, ауылының, махалласының, қаласы мен ауданының, сонымен қатар Отанының сағынышы қандай болатынын ұғынады. Барған жерлеріндегі адамдармен, әдет-ғұрыптармен, құндылықтармен өз еліндегі осындай байлықтарды салыстырып, көп нәрсенің байыбына барады, көзі ашылады. Сондай-ақ сапар барысында адам бойындағы адамгершілік, мейір-шапағат, достық сезімдері айқынырақ жарыққа шығады.

Өйткені сапар барысында достармен әрқашан бірге болуға, бірге тұруға, бірге тамақтанып, бірге жол жүруге тура келеді. Адамның жақсы немесе жаман мінез-құлқы нақ осындай сәттерде айқындалады. Адам қиыншылықтарға төзімді ме, әлде жоқ па, ол өзі ұнатқан нәрсені досына бере ала ма, қауіп астында қалған серігіне қол ұшын соза ма, әлде тастап кете ме... — бұлардың бәрі сапарда сыналады. Демек, бос уақытты тиімді өткізу үшін жорыққа не сапарға шығуда — әрбір адамның сыналатын кезі екен.



Ұлы философ Аристотель өзінің «Поэтика» атты шығармасында «Сұлулық — мөлшерде» деген идеяны алға тартады.

Ойшылдың бұл сөздері тек өнер шығармаларына ғана тиесілі емес. Барлық нәрседе — оқу мен тәрбиеде де, дене яки ақыл-ой еңбегінде де, демалыста яки ұйқыда да мөлшер болғаны жақсы. Қай жерде мөлшер бұзылса, сол жерде бүкіл жүйе ізден таяды, бейберекеттік, тәртіпсіздік, ақыр соңында физикалық немесе рухани азғындық туындайды.

Сондықтан адам баласы өз өмірін ақыл тезіне салып, мақсатқа сай ұйымдастырса, сол өмірінің тиімді өтуін қамтамасыз ететін фактор болып саналады. Ешқандай пайдалы іспен айналыспай, өмірінің алтынға пара-пар сәттерін босқа сенделумен яки жаман істермен өткізген адамның ұйқысында да тыныштық болмайды.



Ал өмірдің сәттерін бағалай білетін, күн сайын сауапты істер жасап, адамдардың ауырын жеңілдетуге дағдыланған адамның өмірі әрқашан көрікті әрі молшылықта болатыны күмәнсіз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қандай адамдар уақытты өзіне мойынсұндыра алады?
2. «Уақытың кетсе, бақытыңның кеткені» деген нақылдың астарында қандай өмірлік шындық жатыр?
3. Бос уақытты құр сенделумен өткізбеудің қандай шаралары бар?
4. Босқа сенделудің соқтыратын салдарлары жөнінде өмірлік мысалдар келтіре аласың ба?
5. Төмендегі суреттер негізінде уақытты өнімді пайдаланудың тиімділігі туралы әңгімелеп бер.

А)



Б)



Ә)



В)



НАУРЫЗ – ЕҢ ЕЖЕЛГІ, НАҒЫЗ ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ

Қымбатты оқушы, 7-сыныптағы сабақтарда бұрынғы кеңес заманында халқымыздың ұлттық құндылықтарын, соның ішінде Наурыз мейрамын халық жадынан шығарып тастау жолында қыруар іс-әрекеттер жасалғаны туралы ішінара айтып өткен едік. Әсіресе кеңестік жүйе тоқырауға ұшыраған өткен ғасырдың 80-жылдарында бұндай келеңсіздіктер шарықтау шыңына шығып, Наурызға қарсы «соғыс жарияланды». Бұл мейрамға жабылмаған жала, атылмаған тас қалмады. Атап айтатын болсақ, оны діни мейрам дейтіндер де, феодализмнің сарқыншақтарын дәріптейтін рәсім деп атағандар да, оның орнына «Навбахор» («Жаңа көктем») деп аталатын кеңестік мейрам ұйымдастыруды ұсынғандар да табылды. Кеңес үкіметінің өкілдері адамдар мейрамның таңсық асы деп пісіріп жатқан сумалак пен әлім ботқа толы қазандарды жерге, шұңқырларға аудартып тастады.



Бұл – ұлттың жүрегін, көңілін, тарихи жадын аяқ асты етіп, таптау еді. Бұл – отаршыл жүйе идеяларының адамға және адамилыққа қаншалықты жат екенінің тағы бір дәлелі еді.

Түптеп келгенде, Наурыз – саясатқа, идеологияға, дінге ешқандай қатысы жоқ табиғат мерекесі ретінде күн мен түннің теңелуін, жаңа жыл мен көктемнің басталуын атап өтетін мейрам болып саналатын.

21 наурызда бір күн мен түннің нақ 12 сағаты жарық, ал 12 сағаты қараңғы болады. Бұл жағдай күн мен түннің көктемгі теңелуі саналады, ал күзгі теңелу 21 қыркүйекке тура келеді.

1989 жылы Өзбекстанның жаңа басшысы болып сайланған Ислам Каримов халыққа және оның руханиятына қарсы бағытталған кеңестік шабуылдарға батыл қарсы шығып, Наурызды жалпыхалықтық мейрам ретінде кеңінен мерекелеу мәселесін қатаң күн тәртібіне қойған соң ғана осынау ежелгі мейрамның екінші өмірі басталды:



«Біз таяуда болашақ Наурыз мейрамын дәстүрлі мереке ретінде атап өту жөніндегі мәселені талқыладық. Талқылағанда да, жан-жақты көңіл бөліп, «қас қоямын деп көз шығаратын», халыққа жат әрі зиянды қаулылар қабылданған, дәстүрлеріміздің, әдет-ғұрыптарымыздың ғасырлық негіздері аяқ асты болған өткен дәуірдің сабақтарын мұқият ескердік»¹.

Тәуелсіздік жылдарында Наурыз мейрамы бұрындары еш болмаған ауқым мен салтанатқа ие болып, мәдени өмірден лайықты орын алды.

Елбасымыз «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында бұл мейрамның халық өміріндегі рөліне былайша жоғары баға береді:



«Жаңару мен ізгіліктің рәмізі болған Наурыз философиясының халқымызға тән адамилық, мейір-шапағат, жомарттық пен қайырымдылық секілді жоғары қасиеттерден нәр алып келгені — ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қандай жалпыадамилық идеялардан қуат алып, рухани кемелдікке жеткенінің тағы бір айғағы болып табылады десек, әсте жаңсақ болмайды»².

Расында да, кез келген дәстүр, әдет-ғұрып пен рәсім-жоралғы өмірлік қажеттіліктен туындайды. Олар белгілі бір халық рухының, рухани дүниесі мен арман-тілектерінің бейнесі болып табылады. Ол келер ұрпақтардың рухани-ақылақтық бейнесінің қалыптасуына да шешуші ықпал көрсетеді. Көптеген дәстүрлердің мән-мазмұнында халықты, ұлт пен ұлысты ізгілікке, адамгершілікке, жақсылыққа үндеу сынды өлмес идеялар жатады. Олар заман талабына орай



¹ **Ислам Каримов.** O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. —Т.: «O'zbekiston» баспасы, 2011 жыл, 122-бет.

² **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 35-бет.

әрі пішін тұрғысынан, әрі мазмұн тұрғысынан жаңарып, байып отырады. Кейбір дәстүрлер өзінің ұнамды ықпалы, көпшіліктің рухани сұранымдарына сай келуі тұрғысынан баянды өмір сүріп, халықтардың рухани құндылығы дәрежесіне көтеріледі. Шығыс халықтарының осындай рухани байлықтарының бірі — Наурыз.

«Наурыз» парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Ол диқандар қауымының егіншілік жұмыстары басталатын кезге тура келеді. Ұлы ойшыл бабамыз Әлішер Науаи бұл күнді былайша сипаттайды:

*Васл аро курдим, тенг эмиш буйи-ю сочи,
Тун-кун тенг экан, зохир улур булди шу Навруз.*

Бұл өлең жолдарынан «Жүздескен кезде көрдім, сүйгенімнің келбеті (күндей нұрлы диқандары) мен ұзын бұрымы (түндей қара шашы) Наурыздағы түн мен күндей тең екен» деген мағынаны айқын аңғарамыз.

Наурыз — өте ертеден келе жатқан мейрам. Бұны өткен тарихымыздағы ғұламалар да өз шығармаларында дәлелдеп берген. Мәселен, Әбу Райхан Берунидің «Ежелгі халықтардан қалған жөдігерліктер», Омар Хайямның «Наурызнама», Абулқасым Фирдаусидің «Шахнама», Қожа Әли Термизидің «Наурызнама», Әлішер Науаидың «Хайрат ул-аброр», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Садди Искандари» сықылды дастандары Наурыз және оның пайда болу тарихы, оған байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер жайлы маңызды мәліметтер беретін құнды қайнар көздер болып табылады.



Әлішер Науаидың айтуына қарағанда, Жамшид шахтың заманында Наурызды мерекелеу ғұрыпқа айналған. Қайнар көздерден анықталғанындай, Наурыз мейрамы пайда болуының төрт мың жылдық тарихы бар.

Әлішер Науаидың «Ләйлі мен Мәжнүн» дастанының 12-тарауында Мәжнүн мен Ләйлінің Наурыз мерекесіне байланысты жасырын кездескені, онда Ләйлі махаббатының күштілігінен Мәжнүннің есінен танып қалғаны сөз болады.

Наурызда оянып, гүл-бәйшешекке оранған далалар, бақтар адамдарға толы. Олардың арасында Мәжнүн мен Ләйлі де бар. Бірақ олар адамдардан ұялғандықтан бір-біріне жақындай алмай, сырласа алмай жүреді. Ләйлі бір шоқ бұтаның арасына кіріп, жұрт көзінен бір сәт тасаланады. Нақ

сол бұтаның арасында Мәжнүнмен бетпе-бет келеді. Сонда Ләйлі ғашықтық отына жанып бара жатқан Мәжнүнді жұбатып, Наурыз күні адам табиғат құшағында болып, көкейіндегі бар сырларын ақтаруы керек, сонда оның жүрегі көктемгі гүл-бәйшешектей ашылады дегенді былайша бейнелейді:

*Бу дамки эсиб насими Навруз, | Боғ олди бахордин гулафшон,
Гул атрини қилди мажлисафруз. | Сунбул бу гул узра кокулафшон.*

*Бу фаслга азми гулшан этгай,
Бустон харамини маскан этгай.*

Хазірет Науаи да өз ғазалдарының бірінде:

*Chaman sarvi qolib hayron, mening sarvim qilib javlon,
Aning shaydosi bir dehqon, munga shaydo bari olam, —*

«Менің жарымның әдемі аяқ алысына Наурыз да қайран қалды, Наурызға тек диқандар ғашық болса, оған (менің жарыма) бүкіл әлем ғашық», — деп жырлайды.

Біздің ата-бабаларымыз қолданған шамсий жыл есебі бойынша Хамал жылдың бірінші айы болып саналады. Ол нақ Наурыз күнінен — 21 наурыздан басталады. Сондықтан да халқымыз: «Хамал кірді — амал кірді», — дейді. Сол күннен бастап ана табиғаттағы барлық тіршілік иелері — хайуанаттар және өсімдіктер әлемі де оянып, жаңаруға, өсіп-ұлғаюға кіріседі. Мүлгіп жатқан тұқымдар, тамырлар, бүршіктер күннің шуағынан қуат алып, іс-әрекетке — амалға асығады. Күні кеше ғана қарайып тұрған бадам мен өрік бұтақтары бірден бүршік атып, гүлге оранғанын, арық-атыздар мен сай-салаларды бойлап алуан түрлі шөптер мен бәйшешектің қаулап өскенін байқамай да қаласың.



Табиғаттың оянуы адамның жүрегі мен жан дүниесіне де әсер етпей қалмайды.

Қыстың ызғарлы күндері мен қақаған аязынан жүнжіген, ұзақ түндерінен қажыған, үйден шықпай іші пысқан адамдар жарық та мөлдір аспанға, күннің тәнге қуат беретін нұрлы сәулесіне, табиғаттың оянуына қуанып, асыға қарсы алады. Олардың көңіл күйлерінде де ғажайып көтеріңкілік, шабытты сезім пайда болады.

Ал диқандар үшін Наурыз жылдың өзіне тән белгі-шекарасы болып саналады. Осы күннен бастап-ақ диқан еш алаңдамай жерге тұқым себуі, оның сөзсіз өніп шығатыны-



на сенімді болуы мүмкін. Жыл он екі айға жететін ризығына есік ашатын бұндай күнді тойламауға бола ма?!

Демек, Шығыс халықтары төрт мың жылдан астам уақыттан бері мерекелеп келе жатқан Наурыз — табиғат пен адам өмірін ұлықтаудың, олар ортасындағы ежелгі өзектестіктің салтанат құруы десек, жаңсақ болмайды..

Жоғарыда тілге алынғанындай, Наурыз — еңбек пен жасампаздық мерекесі. Бұл күні, нақ табиғат сияқты, адам да қыстың күші мен қаһарының кеткенін, жылы да шуақты күндердің көбейе бастағанын, енді артқа шегінуге жол жоқ екенін сезінеді. Дикан қар астында жетілген, қар кетіп, үсті ашылған жерді сүдігерлейді, арық тартып, алғашқы тұқымды — ризық тұқымын егеді.



Наурыз — табиғат пен адам дидарласатын, мейір-шапағат оялатын, адамгершілік пен ізгілік молаятын мейрам.

Бұл күні бейіттер мен қорымдарда көріктендіру жұмыстары жүргізіледі, ұлылар жатқан орындарға зиярат жасалып, ретке келтіріледі, қарт, мүгедек, жалғыздікті адамдардан, ата-аналардан хабар алынады, таңсық тағамдар дастарқаны жайылып, қонақтар күтіледі, адамдар сүйікті жандарына тарту-таралғылар үлестіріп, балаларға тәттілер беріледі.



Наурыз — достықтың, бауырластықтың салтанат құруы.

Ол тек Шығыс халықтарының ғана емес, сонымен қатар ұлтына, дініне, сеніміне карамай, осы елдерде жасайтын барлық ұлттардың да мерекесі болып табылады. Бұл күні олар бір-бірін жақсырақ таниды, бір-бірінің көңілдеріне жол табады.

Өзбек халқы ежелден-ақ өзінің бейбітшіліксүйгіш халық екенін іс жүзінде дәлелдеп келеді. Біздің халқымыз әрқашан ұлттар мен ұлыстардың өзара тату-тәтті, ынтымақшыл, дос және бауыр болып өмір сүруін жақтап келген. Наурызды мерекелеу тәртібінде, оның түпкі мән-мағынасында нақ осы идеялар мен мақсат-мүдделер жинақталған.



Наурыз — денсаулық мерекесі.

Жылдың осы мезгілінде әзірленетін табиғи және құнарлы тағамдар қыстың ұзақ та ызғарлы түндерінен талығып шыққан адам үшін таптырмас шипа көзі болып саналады. Халқымыздың көп жылдық аспаздық мәдениеті жылдың нақ осы кезеңі үшін дәрумендерге бай әрі құнарлы тағамдар түрлерін тапқанымен де ардақты. Сумалак, әлім ботқа, көк самса, көк тұшпара, наурыз көже және басқа тағамдар осылардың қатарынан. Наурыз дастарқанына өзгеше көрік беретін сумалак пен әлім ботқаны пісіру арнайы дайындық негізінде ұйымдастырылады.

Егер әлім ботқа дайындаумен көбінесе ерлер жағы айналысса, сумалак пісіруді негізінен әйелдер бөзімі (жағы) қолға алады. Тайқазандар айналасына әйелдер, қыз-келіншектер, балалар жиналып, ойын-сауық, яғни айтыс ұйымдастырады. Бұған қалжың әңгімелер, ертегілер мен жұмбақтар, жаңылтпаштар мен аңыздар айтысу, данғыра соғу, би билеу сияқтылар жатады. Сауық кешке келген әрбір адам жақсы ниетпен қазан қозғайды. Сумалак бір тәулік бойы қайнатылған соң, әрбір отбасына теңдей бөлінеді. Сейілге қатыса алмаған науқастар мен мүгедектерге, жалғыздікті қарттарға сумалак сыйға тартылады. Сумалақты перзенті ұзақ сапардан аман-есен оралған, жаңа перзент немесе немере сүйген, өмірде үлкен жетістіктерге жеткен, мендеткен ауруынан айығып шыққан адамдар алдын-ала ниет қылып дайындайды. Сумалак бір жанұяда пісірілсе де, оны дайындау үдерісіне бүкіл ауыл немесе махалла тұрғындары, ағайын-туыстар мен көрші-қолаң ұйымшылдықпен қатысуға шақырылады. Айтуларына қарағанда, бір қазаннан дәм татқандар бір-бірімен жақын туыстардай болып қалады екен.



Наурыз — ізгі үміттердің, ертенгі жарық күндердің хабаршысы.

Бұл күні адамдар бір-біріне бақыт пен игілік, амандық пен саулық, жанұяларына құт пен береке, ел-жұртына бейбітшілік пен тыныштық тілейді. Кейінгі Наурызға дейін баршаның сау-саламат жетуіне, басталған жаңа жылдың жетістіктерге, той-тамашаларға бай болуына ниет білдіріп, соған ұмтылып өмір сүреді.



Наурыз — өзінің бүкіл мән-мазмұнымен өнегелі әдеп-нама болып табылады.

Наурыз мейрамы бір күннен бір айға дейін тойлана береді, оны атап өтуге байланысты түрлі әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер мен жоралғылар ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатыр.

Ерте замандардан бері керней-сырнайлардың жүректі тебіrentетін үнімен басталатын бұл мейрамда дарбаздар, масқарапаздар, балуандар, жыршылар мен жыраулар, шаңқобызшылар, әншілер мен бишілер өз өнерлерін көрсеткен. Салтанатқа қатысушылар түрлі халық ойындарын, көкпар, күрес, ат бәйгесі жарыстарын қызыға тамашалаған. Салтанаттар өткізілетін жерлерге кәсіпкерлік, зергерлік, ағаш шеберлігі, оймашылық, тас қашау, колөнершілік тақылеттес халық қолданбалы өнері үлгілерінің көрме-саудасы ұйымдастырылған. Бұлардың барлығы да мейрамның мән-мазмұнын одан әрі байытып, оны күнделікті өмір мазмұнымен ұштастырған.



Наурыз — жастардың өз халқын бұрынғыдан да жақынырақ білуінің, оның рухын түсінуінің, бұл халыққа етене байланыстылығының факторы да.

Адамдардың бейбіт те алаңсыз, еркін де абат өмір сүру ләззатын сезінуі нақ осындай күндерге тура келеді. Сен де өзінді осы халықтың, осы мемлекеттің перзентімін деп санасаң, елдің тойында да, азасында да тік тұруға, осы халыққа сүйеніш, медет болуға тиіссің. Өйткені мейрам тек ойынсауық пен шаттыққа ғана арналған емес. Ол сонымен қатар халықтың ақыл-санасындағы сезімдер мен түйсіктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құнды құрал да.

Наурыз мейрамы балалар мен жасөспірімдер үшін шексіз қуаныш пен шаттық әкелетін мереке болып табылады. Оған жас балалар да, бозбалалар мен қыздар да айрықша көңіл күймен келеді. Олар Наурыз күндерінде күрес, ат ойыны, бәйге, допты алысқа лақтыру, жасырынбақ, батпырауық ұшыру, құлақ созу, жаңылтпаш, «қонақ келді», «ақ терек, көк терек», «ұшты-ұшты», қуыршақ ойыны, дәнек ойыны, «есек мінді» ойыны сияқтыларды ойнаудан еш шаршамайды.

Сондай-ақ бұл мейрамда халықтың ауызекі шығармашылығы үлгілерін (мақал-мәтел, өлең, аңыз, ертегі, жырдан үзінді, жаңылтпаш, жұмбақ және басқаларды) жатқа айту бойынша бәйге-бәсекелер ұйымдастырылады.

Жастар ортасында өткізілетін бұл сияқты шаралар олардың бойында ұлттық сананың, түйсіктің қалыптасуы мен

шындалуын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып саналады да, олардың денсаулығы мықты, рухани кемелденген азаматтар болып өсуінде ерекше рөл атқарады.

Наурыз мерекесінде табысы аз, асыраушысынан айырылған жанұяларға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан қайырымдылық жәрдем көрсетілуі сауапты шараға айналып қалды. Материалдық тұрғыдан үлкен мүмкіндіктері бар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, жеке тұлғалардың еліміздегі «Жомарттық», «Шапағат» және «Мейірбандық» үйлеріне, арнаулы интернаттарға демеушілік жасауы мейрам күндерінде ерекше көбейеді. Бұлардың бәрі де халықтың «Қолы ашықтың жолы ашық», «Бірді бергенге мынды береді» деген сияқты ұлағатты нақылдарының күнделікті өмірде, іс жүзінде дәлелін тапқанын көрсетеді.



Сабағымыздың басындағы сияқты соңында да өмірді, табиғат пен адамның сұлулығын үлкен әріптермен дәріптейтін Науаи атамиздың төмендегі армандары бәрімізге жар болсын деп тілейміз:

*Әр түнің қадірлі, қамсыз болсын,
Әр күнің қызықты, Наурыз болсын...*



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тәуелсіздік жылдарында қайта тіктелген қандай халық мейрамдарын білесің?
2. Наурыз мейрамының қасиеттілігі нелерден көрінеді?
3. Көктемде пісірілетін таңсық тағамдардың қайсысын білесің?
4. Балалар ойындарының қайсысы саған ұнайды? Сен тұратын жерде тағы қандай ойындар бар?
5. Сумалак пен әлім ботқаның денсаулықты нығайтудағы маңызы қандай?
6. Наурыздың адамға рухани тұрғыдан, дене шынықтыру және тәрбиелік тұрғыдан келтіретін пайдасын сипаттап бере аласың ба?
7. Наурыз бен табиғат игіліктеріне арналған қабырға газетін шығар.
8. Өтілген сабақты пысықтау үшін төмендегі әдебиеттерді пайдалан: Султонмурод Олим. Байрамларимиз. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2008 жыл, 20–36-беттер; Навруз. Навруз билан боғлиқ кушиқлар, афсоналар, одатлар ва иримлар. (Тузувчилар: Тура Мирзаев, Маматқул Жураев). —Т.: «Фан» баспасы, 1992 жыл.



ЖАД – ҰЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Адамзатты басқа тіршілік иелерінен ерекшелендіріп тұратын маңызды факторлардың бірі — оның жады, есте сақтау қабілеті. Жадынан, яғни есте сақтау қабілетінен айырылған адам мәңгүртке айналатыны жөнінде әдебиет сабақтарында көп естігенсің. Өйткені адамды адам етіп тұрған, оған «мендік», яғни өзіне тән ішкі бейне беретін нәрсе ес болып саналады.



Өз тегін — жеті атасын, отбасының, махалласының, ауылының немесе қаласының өткенін, Отанының тарихын білмейтін адамды тамырынан айырылған ағашқа теңеуге болады. Тамырсыз ағаштың өсіп-өнбейтіні, міндетті түрде қурап бітетіні қандай ақиқат болса, тарихи жадынан айырылған адамның келешегі де сондай нәтижесіз болады.

Жад — ұлттың тарихын, оның құндылықтарын, мәдениеті мен руханиятын, бір сөзбен айтқанда, ұлттың өздігін бойына жинақтаған ұлы құндылық.

Өкінішке орай бұрынғы кеңестік мемлекет өз құрамына қосып алған барша халықтар қатарында Түркістан өлкесінде жасайтын ұлттарды да тарихи жадынан айыру жолында көптеген тіміскі әрекеттерді жүзеге асырды. Атап айтқанда, өзбек халқы мың жылдан бері сыйынып келген ислам дінінің орнына атеизм — құдайсыздық идеясы халықтың барлық қабаттары арасында тынымсыз насихатталды. Жүздеген мешіттер мен медреселер қиратылды, адамдардың діни жоралғыларды емін-еркін орындауына тыйым салынды. Тіпті қайтыс болғандарға жаназа оқу, оларды зиратқа шығарып салу да идеологиялық тұрғыдан қауіпті іс ретінде қараланып, мемлекеттік органдарда қызмет ететін жергілікті кадрлар қудаланды. Дүниелік ғылымдарға, мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан ұлы ғұламалардың мұрасы тілге алынбады, Әмір Темір, Жалолиддин Маңгуберді секілді ағартушы, патриот бабаларымызды өз ұрпақтарына жаманатты етіп таныстыру әдетке айналды.



Ўзбек халқын бүкіл тарихы барысында жарық күн көрмеген, тек надандықта өмір сүрген халық ретінде көрсету, сол арқылы кеңес өкіметіне құрмет ояту советтік идеологияның басты мақсаты болды.

XX ғасырдың бірінші жартысында ұлт еркіндігін жырлаған, өз халқының азаттығын көруді армадаған Махмуд-кожа Бехбуди, Абдулла Авлони, Фитрат, Чулпан, Абдулла Қадыри сынды жүздеген жанқияр зиялыларға түрлі айыптаулар таңылып, көпшілігінің жандары қиылды. Бұндай идеологиялық жауыздықтар кеңес мемлекетінің халықтар мен ұлттар тағдырына қаншалықты бейпарық қарағандығының айқын көрінісі болып табылады.

Республика басшысы Ислам Каримов бұндай жүгенсіздіктерге жедел шек қою қажеттігін атап көрсетіп, 1989 жылы 28 қарашада ғалымдар алдына төмендегідей нақты міндеттерді қойған болатын:



«Қоғамтанушылар Өзбекстан тарихының көптеген беттерін қайта жазып шығуға тиіс, өйткені патша өкіметі жылдарындағы Орта Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына, 1920–1930 жылдардағы әдеби-идеологиялық үдерістерге, коллективтендіруге және басқа құбылыстарға құжаттар негізінде баға беру керек. Бехбуди, Усман Насыр, Чулпан, Фитрат және басқалардың шығармашылығы мен дүниетанымдарын да терең әрі бейтарап зерттеу қажет»¹.

Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан Республикасы Президентінің бастамасы және тікелей басшылығы арқасында халық жадын тіктеу, ол басып өткен неше мың жылдық тарихты бейтарап және терең зерттеу, ұмытылып бара жатқан ұлттық-мәдени құндылықтарды халықтың өмірі мен жадына қайтару бойынша ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Кеңес билеген заманда тастанды жерлерге, тіпті кирандыларға айналған жүздеген қасиетті орындар — мешіт-медреселердің, мәдени жәдігерліктердің қайта тіктелуі, «халық жауы» ретінде атылған отаншыл ақын-жазушылардың, ғалымдар мен ғұламалардың ғылыми-шығармашылық мұрасы үлгілерінің көп таралыммен баспадан шығарылуы халық жадының оянуында, тәуелсіздік жанқиярларының қадірленуінде шешуші рөл атқарды. Өйткені Елбасымыз атап өткендей:

¹ **Ислам Каримов.** O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. —Т.: «O‘zbekiston» баспасы, 2011 жыл, 91-бет.



«Кез келген халық ұлттық құндылықтарын өз мақсат-мүдделері негізінде, сонымен қатар жалпыадамзаттық прогрестің жетістіктері негізінде дамытып, рухани дүниесін кемелдендіріп отыруға ұмтылады. Бұл салада тарихи жад мәселесі айрықша рөл ойнайды. Яғни тарихи жад сезімі толыққанды тіктелген, халық басып өткен жол өзінің барлық жетістіктері және жеңістерімен, шығындары және құрбандарымен, қуанышты және азапты күндерімен бейтарап және шынайы зерттелген жағдайда ғана нағыз тарих болады»¹.

Осы қағидат негізінде Өзбекстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 мамырдағы өкіміне орай 9 мамыр елімізде Еске алу және қастерлеу күні ретінде атап өтілетін болды. Осыған байланысты Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Отан және халық азаттығы жолында құрбан болған жанқиярлар жадын мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысы жарияланды. Бүгінгі таңда өткен ата-бабаларымызды еске алу және ардақты отандастарымызды лайықты құрметтеу бойынша Еске алу және қастерлеу күнінің атап өтілуі маңызды рөл атқарып отыр.

Еске алу және қастерлеу күні өзінің мән-маңызымен басқа мейрамдар мен салт-жоралғылардан ерекшеленіп тұрады. Ол бұл дүниеден озған ата-бабаларды ғана емес, Отан үшін жан қиған, бұрынғы отаршыл жүйе заманында қуғын-сүргінге ұшыраған, халықтың тұрмыстық әл-ауқатының жақсаруына және мемлекеттің дамуына өз үлесін қосқан адамдардың жадын да құрметтеу болып табылады.



Елімізде Еске алу және қастерлеу күнін белгілеу тікелей Президент Ислам Каримовтың бастамасымен жүзеге асырылды.

Дегенмен гәп мынада, тәуелсіздікке дейін барлық облыстар мен аудан орталықтарында «Белгісіз солдат қабірі» дейтін жасанды атпен орнатылған монументтер бар еді, адамдар сол жерлерге барып бас иіп, тәу ететін. Елбасымыз айтқандай, соғысқа аттанған бірде-бір адамның мүлдем хабарсыз кетуі, оның аты-жөні, ол туралы естеліктер ұшты-күйлі жоғалуы есте мүмкін емес. Бұдан тыс тәуелсіздік жылдарында жүргізілген елеулі ізденістердің нәтижесінде алғашында

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 97-бет.

«хабарсыз кеткен» деп саналған мындаған марқұм жерлестеріміздің тағдыры анықталып, олардың қайсы шайқаста және қашан қаза тапқандығы жөнінде құжаттар табылды.



«Олар туралы мәліметтер жинақталған 35 томнан тұратын «Хотира» кітабы басылып шыққанын мемлекет тарихындағы өнегелі рухани оқиға болды деп ауыз толтырып айта аламыз»¹.

Бір сөзбен айтқанда, адам баласының із-түзсіз жоғалып кетуі, «белгісіз солдатқа» айналуы мүмкін еместігі дәлелденді. Осының нәтижесінде Ташкент қаласында, сондай-ақ барлық облыстар мен аудандардың орталықтарында Естелік аландары, ал астанамыздағы Бозсу каналы жағалауында Шейіттер жады кешені құрылды.

Елбасы өзінің «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында 1937—1953 жылдарда бұрынғы КСРО аумағында жүзеге асырылған жаппай қуғын-сүргіннің қайғылы қорытындыларына жеке-дара тоқталып, былай деген:



«Оның ұнамсыз салдарларын көз алдымызға келтіру үшін тек Өзбекстанның өзінен 100 мың адамның қуғын-сүргінге ұшырап, соның 13 мыңы атылғанын айтудың өзі жеткілікті. Адамдық қадір-құрметі тапталған, өмірі тозаққа айналдырылған бұл адамдардың арасында тек ғалымдар мен зиялылар ғана емес, жүздеген қарапайым адамдар, елімізде жасайтын дерлік барша ұлттар мен ұлыстардың өкілдері де бар еді. Сол кезеңде қаншама адамдардың өз жанұясынан айырылғанын, әйелдер жесірлікке, нәрестелер жетімдікке душар етілгенін, мындаған егінші диқандардың кулак ретінде шалғай өлкелерге жер аударылғанын ескерсек, халқымыздың басына түскен бұл трагедияның қорқынышты сипаты бұрынғыдан да айқындала түседі»².

Қымбатты оқушы, мына бір нәрсені жақсы білуге тиіссін, кеңес мемлекетінің жетпіс төрт жылдық тарихын шексіз зорлық пен зомбылықтардың, жариялы немесе жасырын қуғын-сүргіндердің тарихы деп айтуға толық негіз бар. Өйткені 1917 жылдың қазан айында жүзеге асырылған

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 100-бет.

² Сол қайнар көз, 98-бет.



мемлекеттік төңкерістен басталған сорақылықтар одан кейін де әр түрлі көріністерде үздіксіз жалғаса берген. Халыққа билігін жүргізген жалғыз партияның үстемдігіне сүйенген бұл мемлекет өткен ғасырдың 30-жылдарында да, 40–50-жылдарында да, соңғы 80-жылдарында да сондай нәубетті қуғын-сүргіндерді жүзеге асырып отырған. Егер Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 1948–1950 жылдардағы газеттерді парактасақ, Өзбекстанда 5–10 килограмм мақта ысырап болғаны, жарты гектар мақта егістігін су яки арамшөп басқаны үшін де көптеген адамдардың абақтыға қамалғанының, олардың дені жанұяларына қайтып оралмағанының куәсі боламыз.

Сондай-ақ өткен ғасырдың 80-жылдарында Өзбекстанда «мақта ісі», «өзбектер ісі» дейтін жасанды айыптаулар негізінде жүргізілген соңғы нәубет кезінде де ондаған мың ауыл шаруашылық қызметкерлері нақақ сотталып, адамдық қадір-құрметі аяқ асты болды, өмірлері тапталды.

Жаратқанға мың шүкір, Елбасымыздың көрегендігі арқасында еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң, бұндай әділетсіздіктерге, көпе-көрнеу қорлықтарға да қатаң шек қойылды. Айыпсыз жазаланған адамдар өз жанұяларына қайтарылды, олардың кіршіксіз есімдері ақталды. Нақақ жаладан құрбан болған адамдардың есімдерін мәңгі есте қалдыру бойынша көлемді тарихи жұмыстар жүзеге асырылды.



«Әне, сол адамдық борышымызды атқару мақсатымен 2000 жылы астанамыздың Юнусабад ауданында қуғын-сүргін жылдарында халқымыздың мыңдаған перзенттері атылып, аты-жөнсіз көмілген, көп жылдар бойы қараусыз жатқан Бозсу каналы жағалауындағы Албастыкөпір деген үрейлі атау алған жарқабақ орнында Шейіттер жады ескерткіші және содан кейінірек сол атпен аталатын мұражай мен қор ашылды. 2001 жылдан бері жыл сайын елімізде 31 тамыз Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде атап өтілетін болды»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 98-99-беттер.

Соңғы жылдарда бұл жер тағы да көріктендіріліп, мұражайдың қосымша ғимараты құрылды, оның залдары тарихи жадты байытуға қызмет ететін құжаттармен, айғақтармен, экспонаттармен толықтырылды.

Бүгінгі таңда еліміздің бас алаңы — Тәуелсіздік алаңы Президентіміздің басшылығымен танып болмастай дәрежеде өзгеріп, жаңа сипат пен көрініске ие болды. Алаңдағы өткен жүйенің астамшыл, сезімсіз, адамгершіліктен алыс, сұрқиялық мәнін өз бойына жинақтаған қотыр бетон мен асфальт қопарылып, олардың орнын өмір мен тіршілік рәмізі болып табылатын жасыл майса, түрлі түсті гүлдер, көрікті ағаштар иеледі. Алаңның солтүстік жағында орналасқан, өзбектік нақыштармен өрнектелген бастырмамен қоршалған Еске алу алаңы үнемі мүлгіген тыныштық құшағында болады. Алаң төрінде — бауыр еті баласын күтіп, оның ескерткіші қарсысында бас иіп отырған Азалы ана бейнесі. Өзбек анасының жарқын рәмізі болып табылатын бұл ескерткіш көңіл көзі ашық бірде-бір адамды бейжай қалдырмайды. Ана ескерткішінен ешқашан гүлшенберлер мен гүл шоқтары үзілген емес.

Сәулетті ұстындар көтеріп тұрған бастырмалар астында Қарақалпақстан Республикасы мен басқа облыстардан, астаналық қаладан Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, қайтып оралмаған отандастарымыздың аты-жөндері жазылған өрнекті беттер орналасқан. Бір кездерде «белгісіз солдат» дейтін жасанды ат берілген барлық марқұмдардың тәбәрік есімдерін осы беттерден таба аласың. Олардың қарулас достары, ағайын-туыстары осы араға қойылған орындықтарға отырып, еріксіз естеліктерге беріледі, өткендердің аруағына бағыштап дұға оқиды. Сайып келгенде, өткен ұрпақ пен бүгінгі ұрпақты бір-бірімен байланыстыратын, олар арасындағы ежелгі қандастық сезімдерді күшейтетін, адамды естен шығармау сынды рухани парызды жастар бойына дарытатын ізгі жағдай осы емес пе?!



Расында да өміріміздің мызғымас бөлігіне айналған Еске алу және қастерлеу күні отандастарымыздың жүрегінде мейір-шапағат, қайырымдылық, өздігін ұғыну, өмірдің қадіріне жету сезімдерін оятып, қалыптастыруда бұдан былай да маңызды рөл атқара береді.

Қымбатты оқушы, әрбір отбасы, махалла, аудан, облыс көлемінде айтулы құрмет пен ізетке лайықты адамдар көп

болған. Сондай-ақ лағнет атқыр соғыста қаза тапқан ата-бабаларымызды, ағайын-туыстарымызды, жерлестерімізді еске алу, соғыстан аман қайтқан және күннен-күнге қатары сиреп бара жатқан ардагерлерді, майдан тылында қажырлылық танытып, тер төккен тәбәрік қарттарды қадірлеп, олардан хабар алып тұру сені мен біз үшін қастерлі парыз, әрі қарыз болып саналады. Осы орайда Елбасымыздың төмендегі сөздерін келтіріп, осы ұғымды өмірлік қағидатқа айналдырып алуды ұсынамыз:



«Менің кәміл сенімім сол, сауап істі әркім де жасауы керек, сауап істі күн сайын жасау керек»¹.



Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Тарих сабақтарынан кеңес заманында жүзеге асырылған қуғын-сүргіндер туралы қандай білімдерге ие болдың?
2. Бұрынғы кеңес заманында халықтың тарихи жадын ұмыттыру және рухани құндылықтарын қадірсіздендіру бойынша қандай сұрқиялықтар жасалған?
3. Өткендерді еске алу – олар туралы естеліктер айтумен, жақсы қасиеттерін тілге алумен шектеле ме? Тірілерден тағы нелер талап етіледі деп санайсың?
4. Ауылында, махалланда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқандар бар ма? Олардан қандай әңгімелер естідің?
5. Адамның ұрпақтар жадында мәңгі қалуы нелерге байланысты екені туралы пікіріңмен бөліс.
6. Төмендегі суреттерде халқымыздың қандай ізгі қасиеттері бейнеленгенін айт.



А)



Ә)



Б)

¹ **Ислам Каримов.** Yoshlar — xalqimizning ishonchi va tayanchi. —Т.: «Ma'naviyat», 2006 жыл, 67-бет.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Т а п с ы р м а: *«Жалпыхалықтық мейрамдар» тақырыбына реферат дайында. Оны жазу барысында төмендегі мәселелерді қамтуға айрықша көңіл бөл:*

— халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың өмірінде мейрамдардың пайда болу себептері;

— мейрамдардың әрбір халықтың менталитетімен, елдің табиғатымен, әлеуметтік өмірімен, оның тағдырындағы маңызды оқиғалармен байланыстылығы;

— оқулықта «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабынан келтірілген пікірлер мен тұжырымдар;

— тәуелсіздік жылдарында халқымыздың әдет-ғұрыптарын, мейрамдарын қайта тіктеу және оларды мазмұн мен пішін тұрғысынан байыта түсу бойынша жүзеге асырылған жұмыстар;

— тәуелсіздік жылдарында негізі қаланған жалпыхалықтық мейрамдардың мәні мен мазмұны;

— Өзбекстан Республикасында атап өтілетін төмендегі жалпыхалықтық мейрамдардың әрқайсысы туралы қысқаша түсінік:

1 қаңтар — Жаңа жыл;

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні;

21 наурыз — Наурыз мейрамы;

9 мамыр — Еске алу және қастерлеу күні;

1 қыркүйек — Тәуелсіздік күні;

1 қазан — Оқытушылар мен тәлімгерлер күні;

8 желтоқсан — Конституция күні;

Рамазан айты (Йид ал-Фитр) діни мейрамының бірінші күні;

Құрбан айты (Йид ал-Адха) діни мейрамының бірінші күні;

— жалпыхалықтық мейрамдардың елімізде жасайтын түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің өзара ынтымақтастығын нығайтудағы маңызы;

— бұл мейрамдардың халқымыздың рухани өмірінде иелейтін орны.

Рефератты дайындау барысында пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2013 жыл, 29—35-беттер.

2. Султонмурод Олим. Байрамларимиз. —Т.: «Ma'naviyat» баспасы, 2008 жыл.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТУ САБАҒЫ

Қымбатты оқушы, міне, үстіміздегі оқу жылы барысында «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәні бойынша өткізілген сабақтарымыз да аяқталып барады. Осы уақыт ішінде сенің жасыңа жас, біліміңе жаңа білімдер қосылды, түсінік-ұғымдарың кеңейді. Анығырақ айтқанда, еліміз бен халқымызды тәуелсіздікке жетелеген, өлкемізді азат та абат өңірге айналдыруда, еркін де молшылықты өмір орнатуда маңызды фактор болған ұлттық идеямыздың мағына-мазмұнына бұрынғыдан да тереңірек бойладың.

Ұлттық идея мен руханияттың ежелгі тамырлары бар екендігін, бұл ұғымдар осы елде өмір сүріп жатқан барлық адамдардың ізгі ниеттерін, өмірлік мүдделерін өз бойына жинақтағанын жақынырақ сезіндің.



Ұлттық идеяның негізін құрайтын ел тыныштығы, Отанның гүлденуі, халықтың әл-ауқаты, кемел адам, әлеуметтік ынтымақтастық, ұлтаралық бірлік, дінара-лық бауырмалдық, ұлттық өздікті, адам жанын ұғыну секілді түсініктер елімізде бейбітшілік пен алаңсыз өмірді тұрақтандыру, өзара ынтымақтастықты нығайту, республиканы экономикалық, саяси, мәдени және рухани тұрғыдан кемелдендіру ісінде аса маңызды орын иелейтінін түсініп, ұғынып барасың.

Сабақтар барысында жоғары руханият қоғам мен ұлт дамуының берік іргетасы болып қызмет ететініне қатысты білімдерің мен ұғымдарың да едәуір байыды. Атап айтатын болсақ, заңға сөзсіз мойынсұну, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарау біз орнатып жатқан еркін демократиялық қоғамның мызғымас бөлігі екеніне көз жеткіздің.



Аталмыш құндылықтар өміріміз бен дүниетанымымыздың мызғымас бөлігіне айналуында Президент Ислам Каримовтың белсенді қызметі қаншалықты маңызды болғанын сен «O‘zbekiston mustaqillikkka erishish ostonasida» кітабынан біліп алдың.

Адам руханиятының маңызды белгісі болып саналатын Отанға сүйіспеншілік, елге адалдық, достық, опалы болу ұғымдары, ана табиғатты аялау мәдениеті, уақытты бағалай білу секілді рухани факторлар өмірімізді дұрыс ұйымдастыру мен мазмұнды өткізуде қаншалықты маңызды екенін терең ұғындың.

Өзің куә болғандай, Елбасымыздың бастамасы, ұзақты көздеп жүргізген кең ауқымды жұмыстары арқасында халықтың кеңестік жүйе кезінде тапталған тарихи жадын тіктеу, ұмытыла бастаған бағалы құндылықтарды өмірге қайтару, ұлттық және діни мерекелерді емін-еркін атап өтуге қатысты тарихи маңызы үлкен жұмыстар орындалды.

Президент өзінің «Yuksak ma’naviyat — yengilmas kuch» кітабында төмендегі маңызды мәселеге бәріміздің назарымызды аударады:



«Рухани кемелдікке қол жеткізу — бір жылдық немесе бес-он жылдық іс емес. Халық, ұлт өзінің ұлттық руханиятын жылдар, ғасырлар бойы кемелдендіріп, байытып отырады. Өйткені руханият қатып қалған догмалар жиындысы емес, керісінше, ұдайы қозғалыс үстіндегі үздіксіз үдеріс ретінде прогреспен қатар адымдайды, оның тегеурінді қимылы арқасында рухани өмірдің алдына қойылатын талаптар да тоқтаусыз пайда бола береді»¹.

Сондықтан да, қымбатты оқушы, сені мен біз ұлттық идея жөніндегі ұғымдарымызды мына жеделдеген заманға сай түрде байытып, кеңейтіп отыруға, ал рухани әлемімізді көріктендіріп, оны түрлі қатерлерден сенімді қорғауға, сол жолда тұрақты ізденуге тиіспіз. Осы ізгі ниеттер жолында саған күш-қуат, ұмтылыс және қайрат-жігер әрқашан серік болсын!

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Ma’naviyat» баспасы, 2013 жыл, 171-бет.

МАЗМУНЫ

I тарау. Ұлттық идея — ізгі арман-ұмтылыстар бейнесі

Жасампаз халық	3
Біздің ұлттық идеямыз	8
Ел тыныштығы	13
Отанның гүлденуі	18
Халықтың әл-ауқаты	23
Абаттық көңілден басталады (<i>Практикалық сабақ</i>)	27
<i>Бақылау жұмысы</i>	29

II тарау. Ұлттық идея мен рухани өмірдің үндестігі

Кемел адам	30
Әлеуметтік ынтымақтастық	36
Ұлтаралық ұйымшылдық	41
Дінаралық бауырмалдық	45

III тарау. Руханияттың маңызды шарттары

Қауым сезімі	50
Адамды ұғыну	55
Заңның үстемдігі	59
Ғаламторды пайдалану мәдениеті (<i>Практикалық сабақ</i>)	67
<i>Бақылау жұмысы</i>	68

IV тарау. Руханият — қоғам мен ұлт дамуының басты факторы

Руханият — адам және қоғам мәдениетінің негізі	69
Достық — жоғары рухани ұғым	78
Экологиялық мәдениет	87
Бізге таныс және бейтаныс табиғат (<i>Практикалық сабақ</i>)	98
Уақытты қадірлеу — руханият өлшемі	100
Наурыз — ең ежелгі, нағыз ұлттық мейрам	108
Жад — ұлы құндылық	116
<i>Бақылау жұмысы</i>	123
Қорытынды және қорыту сабағы	124

RAHMON QO'CHQOROV, SANOBAR NISHONOVA,
OYNISA MUSURMONOVA, MURTAZO QARSHIBOYEV

MILLIY ISTIQLOL G'OYASI VA MA'NAVIYAT ASOSLARI

**Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
8-sinflari uchun darslik**

(Qozoq tilida)

To'ldirilgan va qayta ishlangan 5-nashri

Toshkent «Ma'naviyat» 2015

Аударған *А. Ташметов*
Редакторы *А. Рахманов*
Техн. редакторы *С. Шухрат*
Корректоры *Ф. Эсанбекова*
Компьютерде беттеген *Ш. Сохибов*

Лицензия АІ № 189, 2011 жылы 10 мамырда берілген. Басуға 02.07.2015 жылы рұқсат етілді. Пішімі 60х90 $\frac{1}{16}$. Қарібі «Таймс». Офсеттік әдіспен басылды. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 8,0. Есептік баспа табағы 7,64. Таралымы 4783 дана. Тапсырыс № 15-316

«Маънавият» баспасы. Ташкент, Тараққиёт 2-тўйық көшесі, 2-ўй.
Келісім №48-15

Ўзбекстан Баспасөз жөне ақпарат агенттігінің «Ўзбекистон»
баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30-ўй, 2015.

**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте**

Р/с	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылған-дағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық пайдалануға жарамайды.